Key words: polylingualism, intellectual development, interlingual and intercultural tolerance, language policy.

М.О. Негізбаева

Қазіргі жағдайдағы көптілді білім беру

Мақалада келер ұрпақты өзге мәдениетпен диалогқа қабілетті етіп тәрбиелеудің механизмдері, тиімді жағдайларды іздеу үдерістері қарастырылады. Автор өзара байланысты және өзара тәуелді әлемдік жағдайда жас ұрпақты тәрбиелеудің ұтымды құралы – көптілділік деп тұжырымдайды. Қазіргі Қазақстандағы тілдік жағдайды сараптай отырып, Қазақстан үшін мемлекеттік деңгейде де, тұрмыстық деңгейде де мәдениетаралық және тілаларлық толеранттық аса маңызды деген тұжырымға келеді.

Түйін сөздер: көптілділік, зияткерлік даму, мәдениетаралық және тілаларлық толеранттық, тілдік саясат.

Introduction

В «Словах Назидания» великого Абая (слово двадцать пятое) билингвизм имеет решающее значение для интеллектуального развития казахского общества. В эпоху глобализации усиливаются процесс поиска эффективных условий, механизмов воспитания подрастающего поколения, способного к диалогу с другими культурами. Действенным инструментом подготовки молодого поколения в условиях взаимосвязанного и взаимозависимого мира является полиязычие.

В Казахстане языковая политика проактивна, знание двух и более языков оправдана со-

циолингвистической реальностью. Национальный состав Казахстана по данным статистики показывает: казахи – более 63%, русские – более 23%, узбеки – около 3%, украинцы – около 3%, уйгуры – около 1,5%, татары – более 1%, немцы – более 1% и др. – около 5% [1]. Президентом страны выдвинута программа триединства языков, что станет интеллектуальной составляющей модернизации многонациональной страны.

Main body

Пристальное внимание к развитию полиязыкового образовательного пространства обусловлено повышением роли коммуникационной

среды в современном обществе и значимостью личностного фактора в жизни социума.

Анализируя языковую ситуацию в современном Казахстане, можно сказать, что применительно к Казахстану особую важность приобретает межкультурная и межъязыковая толерантность как на уровне государственном, так и на уровне бытовом. Русский язык как средство межнационального общения на бытовом уровне обслуживает все слои лингвокультурного сообщества - независимо от возраста, пола, социальной, этнической принадлежности людей. Последствия советской языковой политики, характеризующейся дискриминацией национальных языков, определенным образом сказываются на современной языковой ситуации. В Казахстане государственная языковая политика направлена на поддержку как казахского, так и русского языков. Отсутствует государственное подавление одного языка другим. Все это способствует сохранению стабильности в обществе и формированию толерантного межкультурного диалога [2].

Для формирования конкурентоспособного специалиста, коммуникабельной позитивной личности, способной к активной и эффективной жизнедеятельности в многонациональной и поликультурной среде, обладающей развитым пониманием и чувством уважения других культур, умением жить в мире и согласии необходимо полиязычное образование [3].

Поэтому сегодня для учебно-методических отделов вузов стоит серьезная задача – спроектировать и обеспечить научно-методическое сопровождение полиязычного образования. Полиязычное образование – это целенаправленный, организуемый триединый процесс обучения, воспитания и развития индивида как полиязыковой личности на основе одновременного овладения несколькими языками как «фрагментом» различных культур человечества. Содержание полиязычного образования должно включать систематизированные знания, умения и навыки в области родного и государственного языков, а также в области одного или нескольких иностранных языков в соответствии с межкультурной парадигмой современного языкового образования.

Эффективной организации полиязычного образования в контексте межкультурного обще-

ния способствуют следующие формы и виды деятельности: сочетание индивидуальной, парной и групповой работы; работа с разными источниками информации (в том числе, электронные образовательные ресурсы, цифровые образовательные ресурсы); эвристическая беседа; учебный диалог; кейс-методы; коммуникационные проекты; игровые и ролевые формы деятельности (занятие-праздник, занятие-путешествие, занятие-интервью, занятие-эссе, интегрированное занятие и др.); виртуальные экскурсии; кружковая работа в рамках языковых учебных дисциплин; школьный клуб интернациональной дружбы; использование аудио- и видеоматериалов; использование наглядности (предметная, изобразительная, звуковая, наглядность действием); использование песенного материала в сочетании со специальными упражнениями – короткими фразами, включающими звук; использование в качестве физкультминутки элементов игр детей разных стран с речевым сопровождением на соответствующем языке; самостоятельная работа учащихся в совершенствовании своих знаний по языкам [3].

Знание казахского и русского языков не является сверхзадачей, так как обучать родному языку и неродному языку в условиях языкового окружения намного легче и быстрее. Это естественное многоязычие, то есть овладение языками, функционирующими внутри государства в условиях естественного языкового окружения. Иностранными языками мы овладеваем в процессе формирования искусственного многоязычия (вне языковой среды). И хотя этот процесс достаточно трудный, длительный, энергоемкий и психологически сложный, высококвалифицированные преподаватели способны обучать языкам международного общения на достаточно высоком коммуникативном уровне.

Изучение иностранных языков является показателем современного образования. Сегодня наблюдается взрыв интереса к иностранным языкам. Не случайно XXI столетие объявлено эпохой многоязычных личностей. Современное общество становится поликультурным, так как усиливаются миграционные процессы внутри страны и за ее пределами. Общение с помощью новых информационных технологий также способствует тому, что многоэтничность и многоязычие стали неотъемлемыми характеристиками

любого современного общества, в том числе и казахстанского. В этой ситуации знание любого языка становится инструментом взаимопонимания и играет ведущую роль в общении с зарубежными партнерами. Знание иностранных языков во все времена и в каждом веке считалось проявлением всемогущества, признаком культуры, образованности и основанием истинного просвещения. Сегодня нельзя недооценивать также и тот факт, что изучение иностранных языков позволяет человеку лучше ориентироваться в окружающем его мире, приобщает к мировой культуре, обеспечивает выход на мировой рынок, повышает шансы на рынке труда.

Results

Таким образом, полиязычие сегодня – это не только культурная, но и экономическая потребность. Нам всем необходимо понять и осознать изменение места и роли иностранных языков в нашем поликультурном обществе и значительно расширить диапазон и номенклатуру изучаемых иностранных языков в соответствии с международными стандартами. Мы должны готовить сегодня международно-ориентированную личность»

На факультете журналистики с сентября 2011 года действует студенческий научно-практический PR-клуб, в составе которого 35 студентов. Одним из перспективных направлений дальнейшей работы Клуба является полиязычное образование и общение. Задачами в данном направлении являются:

- внедрение элементов полиязычного образования в работу Клуба;
- создание условий для формирования конкурентоспособного специалиста и полиязыковой личности;
- изучение зарубежного опыта полиязычного образования;
- составление программ курсов по выбору полиязычной направленности;
- расширение возможностей интерактивной телекоммуникаций (ICQ, Skype, mail-агент);
- создание Web-среды
- проведение досуга в условиях трехязычия;
- использование возможностей дистанционных образовательных технологий /3/.

В дальнейшем планируется создание Центра полиязычного образования на факультете журналистики, который будет способствовать реше-

нию задач на основе параллельного овладения тремя и более языками.

Запланированная поэтапная работа Клуба:

1 этап – основополагающий (изучение проблем отечественной и зарубежной билингвизма, накопление и сбор эмпирического материала по проблемам полиязычного образования, обобщение инновационной работы ППС в области изучения языковых дисциплин; систематизация знаний и повышение квалификации по вопросам поликультурного и полиязычного образования);

2 этап – формирующий (исследование принципов построения программ полиязычного образования в соответствии, изучение теории и практики языкового образования в целом и иноязычного образования, в частности, актуализацию и обоснование необходимости формирования системы полиязычного образования, разработка его теоретико-методологических основ; на данном этапе выявлены и реализуются генеральные идеи полиязычного образования в контексте межкультурного общения);

3 этап – обобщающий (обобщение и систематизацию результатов работы, внедрение в учебный процесс научно-прикладных результатов, тиражирование разработанной автором материалов по полиязычному образованию).

Основополагающими идеями в реализации полиязычного образования в контексте межкультурного общения являются:

- мотивация и стимулирование использования различных языков в соответствии с потребностями и интересами студентов;
- формирование умений межкультурного общения;
- стратегия постоянного познания через язык особенности конкретных культур и особенности их взаимодействия;
- выход за пределы собственной культуры и приобрести качества медиатора культур, не утрачивая собственной культурной идентичности;
- способность создавать единое с инокультурным собеседником значение происходящего на основе знаний о различиях культур и умений как обсуждать эти различия, выступая посредником между культурами, так и изменять собственное отношение к ним;
- опора на культуроведческие и лингвострановедческие знания учащихся;

– обеспечение содержания изучения языков в соответствии с социокультурной ситуацией конкретной страны [3].

Полиязычное образование является на сегодняшний день мощным фактором и действенным механизмом повышения конкурентоспособно-

сти родного языка за счет того, что он активизируется в сфере получения культурной и другой, значимой информации. В условиях многонационального Казахстана предложенное триединство языков является существенным фактором укрепления общественного согласия.

Литература:

- 1 <http://ru.wikipedia.org>
- 2 Туксайтова Р.О. Речевая толерантность в билингвистическом тексте (на материале русскоязычной казахской художественной прозы и публицистики) // автореф. Дис. На соиск. Уч. Ст. Д.фил.н. Екатеринбург 2007. С. 5-8
- 3 <http://nsportal.ru>

References:

- 1 <http://ru.wikipedia.org>
- 2 Tuksaitova R.O. Speech tolerance in the bilingual text (based on the Russian-Kazakh fiction and journalism) // Author. Dis. On competition. Uch. Art. Ahmadov Ekaterinburg 2007. P.5-8
- 3 <http://nsportal.ru>

ӘОЖ 070

Р.С. Жақсылықбаева
 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
 Қазақстан, Алматы қ.
 E-mail: jak-rimma@mail.ru

Ата Заңның құқықтық тұғыры және баспасөз

Мақалада қазақтың дала демократиясы бола білген билердің құқықтық көқарастары, Қазақстандағы алғашқы Конституция жобасының авторы мен бүгінгі Ата Заңымыздың маңызды тұстарының баспасөзде көріну сипаты сарапқа салынады. Автор журналистикадағы құқықтық белгілерді осы заңдар негізінде баяндауға тырысады.
Түйін сөздер: құқық, Ата Заң, әдеп, хадис, демократия, журналистика, оқырман.

R.S. Zhaksylykbaeva
The legal framework of the Constitution and printing

The article focuses on the legal opinions biys a democracy steppe, the first draft of the Constitution is analyzed, as well as media coverage of the important parts of the Constitution. The author tries to cover the legal bases in journalism.
Keywords: law, Constitution, ethics, hadith, democracy, journalism, reader.

Р.С. Жақсылықбаева
Правовые основы Конституции и печать

В статье исследуются правовые основы и механизмы регулирования журналистской деятельности. Автор изучает правовые взгляды биев, являвшихся демократами степи, анализирует проект первой Конституции Казахстана, детально исследует проблемы освещения контента Конституции в печати.
Ключевые слова: право, Конституция, этика, хадис, демократия, журналистика, читатель.

Introduction

Әдеп – адамдар арасындағы күрделі өзара қарым-қатынастарды жарасымдылық, сыйымдылық, қолайлылық, жағымдылық, ұнамдылық, бір сөзбен айтқанда, адамгершілік, имандылық тұрғыдан реттеудің шартты қағидалары болып табылады. Адам баласының қоғамда бағалануы, ардақталуы адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Ол айналасындағыларға қайырымды, адал болып, бүкіл қарым-қатынастарын адамдық тұрғысынан реттейтін болса, қоғамдағы сыйлы бағасын да, орнын да иемденеді. «Әлбетте, Аллаһ Тағала сіздердің дене-бітімдеріңізге, яки келбет-пішімдеріңізге назар салмайды, бірақ сіздердің жүректеріңізге, атқарған істеріңізге қарайды», - деген хадистің астарына үңіліп көріңізші. Сондықтан да, мұсылман құқығында қатып қалған догма жоқ. Қандай да бір істі болмасын шариғат жолымен шешуге болады. Мұсылман құқығының тұтастығы мен икемділігі және күштілігі де осыдан айқын көрінеді.

Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с) үм-

беттеріне қалдырған хадистері ислам дінін танытуға қоса, жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, ар-иман, обал-сауап, тағы басқа әдеп нормалары жайындағы ұлы өнеге болып табылады. Бірнеше мысалдар келтірсек, Пайғамбарымыз (с.а.у) хадистерінде: «Нағыз таза жүрек адам ол – мінез-құлығы жақсы болған мүмін», - деген [1]. Әбу Дәрда (р.а.): «Пайғамбарымыз (с.а.у): Қиямет күні мүмнің таразысында көркем мінезден де ауыр басатын еш нәрсе болмайды. Расында, Аллаһ тағала бейпіл ауыз дөрекіні жек көреді», - деп айтты», - деген [1, 272 б.]. Сондай-ақ, «Кешірімді бол, жақсылыққа шақыр әрі надандардан теріс айнал (яғни, олардың қылығына және айтқан сөздеріне мән берме)», - дейді [1, 274 б.].

Әдеп – адамдар арасындағы күрделі өзара қарым-қатынастарды жарасымдылық, сыйымдылық, қолайлылық, жағымдылық, ұнамдылық, бір сөзбен айтқанда, адамгершілік, имандылық тұрғыдан реттеудің шартты қағидалары болып табылады. Адам баласының қоғамда бағалануы,

ардақталуы адамгершілік қасиеттеріне байланысты. Ол айналасындағыларға қайырымды, адал болып, бүкіл қарым-қатынастарын адамдық тұрғысынан реттейтін болса, қоғамдағы сыйлы бағасын да, орнын да иемденеді. «Әлбетте, Аллах Тағала сіздердің дене-бітімдеріңізге, яки келбет-пішімдеріңізге назар салмайды, бірақ сіздердің жүректеріңізге, атқарған істеріңізге қарайды», - деген хадистің астарына үніліп көріңізші. Сондықтан да, мұсылман құқығында қатып қалған догма жоқ. Қандай да бір істі болмасын шарият жолымен шешуге болады. Мұсылман құқығының тұтастығы мен икемділігі және күштілігі де осыдан айқын көрінеді.

Main body

Кезінде қазақтың дала демократиясының өзіндік нормативті-құқықтық негіздері болды. Ол әдетке, ғұрыпқа, ережеге негізделді. Билер сотында қаралатын жер дауы, жесір дауы, ер дауы, мүлік дауы осындай заңдарға негізделіп шешілді. Тіпті билер ең жиі қолданатын жаза айып салудың өзі күрделі құқықтық институт болды. Осы тұста академик Салық Зиманов: «Ортағасырлық қазақ қоғамының бүкіл құқықтық әлемінде негізгі билік «Дала заңының» билігі болды. Ал оның қорының сақтаушысы, реформаторы және жүзеге асырушы күші – билер болды. Би, ең алдымен, сот (судья). Бидің өзі де, билігі де түп-тамырымен халықтың тарихына байланысты болды. Сол себепті ол беделді, дәстүрлі билік қатарында болды. Би халықтың сана-сезімінде ақиқаттың ақ туын көтеруші ретінде сипатталады», - деп жазады [2].

Би көшпелі қоғамда қашанда билік басынан ажырамаған тұлға, хан кеңесшісі қызметін атқарды. Бұл – «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деп аталатын замандарда өмір сүрген Майқы биден бері үзілмей келе жатқан көшпелі қоғамның көп өзгеріске ұшырамаған құқықтық дәстүрлі институты. Мөңке би өз болжамдарын жүйелеп, хатқа түсіре алған жоқ. Дегенмен, көшпелі тірліктің тіні бұзылмаған қоғамда өмір сүрген ол заман аңысын аңдап, оның кескін-кейпін дәл болжай білген. Мөңкенің ел арасында кеңінен тараған мына бір толғауы да бүгінгі заман келбетін дәл беріп тұрғандай:

«Құрамалы – қорғанды үйің болады,
Айнымалы, төкпелі биің болады.
Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,

Ай сайын басқан жиын болады.
Домалақ-домалақ түймедей дәрің болады,
Жастарға билігі жүрмес кәрің болады.
Алашұбар тілің болады,
Дүдәмалдау дінің болады,
Әйелің базаршы болады,
Еркегің қазаншы болады.
Сарылып көлік тосасың,
Құны жоқ қағазды судай шашасың...» [3].

Қалалық жердегі құрамалы – қорғанды үйлер, айнымалы, төкпелі соттар, халыққа пайдасы жоқ жиындар, алашұбар тіл, дүдәмалдау дін, базаршы болған әйелдер, қазаншы болған еркектер, көлік тосқан жұрт, құны жоқ құнды қағаздар екі ғасыр бұрын Мөңке болжаған бүгінгі күннің шынайы шындығы екені даусыз. Демек, біз Мөңке би көкірегі ояу, болашақтың беталысын, бағытын болжай білген сұңғыла адам болғандығын аңғарамыз.

Басты этикалық міндеттер журналистиканың да құқықтық алаңынан айқын көрініс табады. Айталық, Ресей, Австралия, Австрия, Ұлыбритания, Германия, Испания, Канада, Нидерланды, Норвегия, АҚШ, Франция, Швеция, т.б. елдердің қабылдаған бұқаралық ақпарат құралдарының нормаларын қарастырсақ.

1. Елдің Конституциясы. Ұлыбританиядан басқа қалған елдерде сөз бостандығы бар.

2. БАҚ туралы жалпыұлттық заң Ресейден басқа Австрия мен Швецияда қабылданған. Францияда БАҚ туралы тек түрлі кодекстерде айтылып өткен. Ал, жеті елде (Австралия, Канада, Нидерланды, Норвегия, Испания, Ұлыбритания, АҚШ) баспасөз жөнінде бөлек заңы жоқ.

3. Тіркеу міндеті барлық елдерден бірауыздан қабылданған болатын. Кейбір ерекшеліктер: Францияда декларация прокурор канцеляриясында тіркеледі, ал, Австралия мен Австрияда редакция әр нөмірінде баспақызметкерлерінің аты-жөнін, мекен-жайын көрсетіп отыруға міндетті.

4. Жеке меншік құқығы. Франция мен Германияда өте қатал заңдар қабылданған. Ал, Австралия, Канада, Норвегия, Ұлыбритания, АҚШ-та БАҚ-ның әр түрімен бір уақытта иелік етуге біршама шектеулер бар. Сол Францияда шетелдіктерге БАҚ-ның 20% пайыздан астам акцияларын иемденуге тыйым салынған. Керісінше, бұл мәселе бойынша Ресейде ешқандай тыйымдар мен шектеулер жоқтың қасы.

5. Жауап күту құқығы. Австралия, Канада, Ұлыбританияда – жоққа шығару немесе түзетуге рұқсат жоқ, ал, АҚШ-тың Жоғарғы Соты жауап қайтару құқығын талап ететін заңдарды конституциялық емес деп тапты. Ал, Ресейде жауап күту құқығы «БАҚ туралы Заңында» арнайы баппен көрсетілген.

6. Жала жабудың жазасы Франция, Германия мен Швецияда жала жабу туралы істер азаматтық және қылмыстық заңбұзушылық негізінде қарастырылады. Мұнда айыппұл мемлекеттің пайдасына шешіледі, ал, азаматтық тұрғыда жапа шеккен адамның пайдасына шешілетін көрінеді. Австрия мен Ұлыбританияда – мәліметтердің жалғандығын жазалаушы дәлелдеуі керек болса, Норвегияда – жазаланушы, Швецияда жауапқа тек редактор тартылады екен.

7. Парламент отырыстарына қатысу құқығы Австрия, Германия, Швецияда жүзеге асады. Ресейде Мемлекеттік Дума жанынан көптеген журналистер жыл сайын аккредитация алып отырады.

8. Саяси жарнаманы шектеу. Сайлау алдындағы науқан барысындағы жарнамаларды есептемегенде, саяси жарнамалар Германия мен Испанияда шектелген. Франция мен Ұлыбританияда керісінше, сайлау алдындағы жарнамалар шектеледі. Ал, «Жарнама жөніндегі» ресейлік заңның саяси жарнамаға қатысы жоқ.

Жалпы, барлық елдерде құқық жүйесінің шығар тұғыры Конституция болып табылатыны белгілі. Ол – ой мен сөз бостандығының кепілі, цензураға тиым салушы, идеологиялық плюрализм, ақпараттың еркін таратылып жүруіне жол беруші.

Қазақстандағы алғашқы Конституция жобасының авторы Барлыбек Сыртанов екендігін профессор Сәкен Өзбеков жан-жақты зерттеп, қалың жұртшылыққа мәлімет етті. Уставтың толық мәтінін ол 1992 жылы «Түрік бірлігі» газетіне (№1), 1994 жылы «Әділет министрлігінің хабаршысы» журналына (№2) жариялауға өз ықпалын тигізді.

Белгілі заңгер Сәкен Өзбековтың жинастырған мәліметтеріне қарағанда, қазақ елінің тұңғыш Конституциясы 1911 жылдың 3 маусымынан басталады. «Барлыбек Сыртанов өте құпия түрде Әлихан Бөкейхановпен бірге ақылдаса отырып, Ресей астанасындағы

бай кітапхананың қорын пайдалану барысында Конституция жобасын жазып бітірген деп тұжырым жасауға әбден негіз бар», - деген пікір айтады ғалым.

Барлыбек Сыртанов 1910-1913 жылдар аралығында құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің ішкі колониясынан шығарып, оны тәуелсіз республика статусы бар мемлекет қылып құру жөнінде Устав жазды. Оның қаламынан туған «Қазақ елінің Уставы» небәрі 28 баптан тұрады және соған қарамастан, мазмұны осы күні де білгір заңгер ғалымдарды қайран қалдырады. Уставтың ең негізгі идеясы – Қазақстанды Ресей отарынан шығару және дербес тәуелсіз мемлекет құру. Бұл идеяны ол төңкеріс жасау немесе құрылу күрес арқылы емес, керісінше, парламенттік жолмен, съезд шақыру, халық сайлаған депутаттардың шешім қабылдауы арқылы іс жүзіне асыруды басты мақсат етіп қояды. «Уставтың» кіріспе сөзінде ол осы мақсаттағы ойларын былайша қорытады: «Жаңа заманда атыссыз, соғыссыз, қан төкпей, бейбіт жолмен өз жерімізде тәуелсіз ел болу мақсатында... жеке Қазақ елі республикасын құрамыз» [4].

«Уставтың» бірнеше баптарында Б. Сыртанов адам құқығының мемлекетте тиімді қорғалуының ең маңызды мәселелерінің сапына жатқызады. Оның ойынша, барлық демократиялық санаттағы қоғамда жеке адам дініне, нәсіліне, әлеуметтік жағдайына, шыққан тегіне, атқаратын қызметі мен лауазымына қарамастан заң алдында тең болуы тиіс. Бұл талап – өркениеттіліктің, еркіндік пен бостандықтың іргетасы. Уставта ол: «Қазақ елінде адам баласының бәрі тең құқылы. Дініне, қанына, тегіне, нәсіліне қарап адамды қорлауға жол жоқ. Адам тек закон мен құдай алдында жауап береді», - деп атап көрсетеді. Оның мұндай көрегендік саяси көқарасы бүгінгі күннің талабына сай келетінін дүниежүзілік саяси-әлеуметтік тәжірибе өзінен-өзі дәлелдеп отыр.

Демократиялық мемлекеттердегі жеке адамның еркін пікір айту, плюрализм идеясын қазақ заңгері жан-тәнімен қолдайды. Бір сөзбен айтқанда, қазіргі құқықтық мемлекеттерде негізгі міндет ретінде іс жүзіне асырылып жатқан «тыйым салмағанның бәріне рұқсат етіледі деген» қағиданы іс жүзіне асыруды сол заманның өзінде-ақ жақтаған. «Уставтың» 13-бабында мы-

нандай пікір бар: «Қазақ елінде адам баласының еркін сөйлеуге, ұйым құруына һәм партияларға кіруіне ешбір тыйым жоқ». Оның пікірінше, мемлекетте тек қана: «нәсілдердің бір-біріне қарсы итеретін ұйымдардың, партиялардың, адам баласының істеріне тыйым салынады»

Б. Сыртанов – «Қазақ елінің уставының» ғана емес, сонымен қатар, «Ынтымақ ережесінің» де авторы болғандығын зерттеушілер Талдықорған қаласындағы Илияс Жансүгіров мұражайының қолжазбалар қорындағы «Бұқабай балаларының «Ынтымақ ережесі» (Барлыбек Сыртанұлы 50 үй арасында мынадай ұйым ашады) деп аталатын құжат арқылы анықтап беріп отыр. Бар болғаны 15 баптан тұратын «Ынтымақ ережесі» тек құқықтық мәселелермен ғана шектелмейді, кешегінің де, бүгінгінің де әдеби-эстетикалық мәселелерін де меңзеп, көксейді. «Ынтымақ ережесінің» 10, 14-баптарында былай делінеді: «10. Ұрлық, өтірік, боқтау, ойнас тіпті болмасын. Болса, абақтыдан басқа көпке ат-шапан болсын; 14. Карта, басқа құмар ойнамасқа» (Айқын. -2008. -25 желтоқсан. Н. Аманжол. Барлыбек Сыртанов һәм алғашқы Ата Заң). Өркениетті елдерді былай қойғанда, дамыған, дамушы елдердің көпшілігінде қағаз жүзіндегі мұндай моральдық ереже жоқ. Құжаттың қай уақытта, қандай жағдайда жазылғанын ескеріп, оның сол кездегі һәм бүгінгі көнермеген ерекшеліктерін негізге алсақ, «Қазақ елінің Уставын» –тұңғыш Ата Заңымыз деп мақтануымызға тұрарлық дүние.

Қазақ қоғамының ХХ ғасырдағы тарихында бес Конституция 1926, 1937, 1978, 1993 және 1995 жылдары дүниеге келгені баршамызға аян. Тарихшылар 1926 жылғы Қырғыз Социалистік Кеңестік Республикасының Конституциясын Кеңестік замандағы қазақтың алғашқы Ата Заңы деп есептеп жүр. Мәселен, зерттеуші Ғ. Маймақов: «1926 жылы 18 ақпанда ҚАКСР ОАК-ті ҚАКСР-інің Конституциясының жобасын қабылдады... Конституция жобасы 7 бөлім, 18 тарау, 103 баптан тұрды. Жобаның бірінші бөлімі ретінде 1920 жылғы Бүкілқазақтың Құрылтай съезінде қабылданған «ҚАКСР-інің еңбекшілері құқығының декларациясы» енді», - деп жазады [5]. Бұл жердегі тілге тиек болып отырған Қырғыз Кеңестік Конституциясы еді. Алайда Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік мұрағатындағы қорында

орыс тіліндегі 1924 жылғы Қырғыз Социалистік Кеңестік Республикасының Конституциясының (негізгі заңының) жобасы, түзетілген данасы, 1926 жылғы қабылданған Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Конституция (негізгі заңы) дұрысында: 1926 жылғы еліміздің Ата заңының аталуы Қазақ автономиялық республикасының Конституциясы екен [6].

Қазақ елінің конституционализм тұғырының келесі белесі жерімізде өз автономиялық республикамыздың құрылғаннан кейінгі (1920 жылғы 26 тамыздағы декрет) кезеңдеріндегі Қырғыз Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясын жасауға байланысты дайындық жұмыстардың жандануы. Осы кезде қазіргі Қазақстан және оның тұрғылықты халқы қазақтар 1925 жылғы 19 сәуірге дейін Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы және қырғыздар деп аталынды. Қазақ халқының тарихи дұрыс атын қалпына келтіру үшін 1925 жылғы 19 сәуірдегі ҚАКСР Кеңестердің V съезінде ендігі жерде «қырғыз» атауы «қазақ» атауымен алмастырылсын,- деген қаулы қабылданды. Іле шала, 1925 жылғы 25 маусымда Бүкілресейлік ОАК-нің қаулысымен Қырғыз Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасы Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік республикасы болып аталынды. Осыдан кейін 1926 жылдың 18 ақпанында Қазақ ОАК-нің V шақырылымында Қазақ КСР-і Конституциясының ақтық редакциясы тыңдалып, қабылдансын,-деген қаулы шықты. Қаулыға Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының Конституциясы (Негізгі заңы) тіркелген.

Екінші Конституциямыз негізгі заң ретінде 1937 жылы жеңімпаз социализм конституциясы түрінде, үшіншісі 1978 жылы жетілген социализм конституциясы ретінде өмірге қайта жаңарып келді. Яғни, қай-қайсысы да өз кезеңінің айнасы іспетті мәнде өмірге келіпті. Жоғарғы Кеңес жоғары өкілді орган ретінде 1937 жылғы ҚСР Конституциясымен белгіленді. Қазақ КСР-ның 1978 жылғы Конституциясы да Жоғарғы Кеңесті мемлекеттік биліктің жоғары органы ретінде таныды. Ол КСРО Конституциясы мен Қазақ КСР Конституциясында көрсетілген республика құзырындағы барлық мәселелерді шешуге құқылы болды.

Results

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясын Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы 28 қаңтарда қабылдады. Бұл егемен мемлекеттің Ата Заңын әзірлеп, қабылдаудың алғашқы тәжірибесі еді. Қазіргі еліміз Парламентінің тарихи дамуы 1995 жылдың 30 тамызындағы республикалық референдумда қабылданған Конституциядан бастау алады.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін жариялаған сәттен бері бұқаралық ақпарат құралдары қоғамдық пікір қалыптастырудың қуатты қаруына айналып келеді. Ел егемендігі мен тәуелсіздігі жолындағы саяси күресте, әсіресе қазақ басылымдарының тарихи рөлі ерекше. Осы мәселеге көңіл бөлген елбасы Н. Назарбаев: «...біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мүдделерін қорғай білуі, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол

табуы керек. Оның үстіне бізде өзіміздің ішкі және сыртқы саяси қадамдарымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті», - деп атап айтқаны белгілі. Жетпіс жылдан астам уақыт бойына дара идеологияның құрсауында болған халыққа жаңа тұрпатты мемлекет құрудың өзектілігі мен қажеттілігі турасында насихат айту, иландыру жұмысын жүргізу, айтуға ғана жеңіл болғанымен, іс жүзінде оңай шаруа емес еді. Міне, осынау тарихи жүкті атқару республиканың бұқаралық ақпарат құралдарына тапсырылды. Оны жүзеге асыру үшін оқырмандар аудиториясын еліктіру үшін саяси әдіс-тәсілдерді ұтқырлықпен қолдану қажеттігі сөзсіз еді. Қоғамдық ой-сана үрдісінде әділ айтылып жүргендей, бұқаралық ақпарат құралдары шын мәнінде «төртінші билік» тұтқасына айнала бастағаны жасырын емес. Себебі, бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары адамдардың санасына, қоғамның саяси жүйесіне ықпал етудің аса күшті құралы екені мәлім.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Имам Нәуәуи, Хадистер жинағы (риядус-салихин). – 2012. – 271 б.
- 2 Зиманов С. Қазақтың ата заңдары. – А., -2001. -17 б.
- 3 Құл-Мұхаммед М. Мөңке би. Аңыз бен ақиқат // Егемен Қазақстан. – 2003. – 22 қараша.
- 4 Өзбекұлы С. Алғашқы Конституция жобасының авторы – Барлыбек Сыртанов // Алматы ақшамы. – 2007. – 12-14 маусым.
- 5 Маймақов Ғ. Қазақстан Республикасының саяси-құқықтық тарихы. -А., 2000.
- 6 Оразова А. Кеңестік дәуірдегі ата заң // Ақиқат. – 2005. – №6. – 12 б.

References

- 1 Imam Nauai, Hadister sinagi (riadus-salihin). -2012. -271 b.
- 2 Simanow S. Kasaktin ata sandari . – A., 2001. – 17 b.
- 3 Kul-Muhammed M. Monke bi. Anis ben akikat //Egemen Kasakistan. – 2003. – 22 karasa.
- 4 Osbekuli S. Algaski Konstituzia sobasinin abtori – Barlibek Sirtanow //Almaty aksami. 2007. – 12-14 mausim.
- 5 Maimakow G. Kasakistan Respublikasinin saiasi-kukuktik tarihi. . – A., 2000.
- 6 Orasova A. Kenestik dauirdegi ata san // Akikat. – 2005. – №6. – 12 b.

УДК 7.097. 43

Ш.Б. Кожамкулова
Университет КИМЭП, Казахстан, г. Алматы
E-mail: sholpank@kimep.kz

Аккредитация вузов в Казахстане: проблемы и перспективы

В статье анализируется процесс аккредитации высших учебных заведений на примере правил и процедур Американской Ассоциации по Коммуникациям (Эй-Си-Эй). Автор анализирует основные критерии оценки, которыми руководствуется данная организация. Среди основных критериев оценки можно найти такие разделы, как «Учебная программа», «Управление», «Преподаватели», «Библиотека», «Консультирование студентов», «Исследовательская работа», «Бюджет» и т.д. Всего таких разделов 15. Автор считает, что трудоемкий процесс подачи на аккредитацию, в конечном счете, может открыть много перспектив для дальнейшего успешного развития академических программ, проходящих аккредитацию.

Ключевые слова: аккредитация, Казахстан, академические программы.

Sh.b. Kozhamkulova

Accreditation of universities in Kazakhstan: problems and prospects Introduction

The paper aims to analyze the accreditation process in the example of procedures and rules by the American Communication Association (ACA). The author analyses the key standards for review by the ACA. Those standards cover 15 different areas such as Curriculum, Governance, Faculty, Library, Student Advising, Research, Budget, etc. The paper argues that while accreditation process may seem challenging, the outcome of the work will bring many opportunities to the programs under the review.

Key words: accreditation, Kazakhstan, academic programs.

Ш.Б. Кожамкулова

Қазақстандағы, аккредитациялау: проблемалары мен болашағы

Мақалада Коммуникация жөніндегі Америка Ассоциациясының (Эй-Си-Эй) жоғары оқу орындарын аккредитациялау ережелері мен үлгілері мысалында жоғары оқу орындарын аккредитациялау үдерісі талданады. Автор ұйымдарды аккредитациялаудың негізгі талаптарын көрсетеді. Аккредитациялаудың басты шарттары: «Оқу бағдарламалары», «Басқару», «Оқытушылар», «Кітапхана», «Студенттерге кеңес беру», «Зерттеу жұмыстары», «Бюджет», т.б. Мұндай талаптар саны – 15. Автордың пікірінше, аккредитациялаудан өтудің күрделі үдеріс екеніне қарамастан, ол болашақта аккредитацияланған академиялық бағдарламаларды дамытуға үлкен мүмкіндік деп санайды.

Түйін сөз: аккредитация, Қазақстан, академиялық бағдарлама.

Для многих ВУЗов процесс аккредитации является трудоемким, но стратегически важным проектом, успех которого, главным образом, зависит от участия и искренней ориентированности на положительный результат каждого индивидуального сотрудника данной организации. Как показывает практика, аккредитация – это долгий и упорный труд не только профессорско-преподавательского штата, но и административных работников, студентов, выпускников; причем у каждого участника жизни университета – своя роль. Консультируясь со всеми

преподавателями и учеными университета, руководство должно подготовить краткосрочные и долгосрочные стратегические планы развития университета. Затем высшее руководство должно создать все необходимые условия для того, чтобы профессорско-преподавательский состав смог воплотить эти планы в реальность; младший административный штат должен обеспечить документационную поддержку, а студенты и выпускники в свою очередь должны вовремя и умело воспользоваться всеми академическими возмож-

ностями, которые университет им предоставляет.

Когда все вышеуказанные условия выполнены, и университет готов к процессу прохождения аккредитации, он подает заявку в соответствующее аккредитационное агентство. У каждого аккредитационного агентства или организации свои специфические требования, которые обычно подробно объясняются на веб-сайте данных агентств. [1], [2].

В данной статье мы рассмотрим несколько оценочных стандартов Американской Ассоциации по Коммуникациям (The American Communication Association) - АСА (Эй-Си-Эй), которая специализируется на аккредитации программ в области журналистики, медиа и массовых коммуникаций в США и по всему миру.

Оценочные стандарты распределены по 15 основным разделам:

1. Governance (Управление)
2. Curriculum (Учебная программа)
3. Instruction (Преподавание)
4. Faculty (Профессорско-преподавательский состав)
5. Facilities and Equipment (Условия для работы и оборудование)
6. Library (Библиотека)
7. Faculty Scholarship, Research and Professional Activities (Наука, профессиональная деятельность и научно-исследовательская работа преподавателей)
8. Public service (Общественная работа)
9. Alumni (Выпускники)
10. Faculty Evaluation, Tenure, And Promotion (Оценка работы профессорско-преподавательского состава, предоставление бессрочных контрактов и механизмы продвижения по службе)
11. Mentoring (Наставничество или механизмы передачи опыта на факультете)
12. Due process (Надлежащие правовые процедуры)
13. Student Organizations (Студенческие организации)
14. Budget (Бюджет)
15. Student Advising (Консультирование студентов)

Ниже приведены основные требования Эй-Си-Эй по некоторым стандартам из 15 вышеперечисленных разделов [1].

УПРАВЛЕНИЕ (Governance): Главное ад-

министративное должностное лицо отдела или подразделения (кафедры, факультета и т.п.) должно руководить отделом так, чтобы обеспечить успешное продвижение дела данного отдела или подразделения. При этом контроль профессорско-преподавательского состава над основными академическими процессами и академическими правилами является обязательным условием. Главное административное должностное лицо, т.е. руководитель данного отдела или подразделения должен пользоваться исключительным доверием со стороны профессорско-преподавательского состава, а также должен пользоваться авторитетом на высших уровнях управления в институте. В стратегиях и философии организации должны быть предусмотрены механизмы участия представителей из студенческого контингента в процессе академического управления.

УЧЕБНАЯ ПРОГРАММА (Curriculum): Учебная программа университета должна соответствовать интересам студентов. Модель учебной программы должна четко отражать понимание гуманистических и социальных аспектов в области массовых коммуникаций. Как минимум, студенты должны подготовить курсовую работу в следующих областях: история СМИ, медиа исследования, теория массовых коммуникаций, теория СМИ, законодательство и этика СМИ. Ни один студент не должен выпускаться без предмета по презентационным навыкам, включая и письменные и устные формы презентации.

ПРЕПОДАВАНИЕ (Instruction): Качественное преподавание имеет решающее значение для эффективного обучения, поэтому требует особой поддержки и поощрения. В университете должна работать программа по регулярной оценке и отслеживанию качества преподавания. Нагрузки профессорско-преподавательского состава должны гармонизировать с установленным соотношением между часами, выделенными на исследовательскую и преподавательскую деятельность. Для преподавателей с бессрочными контрактами, предполагаемая учебная нагрузка не должна превышать девяти кредитных часов (или эквивалентное количество кредитных часов, если не совпадает с американской системой расчета часов) в семестр.

ПРОФЕССОРСКО-ПРЕПОДАВАТЕЛЬСКИЙ СОСТАВ (Faculty): профессорско-пре-

подавательский состав должен быть академически квалифицированным для выполнения своих обязанностей в университете.

Все преподаватели, работающие на полной ставке, должны иметь, как минимум, степень магистра в области коммуникаций. Если на факультете на программах бакалавриата преподают магистранты-ассистенты, то они должны работать под наблюдением преподавателей, работающих на полной ставке. Основную ответственность за преподавательскую, исследовательскую и административную деятельность должны нести только те преподаватели, которые работают на полной ставке.

УСЛОВИЯ ДЛЯ РАБОТЫ И ОБОРУДОВАНИЕ (Facilities and Equipment): университет должен создать условия для работы (офисы, классы, лаборатории, студии, библиотека, столовая, туалет и т.д.), а также предоставить необходимое оборудование (компьютеры, принтеры, программное обеспечение, проекторы). Количественные и качественные показатели данного стандарта должны соответствовать такому уровню, какой необходим для успешного выполнения миссии ВУЗа. Преподаватели должны иметь отдельные персональные просторные офисы с доступом в Интернет. Студенты должны иметь доступ в Интернет в компьютерных залах на территории ВУЗа, где им должна быть предоставлена достаточная техническая поддержка. Кроме того, компьютерные кабинеты должны быть максимально открыты и доступны для студентов в удобное для них время.

БИБЛИОТЕКА (Library): Бюджет библиотеки и количество книг должны быть в таком объеме, чтобы соответствовать миссии университета. Они должны отражать как основные интересы академических программ, так и индивидуальные исследовательские темы профессорско-преподавательского состава университета.

Проанализировав выше приведенные стандарты, руководство ВУЗа должно решить, готов ли университет пройти аккредитацию. Если все стандарты соответствуют, и руководство решает подать на аккредитацию, то вот как выглядит дальнейший основной план по получению аккредитации:

1. каждый факультет или кафедра, отвечающая за определенную академическую програм-

му, готовит Отчет по самооценке (a self-study report) с приложениями (appendix);

2. университет и аккредитационное агентство подписывают соглашение о сотрудничестве, в котором оговариваются все детали аккредитационных услуг, включая условия и сроки подачи документов;

3. электронные отчеты отсылаются по электронной почте (а печатные копии, при необходимости, по почте) в аккредитационное агентство;

4. через 2-3 месяца представители аккредитационного агентства приезжают в университет для проверки данных, описанных в Отчете по самооценке.

5. визит представителей аккредитационного агентства длится от 2 до 5 дней пребывания в аккредитуемом ВУЗе; длительность визита зависит от объема академических программ и размера университета.

6. в течение 1,5-2 месяцев аккредитационное агентство высылает свой Предварительный отчет по результатам проверки для сверки фактов и исключения возникновения споров по некорректной интерпретации фактов;

7. каждый факультет или кафедра, отвечающая за определенную академическую программу, готовит Ответный отчет по сверке фактов в Предварительном отчете, подготовленном аккредитационным агентством.

8. в течение еще 1,5-2 месяцев после получения предварительного отчета университет получает финальный отчет и окончательный вердикт со стороны аккредитационного агентства: «аккредитовать» или «не аккредитовать» программу/кафедру/факультет/университет на пять лет.

9. в финальном отчете прописываются необходимые условия для получения полной аккредитации, если присвоена условная аккредитация на год.

10. в финальном отчете также прописываются рекомендации для улучшения работы ВУЗа, в случае если найдены мелкие недостатки в работе ВУЗа.

На первый взгляд процесс аккредитации может показаться несложным процессом, однако следует быть готовым всецело посвятить себя и свою команду данной миссии и работать долго, упорно и постоянно, даже после получения аккредитации [3].

Литература:

- 1 <https://www.aq.ac.at/en/> - официальный вебсайт Австрийского аккредитационного агентства по контролю качества (Agency for Quality Assurance and Accreditation Austria)
- 2 <http://www.americancomm.org/accreditation/criteria.html> - официальный вебсайт Американской Ассоциации по Коммуникациям Эй-Си-Эй (the American Communication Association – ACA)
- 3 Kozhamkulova Sh., (2013) Presentation made at “ACA Accreditation: Experiences and Outcomes” panel during the ACA conference in Lafayette, Louisiana, USA, May 31, 2013

References:

- 1 <https://www.aq.ac.at/en/>-the official website of the Austrian accreditation agency for quality control (Agency for Quality Assurance and Accreditation)
- 2 <http://www.americancomm.org/accreditation/criteria.html>-the official website of the American Association of communications Hey-Hey (the American Communication Association-ACA)
- 3 Kozhamkulova Sh, (2013) Presentation made at «ACA Accreditation: Experiences and Outcomes» panel during the ACA conference in Lafayette, Louisiana, USA, May 31, 2013

ӘОЖ 070

А.Қ. Жұмаділова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: ak-koyan88@mail.ru

Қарулы қақтығысты жариялаудағы БАҚ-тың жауапкершілігі

Ғылыми мақала қазіргі заманның қарулы қақтығыстарындағы ақпараттық технологиялардың қолданылуын зерттеуге арналған. «Ақпараттық соғыс» ұғымының шығу тарихы мен оның даму жолдары талқыланып, нақты мысалдармен дәлелденген. Сонымен қатар қарулы қақтығыстарда ақпараттық технологияларды қолданудың бүгінгі таңдағы өзекті мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ автор қазіргі заманғы қарулы қақтығыстың ерекшеліктерін зерттеп, қарулы қақтығысты жариялаудағы БАҚ өкілдерінің жауапкершілігін жан-жақты зерттеген.

Түйін сөздер: ақпараттық соғыс, БАҚ, қарулы қақтығыстар, сөз бостандығы.

A.K.Zhumadylova

Responsibility for media coverage of armed conflicts

The scientific article is devoted to the study of the use of information technologies in armed clashes. Given the history of the concept of « information warfare», examines ways of its development, as well as evidence, concrete examples. Along with this, the basic problem of the use of information technologies in armed clashes. Also, the author investigated the characteristics of armed conflicts of recent years and tried to comprehensively examine the responsibility of the media for publishing news of an armed clash.

Key words: Information warfare, Media, armed conflicts, freedom of speech.

А.К. Жұмадилова

Ответственность СМИ при освещении вооруженных конфликтов

В научной статье исследуются история возникновения понятия «информационная война», методы и проблемы использования информационных технологий в период вооруженных столкновений. Также автор изучает особенности вооруженных конфликтов последних лет и уровень ответственности СМИ за публикации новостей данной тематики.

Ключевые слова: информационная война, СМИ, вооруженные конфликты, свобода слова.

Журналистиканың міндеті – қоғамды ақпаратпен қамтамасыз ету. Себебі, әрбір қоғам мүшесі елде немесе шетелде не болып жатқанын өздігінен барып біле алмайды. Бүгінгідей барлық дүние технологияға тәуелді болған тұста ғаламтор да ақпараттың қайнар көзіне айналды. Ал ғаламдық ақпараттық кеңістікті қалыптастырудың негізі – компьютерлік технологияда. Компьютерлік желінің дамуында ғаламтордың пайда болуы ерекше құбылыс еді. Ғаламтор желісі – әлемнің бірнеше миллион адамын қамтып, біріктіретін біртұтас ақпарат кеңістігі. Әлемдік желіні пайдаланушылар баспасөз сайттары, радио, теледидар, электронды пошта, жаңалықтар топтамасы арқылы ауқымды ақпаратқа кеңірек қаныға алады.

Ақпараттық ресурстардың, ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың, бұқаралық ақпараттың электрондық құралдарының дамуына орай «Ақпараттық соғыс» (information warfare) ұғымы кең қолданыла бастады. Олай болса, алдымен ақпараттық соғыстың не екенін және оның психологиялық соғыспен байланысын анықтап алған жөн. И.Н.Панарин мен Л.Г.Панаринаның пікірінше, «XXI ғасырда ақпараттық соғыс қазіргі заманғы әлемдік саясаттың басты құралына, саяси және экономикалық үстемдікке қол жеткізудің әдісіне айналады» - деген. Яғни, ақпараттық соғыс – бір тараптың қарсылас тараптың ақпаратына, ақпараттық процестеріне, ақпараттық жүйесіне зақым келтіріп, өзінің ақпаратын, ақпараттық

процестері мен ақпараттық жүйелерін қорғау арқылы ақпараттық басымдыққа ие болу үшін бағытталған әрекеттер.

Ақпараттық соғыстың басты мақсаты - қарсы жақты өз ырқына мәжбүрлеп көндіру арқылы өз мүддесіне сәйкес келетін саяси, экономикалық, әскери, әлеуметтік ұтысқа қол жеткізу. Өз мақсатына жету үшін қарсы жақтар ақпараттық және интеллектуалдық ресурстарына ықпал ете алатын және алдап-арбауға мүмкіндік беретін кез келген құралдарды қолдануға әзір. Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың негізінде ақпараттық қару жасалып, қолданыла бастады. Ақпараттық соғыстың басты белгісі ұлттық және бірлескен мүдделерді «белінен басатын» әскери іс-әрекеттің шексіздігі. Мұндай шиеленіс көбінесе мемлекеттер, қоғамдық, экономикалық және әскери құрылымдар арасында болады. Ашық және жабық түрде жүргізілетін қарусыз майданда «нақты жауды» ажырату өте қиын.

Ақпараттық соғыстың құрамдас бөлігіне мыналар жатады: психологиялық шаралар, электрондық соғыс шаралары, теріс ақпарат тарату мен қарсы үгіт-насихат шаралары, қарсы әрекет ету мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары, тікелей ақпараттық шабуылдар, ақпараттық ресурстар бөліктеріне тікелей залал келтіру. Бұл шаралардың тиімділігі ақпараттық ресурстардың қорғалуына және қауіпсіздігіне байланысты. Ақпараттық соғыс салдары әр түрлі: саяси, экономикалық, қаржылық және әскери салаларда пайда табу; қоғамдық сананы өзгерту, қоғамдық-саяси шаралардың және «сөз бостандығының» беделін түсіру, саяси, экономикалық, әскери шараларды бүркемелеу; жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің ақпараттық қауіпсіздігін бұзу; құпия ақпаратқа қол жеткізу және электронды жүйелерге және желілерге шығар жолды бұзу және т.б.

Саясат сахнасындағы сан алуан құбылыстар әлемдік БАҚ-тарда әр түрлі сипатқа ие. Ақпараттық жанжалдың бастауы да, өршуі де осыдан қалыптасады. Мәселен, ақпараттық соғыстың жарқын мысалы ретінде оннан астам елдің мүддесі тоғысқан, ауқымды оқиға – Израиль мен Палестина арасындағы жанжалды айтуға болады. Екі тарап та өз пайдасы үшін баспасөз, телевидение, радио, ғаламтор сынды сан алуан ақпараттық ресурсты барынша

пайдаланып қалуға тырысады. Ақпараттық қақтығыста хакерлік шабуыл да белсенді қолданылады. Facebook әлеуметтік желісінде жарияланған «Израиль мемлекет емес!» атты 45 мыңнан астам пайдаланушысы бар ғаламтор-қауымдастығының жұмысына «Ғаламтор-қорғанысы Еврейлер күші» израилдік ұйымына хакерлік шабуыл жасалған. Ал 15-тен астам сайтты бұзған «Gilad Team» израилдік хакерлер өздерінің әлеуметтік желі парақшасында «Бұзылды» ұранын жазып, израилдік туын бейнелепті. Ал өз кезегінде палестиналық хакерлер «Құйылған қорғасын» операциясы барысында бірнеше мың израилдік сайтты бұзып кірген. Ynet ақпараттық агенттігінің хабарлауынша, әскери қақтығыстың бірінші күні 750 израилдік сайттар бұзылған.

Ақпараттық соғыстың негізгі әдістерінің ішінде дезинформациялауды, яғни жалған ақпарат таратуды, насихаттауды, кибертерроризмді бөліп көрсетуге болады. Ақпараттық соғыстың компьютерлік қылмыстардан айырмашылығына келетін болсақ, ақпараттық соғыс нарықтағы немесе саяси сахнадағы қарсылас тараптың қастық әрекеттерінің болуын талап етеді. Жоспарларды құпия күйде сақтауда, дұшпанды жаңылыстыруда, оған өзінің еркінді қабилдатуға және әлемдік жұртшылықтың пікірін қалыптастыруда БАҚ-тың үлкен рөл ойнайтынын көрсетті. Сонымен қатар, ақпараттық соғыстың тиімді құралы - БАҚ арқылы мәдени азғындауға жеткізу, ойды жаулау бүгінгі ақпараттық саясаттың өзегі болып отыр. Бұл мәселеге мән берген «әл-Жазира» телеарнасы ақпараттық соғыста ешкімге, тіпті АҚШ-тың өзіне де бой бермеуде. Осы орайда, «әл-Жазираның» Ауғанстандағы операцияны қалай сипаттағанын ескере келе, АҚШ әкімшілігі бірнеше шараны қолға алды. Араб елдерінің аудиториясына ақпараттық-психологиялық ықпал жасау мақсатымен АҚШ әкімшілігі Сауд Арабиясы, Кувейт, Ливан және Біріккен Араб Әмірліктерінің қаржылай көмегімен «әл-Жазираға» қарсы «әл-Арабия» (арабшадан аударғанда «араб» деген мағына береді) жаңа араб спутниктік телеарнасын құрды. «Әл-Арабия» өз жұмысын 2003 жылдың 20 ақпанында бастады. Басында телеарна тәулігіне 12 сағат жұмыс істеді, эфирде хабарлама және талдау бағдарламалары көрсетілді.

2003 жылдың 3 наурызынан бастап «әл-Арабия» тәулік бойы жұмыс істеуге көшті. Алайда, жаңа телеарна «әл-Жазираға» нағыз бәсекелес бола алмады.

Ақпарат–күшті қару. Батыс елдері өз мүдделерін жүзеге асырып, мақсаттарына қол жеткізу үшін жалған ақпарат таратуға дайын. Соңғы жылдары әлемдік елдер арасында қақтығыстар шиеленісуде. Мәселен, Ислам мен Батыс елдері арасында ашық ақпараттық соғыстың жүріп жатқаны ешкімге жасырын емес. Кейбір жарияланымдар атап көрсеткендей, Ливиядағы әскери интервенция соғыстың жаңа түрі жаһандық ақпараттық соғыстың бастамасы болды. Нағыз жаһандық ақпараттық соғыс Оңтүстік Осетия мен Ливиядағы қарулы қақтығыс кезінде орын алды. Қырық жылдан астам ел билеген Муаммар Каддафиге қарсы шыққан ливиялықтар әлем халқын дүр сілкіндірді. Каддафидің өлі денесін далақтатып сүйреген осы қақтығыс нәтижесінде 6 мың адам қаза тапты. Кейбір әлемдік телеарналар Каддафидің қорлықпен өлгенін тікелей эфирден көрсетіп, рейтингін көтерді. Осылайша, Ливиядағы бұл оқиға дүниежүзінде жасырын ақпараттық соғыстың белсенді екенін әшкереледі. Бірсыпыра ақпараттық және әлеуметтік ғаламтор желілері бір-біріне қарама-қайшы мәлімет таратты.

Әлемдік саясаттану қақтығыстың туындауына ықпал ететін ұлтшылдық, ұйымдасқан қылмыс және саяси сабақтастық сынды бірнеше факторларды алға тартады. Яғни, қақтығыстарды экономикалық, саяси, құқықтық, діни, этносаралық және т.б. деп жіктеуге болады.

жүздесіп, проблемаға не себеп екенін білуге тырысады, мамандар пікіріне құлақ түреді. Ал, бұл – репортаждағы сұхбаттың нақты айғағы, дәлелі. Жалпы репортажда сұхбатты қолдану репортерге оқырмандардың субъективті көзқарасынан арылып, оқиғаның шынайы өрбуіне септігін тигізеді. Оқиға куәгерлерін сөзге тарту арқылы тілші болған оқиға жайлы көп мағлұмат алады, оны көргендердің өз аузынан жеткізеді. Осыған орай, репортажға сұхбат жанрының «араласуымен» жанр мынадай мақсаттарға қол жеткізе алады: а) Ақпаратты куәгерлер арқылы жеткізу мүмкіндігі (куәгерлердің оқиға орнында табылғанын баяндап жеткізгеннен гөрі, көруші тұлғаның өзін сөйлеткен репортаж үшін әлдеқайда тиімдірек); ә) Мамандар пікірін келтіру. Оқиғаға қатысты мамандардан пікір алу – репортажда көтерілген проблеманың, жаңалықтың қаншалықты өзекті екенін анықтайды. Оқырман мамандардың пікірлерін оқып, ақпараттың ақиқаттылығына тағы бір мәрте көз жеткізеді. Репортаждың сондай-ақ, ақпараттық жанрлардың ішінде есеппен де ұқсастығын аңғаруға болады. Есептің басқа ақпараттық жанрлардан ерекшелігі – міндетті түрде аудиторияның (жиындар, түрлі басқосудар, конференция немесе спорттық жарыстар), адамдар тобының болуы шарт. «Хабарлама жанрлардың ендігі бірі – есеп (отчет) қоғамдық, әлеуметтік мәселелер сөз болған жиналыс, мәжіліс, кеңестерден, конференциялардан, әр түрлі спорттық жарыстардан, бұқаралық мерекелерден, ресми қабылдаулардан жазылады. Оның міндеті – әлгідей болып өткен жиындардың қалай басталып, қалай жүргізілгенінен, қалай аяқталғанынан оқырманға мағлұмат беру, елес беру, онда қандай мәселе, проблеманың әңгіме болғанынан, олардың мән-маңызынан, қабылданған қарар-шешімінен жұртты хабар ету. Яғни, есеп – оқиға, фактіні, тәжірибені талдаудың, насихаттаудың, пікірді жинақтап, қорытынды ой айтудың, проблемалар қойып, кемшіліктердің бетін ашудың маңызды құралы» [6]. Есеп элементтері репортажда келесідегідей сипатта қолданылады: оқиғаның барлық маңызды детальдарының баяндалуы. Мұнда репортер оқиға сюжеттерін өз атынан баяндап, олардың маңыздыларына ерекше назар аударады. Нақты болған

оқиғаны максималды түрде баяндауды мақсат тұтады.

Репортаждың сараптамалық жанрлармен өзара байланысы. Комментарий. Комментарий элементтері репортажда автор оқиғадағы фактілерге байланысты талдау жасағанда, сараптағанда байқалады. Егер осы критерийлер репортаж бойынан табылса, мұндай репортажды сараптамалық репортажға жатқызуымыз әбден мүмкін. Сондай-ақ, комментарий репортажда тек сараптамалық мағынада ғана емес, оқиға қатысушысының, немесе маман пікірі ретінде көрініс табуы ықтимал. Яғни, мамандар пікірі шағын сұхбат немесе диалог ретінде, әңгімелеп беру, оқиғаға байланысты комментарий жасау тәрізді сипатта болады. Репортаж сонымен қатар, аналитикалық корреспонденция сынды сараптамалық сипатқа ие. Алдымен, корреспонденцияға анықтама беріп көрсек. Орыс теоретиктерінің зерттеулеріне сүйенсек: «Корреспонденция – белгілі бір материалдың негізінде көтерілген проблеманы сараптай отырып, одан шешу жолдарын ұсынатын, көлемі үлкен болып келетін талдамалы жанр. Корреспонденция – проблеманы зерттеп қана қоймайды, оған баға беріп, сараптама жасайды, сараптама негізінде проблеманың тереңіне үңіліп, қорытынды шығарады. Корреспонденция: 1) хабарлама – жаһанда болған жаңалықтармен жалпақ жұртты хабардар етеді. 2) талдама – болған жағдайды терең зерттеп, оның болу себептерін анықтайды (мысалы: конфликт)» [7]. Ал, профессор Т.Қожакеев корреспонденцияға мынадай түсініктеме береді: «Мерзімді баспасөз тәжірибесінде жиі пайдаланылатын негізгі жанрлардың бірі – корреспонденция. Оның қоғамдық-әлеуметтік мән-маңызы өте үлкен, атқарар міндет-мақсаты да зор. Корреспонденция – нақты фактілер жанры. Әр жанрдың өзіндік белгілері болады десек, корреспонденцияның да сара тұрған даралық негіздері бар. Біріншіден, оның мазмұны жалқыдан жалпыға қарай дамиды. Яғни, ол сөзді нақты бір фактіден бастайды. Екіншіден, факт – дерек ақпараттық жанрларды хабарлау, констатациялау үшін, мақалада белгілі бір пікір, қорытындыны иллюстрациялау үшін, соның дәлелі, мысалы ету үшін ғана қолданылса, корреспонденцияда талдап, сырын ашу үшін, соның негізінде ой атып, әлеуметтік қорытындылар жасау үшін пайдаланылады.

Үшіншіден, корреспонденция өмірде, географияда бар, адресі объектіден жазылады. Яғни, нақты бір өндіріс орнындағы, мекеме, ұйымдар қызметіндегі істің жай-күйін көрсетуге арналады. Төртіншіден корреспонденция көбіне баяндау стилімен жазылады» [6]. Көргеніміздей репортаж бен корреспонденцияға ортақ элементтер баршылық. Олар: а) қос жанрда өмірде болған, шынайы дәлел, факт негізінде жазылады; б) автордың оқиғаға байланысты мәтіндері екі жанрда да: тезис – аргументация – демонстрация – қорытынды сынды тізбекпен жазылады. Қос жанрдың элементтері де «Жас қазақ» газетінде жарық көрген Ж. Байсемізованың «Қыр асқан қара домалақтар» (2009, №29, 24-шілде) атты репортажынан көреміз [8]. Журналист аталған материалда корреспонденцияға тән ерекшелікпен Америкаға сапарын сараптады, репортажға қойылар талапқа сай көрген-түйгенін өз аузынан баяндайды. Бұл жариялынымда факт пен оқиға кейіпкелері де баршылық. Автор әсерлі тілмен оқырман назарына Америкадағы қазақ балаларының тұрмыс-тіршілігі жайлы мол мағлұмат береді.

Автордың «мені» - репортаждың басты ерекшеліктерінің бірі.

Мерзімді баспасөз беттеріндегі түрлі жанрларда қалам тербеген көсемсөз шеберлері, материалды жазғанда үшінші жақтан жазып, өзінің қатыстылығын аңғартпауға тырысады. Ал, репортажда керісінше, мұнда автордың оқиғаның тікелей қатысушысы болғаны репортаждың өнбойынан сезіліп тұруы керек. «Репортаждағы автор «менінің» маңызы зор: жанрды өзге публицистикалық жанрлардың ерекшелейді, сюжетке жан бітіріп, мәтінді эмоционалды тұрғыда көркемдейді, репортаждағы репортердің ролін күшейтеді. Осы авторлық «мен» арқылы маңдайында «репортаж» деген айдар тағылмаған материалдың өзінен оқырман автордың оқиға көрермені екенін оқу барысында аңғарып, оның репортаж жанрында жазылғанына көз жеткізеді. Тілші болған жайды үшінші жақтан баяндай салса, мәтіннің мағынасы ашылғанымен, тілі солғын келіп, оқырманды бірден өзіне елітіп, тартып әкете алмайды. Демек, репортаждағы автордың «мені» оқиғаны баяндаудың әдемі тәсілі, репортердің ақпаратты хабарлаудағы амал-айласы. Оқырман автордың оқиғаға өзі қатысқанын біліп,

бірден жаңалыққа елең етеді, қызыға оқиды. Себебі, репортажда факт, дәлелдің барлығы автор аузынан хабарланады» [9]. Демек, бұл тұжырымнан мынадай қорытынды шығарамыз: репортажда – автордың «мені» міндетті түрде болуы тиіс, автор оқырманға өзінің болған жаңалықтың куәсі болғанын сездірткен сайын, оқырман ақпараттың шынайылығына, ақиқат екеніне көз жеткізеді, газеттің келесі сандарында репортажды «іздеп тұрып» оқитын дәрежеге жетеді. Бұл бір. Ал, екіншіден, автордың «мені» репортаж бойынан айқын білінгендіктен, автор өз эмоциясын да жасырмай, керісінше батылша табиғи, шынайы қалыпта жеткізуіне мол мүмкіндік тудырады. Ал, үшіншіден, автордың «мені» репортажда жиі көрініс тапса да, бұл репортаж тілінің қарабайырлануына себеп болмауы керек. Егер репортер оқиғаға өзінің қатыстылығын дәлелсіз, фактісіз, тек «жалпақ» тілмен баяндап берсе, мұндай репортаж тек репортердің «әңгімесі» деңгейінде ғана қалады. Сондықтан, аталған қателікке жол бермес үшін, автор репортаж мәтінде

әр сөйлем сайын «мен» есімдігін қолдана бермей, өзінің оқиғаға қатыстылығын, оқиға барысынан-ақ, оның сюжеттерінен-ақ білдіруі шарт. Яғни, автор мәтінде «менді» пайдаланбаса да, оқиғаның басы-қасында болғанын оқиғаны суреттеу шеберлігімен білдіртуі тиіс. Қорыта айтқанда, репортаж жазу арқылы журналист өзінің бар шеберлігін таныта алады. Сондықтан болар, бүгін де репортаж журналистердің ең сүйікті жанрларының бірі. Мысалы: «Ана тілі» журналисті М.Бекмағанбетов «Букмекер қалтаны қақты» (2008, №9, 2-ақпан) атты репортажда авторлық «мен» айқын көрініс тапқан [10]. Сөзіміздің дәлелі ретінде репортаждан мынадай мысалды келтірейік: ««Мың рет естігеннен бір рет көрген артық», - деп жолдасыммен бірге кешкісін сонда тарттым. Ымырт үйіріле Мұқанов пен Шевченко көшелерінің қиылысында орналасқан «Арғымақ» кафесіне келдік». Бұл сөйлемдерден автордың оқиға орнында болғаны, оны өз аузынан баяндағаны белгілі. Демек, репортажда авторлық «мен» бар.

Әдебиеттер

- 1 Амандосов Т.С. Қазақ совет баспасөзінің жанрлары. – Алматы: Мектеп, 1968. – 242 б.
- 2 Қамзин К. Жанрлардың бастау-бұлақтары. Қазақ журналистикасы. 3 томдық. 1-т.: Қазақ баспасөзі – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 352 б.
- 3 Бекмағанбетов М. Жедел жәрдем кірпік қаққан жоқ // Ана тілі. 2008. – №23. – 5 маусым.
- 4 Рэндалл Д. Универсальный журналист. – СПб., 1996. – 344 б.
- 5 Жапақ Ә. Жаз. «Сыбырлақ» касса іске кірісті // Ана тілі. – 2008. – №24. – 12 маусым.
- 6 Қожакеев Т. Жас тілшілер серігі. – Алматы, 1991 – 223 б.
- 7 Ворошилов В.В. Журналистика. Учебник. 4-издание. – СПб. Михайлова В.А., 2002. – 656 с.
- 8 Байсемізова Ж. Қыр асқан қара домалақтар // Жас қазақ. – 2009. – №29. – 24 шілде.
- 9 Вахуров В.Н., Кохтев В.Н. Солганик Г.А. Стилистика газетных жанров. – М., Высшая школа, 1978. – 183 с.
- 10 Бекмағанбетов М. Букмекер қалтаны қақты // Ана тілі. – 2008. – №9. – 28-ақпан.

References

- 1 Amandosov T.S. Qazaq sovet baspasozinin janrlary. – Almaty, Mektep, 1968. – 242 b.
- 2 Qamzin K. Janrlardyn bastau-bulaqtary. Qazaq jurnalistikasy. 3 tomdyq. 1-t.:Qazaq baspasozі. – Almaty: «Taimas» baspa uyi, 2008. – 352 b.
- 3 Bekmaganbetov M. Jedel jardem kirpik kakkan jok // Ana tili. – 2008. – №23. – 5 mausym.
- 4 Rendall D. Universalnyi journalist. – SPb., 1996. – 344 b.
- 5 Japак A. Jaz. «Sybyrлақ» kassa iske kiristi // Ana tili. – 2008. – №24. – 12 mausym.
- 6 Kojakeev T. Jas tilshiler serigi. Almaty, 1991 – 223 b.
- 7 Voroshilov V.V. Jurnalistika. Uchebnik. 4-izdanіe.– SPb. Mikhailova V.A. , 2002. – 656 s.
- 8 Baisemizova J. Qyr asqan qara domalaqtar // Jas qazaq. – 2009. – №29. – 24 shilde.
- 9 Vakhurov V.N., Kokhtev V.N., Solganik G.A. Stilistika gazetnykh janrov. – M., Vysshaya shkola, 1978. – 183 s.
- 10 Bekmaganbetov M. Bukmekер qaltany qaqty. // Ana tili. – 2008. – №9. – 28 aqpan.

УДК 070

Ibaa Ahmed El- Tigani OMER Awad

Assistant Professor, Sudan

E-mail: ibaa2011@hotmail.com

Role of Interactivity in the Communication among the Youth Applied study on Sudanese Online news Site 2012

This study was carried out on the interactive internet sites role in the communication among the youth during 2012. The applied study was on Sudanese Online site. This research used historical method and questionnaire for data collection. The questionnaire was distributed among Sudanese Online visitors as a sample of 140 persons.

Key words: communication, Sudanese Online site, interactive internet sites.

Ибаа Ахмед Эль-Тигани ОМЕР Авад

Роль интерактивной коммуникации среди молодежи, на примере исследования новостных Online материалов 2012 года Судана

Это исследование было проведено на примере Интернет-сайтов Судана, где показана роль интерактивной коммуникации среди молодежи в 2012 году. Исследование было проведено на основе материалов Интернет сайтов Судана. Во время исследования было опрошено 140 человек.

Ключевые слова: коммуникация, Online сайты Судана, интерактивность Интернет-сайтов.

Иба Ахмед Эль-Тигани ОМЕР Авад

Жастар арасындағы коммуникациядағы интерактивтіліктің рөлі. 2012 жылғы Судан Online жаңалықтары бойынша жүргізілген зерттеулер материалдары негізінде

Бұл зерттеу 2012 жылғы Судандағы Интернет-сайттардың интерактивтілігі мен олардың жастар арасындағы коммуникациядағы рөлін зерттеуге арналған. Зерттеу Судан Интернет-сайттарының материалдары негізінде тарихи және сауалнама әдістері арқылы жүргізілген. Зерттеуге 140 адам қытысты.

Түйін сөздер: коммуникация, Суданның онлайн сайттары, интерактивті интернет-сайттар.

Introduction

Last decade of the 20th century witnessed an active movement of communication because of the internet which provides information without boundaries of time or location. The information revolution played a great role in the human society particularly young people who are prone to be affected by new phenomena in the world.

The youth witness the development in the field of communication and its new technology, thus, they are more aware with it than the others and more affected with it. They also can affect in means of modern communication because they can interact with communication media.

This study aims at being aware of the interactivity through new media reflection on the youth besides raising their awareness of socio-economic issues by applying on the changes which Sudan is witnessing.

Necessity of the Study

The importance of the study comes from the necessity of the interactive communication by the internet because the internet is considered as efficient tool of conveying and exchange of information. This type of communication can promote the values of accuracy and quickness in news receiving beside the feedback for the communication message content. The communication message can be clearer for the audience by the interactive communication.

This study is on the interactive communication through the internet and its effect on the youth - Applied study on Sudanese Online Web Site during 2010-2012. Sudanese Online plays a prominent role in the field of communication connectivity in Sudan. Sudanese Online also connects among Sudanese at home and the ones who are in Diaspora

beside to be acquainted with what happens in their country.

Problem of The Study

The new communication has become dominant in the market of communication in the world because it is available and it can be produced, developed and updated easily. It also enjoys a sort of freedom and doesn't include pre-censorship. The internet helped in the development of the traditional media and created a new type of communication which contains traditional media.

This type of communication led to various new forms of interaction which allows the audience to participate in the communication process and promotes the feedback which can happen between the sender and receiver, thus, the receiver can play the role of the sender in a circle shape.

The new media also participates in eradicating all sorts of monopoly on the information flow because it includes freedom of information sending of receiving by the message content re-writing, specification of message towards a certain audience and types of layout.

The new media through social media sites also played a great role in the political fields in many Arab countries such as Tunisia, Egypt, Libya and Yemen and still playing the same role in Syria as part of what is known with Arab Spring Revolutions.

The new communication and its political reflection is considered as a clear phenomenon in such country like Sudan which has variety in the political, cultural and ethnicity fields which was not available before. It can activate building of national integration and completing the national state besides finding similarities among different cultures in Sudan [1].

The youth use interactive communication more than others. They represent 65% of the Sudanese population. Most of them are students and working people. This percentage decrease in the less educated people in the society most of them are unmarried because they look for marriage through the internet which contains a number of site concerned with this issue.

The sample of this study was taken from the youth who live in Khartoum, the capital of Sudan -

and the urban areas where the people use the internet more in the rural areas beside the Sudanese people who live abroad to realize communication with their relatives in the country.

Objectives of Study

This study aims at some objectives, which are as follows:

1. Measuring the youth's visits to the interactivity sites.
2. Specifying the degree of the youth concern with these sites and the degree of these site effects on the youth.
3. Testing the degree of the youth interaction with the sites in the field of current issues in Sudan.
4. Shedding light on the Cyber Society Theory role on exchange cultures and civilization.

Questions of the Study

1. What are the interactive communication and its concepts?
2. What is the role played by the internet in the interactive communication?
3. What are causes led to the increase of the youth numbers who use the internet?
4. What are the internet effects on the youth?
5. What is the number of the youth who participate on Sudanese Online Site?

Study Terms

1. The Internet: -It has been defined as a global computer network providing a variety of information and communication facilities, consisting of interconnected networks using standardized communication protocols [2].

The internet also sometimes called simply "the Net", is worldwide system of computer networks - a network of networks in which users at any one computer can, if they have permission, get information from other computer (and sometimes talk directly to users of other computer. It was conceived by the Advanced Research Projects Agency (ARPA) of U.S. government in 1969 and was first known as the ARPA Net [3].

2. Interactive Communication: It is an exchange of ideas where participants whether, machine or art forms are active and can have an effect on one another. It is a dynamic, two-way flow of information.

Many forms of communication previously thought one-way, like books and television, have become interactive, with the rise of computers, the

internet and digital mobile devices. These developing collaborative technologies or new media have rapidly increased the opportunities for interactive communication across media, disciplines, culture, social classes, locations and even time [4].

3.The Youth

The youth is generally the time of life between childhood and adulthood (maturity) [5,6]. Definitions of the specific age range that constitutes youth vary. An individual's actual maturity may not correspond to their chronological age, as immature individuals can exist at all ages. Youth is also defined as «the appearance, freshness, vigor, spirit, etc., characteristic of one who is young».

Youth is also a term used for people of both genders, male and female, of young age. The term «youth» is referred to individuals between the ages of 16-24 [7,8].

Interactive communication concept aims at interaction among people through multi media and their participation in a certain events by commenting on them, thus, receivers can be senders in the communication process [9].

Interactive communication differs from medium into another, but it realizes a great level of exchange of information between the participants and medium to make passive receivers active and effective in the communication process [10].

The internet can play a great role in realizing connectivity because it is spreads all over the world. Electronic sites carry out connectivity with their visitors through group dialogue, blogs-mail and electronic press which provides horizontal and group interaction through chat and dialogue [11].

Interactive communication Among the Youth:

The Youth are important sector in the society. According to the UNESCO definition, they are the individuals whose ages are between 15-24 .They represent 60% of the total population of the world. 85% of them are located in the developing courtiers. [12]. This definition varies from a country to another. In Sudan, they are defined as the people whose ages are between 15-35 years who represent 41. % of Sudanese population. [13]. In Sudan, youth communication through connectivity tools is playing a prominent role in discussing social and political issues such as Darfur problem and

Arab Spring which stated for democratic changes [14]. In a study carried out in Egypt university students on using connectivity tools, the result was the increase of youth using of connectivity tools with the aim of expressing their idea on the democratic changes because of the youth increase of political awareness [15].

Methodology:

In this study, two methods have been used, they are:-

1- Descriptive method which aims at describing what is existing .It is used widely because it is characterized with organized stages upon applying and helped researchers in carrying out their studies accurately

2- Annalistic method which is considered as an organized way for current facts concerning a phenomenon or stance or an individual with the aim in reaching new facts or making sure of the reality of ancient facts ,their effects , their relations with other facts and their interpretation .

Data collection tools:

In this study, the main tool of data collection was the questionnaire which was distributed to the sample of the study. The questionnaire is most popular tool in communication studies in the world. This study also used observation beside references and various information sources.

Sudanese Online site:

Sudanese Online is one of important interactivity site .It was established in Nov. 1999 . Its' visitors are 2 million per a day. The visitors are from Sudan, the United States and Saudi Arabia where a large Sudanese community is. It plays a great role in linking Sudanese who are in Diaspora with what happens in their country [16].

It is also a source of opinion, analysis and communiqués which are released by different Sudanese political power in the country and abroad, however, the most active section in Sudanese Online Site is the public forum which acts as an integrative body through which different issues can be discussed [17].

Case Study:-

1- The sample of the study was selected from Sudanese Online visitors. Their number was 140 individuals who are different in characteristics such as level of education, sex, and occupation.

Discussion:

Table 1:- explains age of the sample's number of iterations:

| Group | Number of Iterations | Percentage |
|---------------------|----------------------|------------|
| 18 less than 25 yrs | 11 | 0 7.9% |
| 25 less than 30 yrs | 21 | 12.3% |
| 30 less than 35 yrs | 32 | 22.9% |
| 35 less than 40 yrs | 30 | 21.4% |
| 40 and more | 46 | 32.1% |
| Total | 140 | 100% |

According to the table, most of the sample are the group who affect and affected on the is the youth group which means that they society.

Table 2:- explains sample's groups according to their level of education:

| Group | Number of Iterations | Percentage |
|-----------------------------------|----------------------|------------|
| Under high secondary school level | 03 | 2.1% |
| High secondary school education | 09 | 06.4% |
| University education | 72 | 51.4% |
| Post- graduate | 54 | 01.4% |
| Unknown | 02 | 32.1% |
| Total | 140 | 100% |

Most of the sample that use the internet are means that the sample individuals are well educated university educated and post graduates which people.

Table 3 explains the sample individuals' purposes of using the internet:

| Group | Number of Iterations | Percentage |
|---------------------------------------|----------------------|------------|
| Looking for information | 89 | 63.3% |
| Surfing -new-forums-blogs | 77 | 55% |
| Conversations-chat-Communication-mail | 39 | 27% |
| Programs' loading | 31 | 22% |
| Others | 19 | 05.7% |
| Total | 140 | 100% |

Most of the sample visits the internet interactive communication sites for looking for information.

Table 4 shows types of programs which are loaded by sample:

| Programs | Number of Iterations | Percentage |
|-----------------------|----------------------|------------|
| Educational programs. | 88 | 62.9% |

| | | |
|---------------|-----|-------|
| Songs & music | 33 | 05% |
| Games | 07 | 05% |
| Films | 08 | 05.7% |
| Others | 22 | 15.7% |
| Total | 140 | 100% |

This table showed that people use the internet for obtaining educational programs in order to help visitors to be aware of the latest developments in all fields of knowledge.

Table 5 clarifies the sample individual's priority of visiting interactive communication sites:

| Interactive internet sites | Number of Iterations | Percentage |
|----------------------------|----------------------|------------|
| Sudanese Online | 47 | 33.7% |
| Facebook | 65 | 46.2% |
| Chat | 02 | 1.4% |
| Discussions | 08 | 5.8% |
| Others | 10 | 7.1% |
| Unspecified | 06 | 5.8% |
| Total | 140 | 100% |

According to the above table, the most preferred interactive site for the visitors is Sudanese Onlines.

Table 6 shows the best service provided by Sudanese Online:

| Service | Number of Iterations | Percentage |
|-----------------------|----------------------|------------|
| News | 66 | 47.1% |
| Interviews | 40 | 28.6% |
| Scientific researches | 18 | 12.9% |
| Entertainment | 09 | 06.4% |
| Others | 05 | 2.9% |
| Total | 140 | 100% |

According to the sample's opinion, the best service which is provided by Sudanese Online the news then the interviews.

Table 7 describes the way of participation of Sudanese Online visitors

| Group | Number of Iterations | Percentage |
|----------------------------------|----------------------|------------|
| General browsing | 79 | 56.6% |
| Chat | 02 | 01.4% |
| Sudanese Online Forum membership | 43 | 30.7%3 |
| Personal blogs | 04 | 2.9% |
| Others | 12 | 07.1% |

| | | |
|---------|-----|-------|
| Unknown | 02 | 01.4% |
| Total | 140 | 100% |

According to the this table , most of Sudanese Online participants visit it for general browsing some of them visit it for join Sudanese Online forum membership.

Table 8 shows types of relations which are built through Sudanese Online:

| Group | Number of Iterations | Percentage |
|----------------------|----------------------|------------|
| Chat | 41 | 29.1% |
| Mutual Understanding | 78 | 55.6% |
| Love | 03 | 02.1% |
| Marriage | 03 | 02.1% |
| Others | 18 | 12.8% |
| Total | 140 | 100% |

Sudanese Online visitors participate in it for introducing themselves to others and chat.

Table 9 explains the changes which are made on Sudanese Online visitors:

| Change | Number of Iterations | Percentage |
|--------------------|----------------------|------------|
| Cultural Changes | 65 | 46.4% |
| Political changes. | 62 | 44.3% |
| Conducts changes. | 13 | 09.3% |
| Economic changes. | 08 | 05.7% |
| Others | 14 | 05.7% |
| Total | 140 | 100% |

Sudanese Online created cultural and political changes on its visitors.

Table 10 shows positive sides of Sudanese Online:

| Group | Number of Iterations | Percentage |
|-------------------------------|----------------------|------------|
| Adding information | 65 | 46.6% |
| Cauterization-Education | 36 | 25.7% |
| Marketing & Shopping | 05 | 09.3% |
| Communication and interaction | 21 | 15% |
| Others | 13 | 09.3% |
| Total | 140 | 100% |

Sudanese Online's participants visit it for adding their information.

Findings of the study:

This study was carried out on Sudanese Online visitor's. Its findings were as follows:-

1. 83.6% of the sample were males, whereas, only 15.7% were females and 0.7% of the sample didn't specify their sex.

2. 32.1% of the sample were in age of more than 40, 22.9% were in age of (30-35) and 21.4% were in age (35-40).

3. 51.4% of the sample was universities graduates and 38.6% were post- graduates.

4. 70.6% were working staff and 603% were students.

5. 50.7% of the sample level of living was in the middle level, 32.2% their level of living was good and 11.4% of them are in very good level of living.

6. 46.5% of the sample spent between (4- 10 \$) in the internet access per a month, 17.8% spent between (10.2- 20 \$) and 17.8% of them use the internet for free.

7. 65.7% of the sample confirmed that the internet helped them in increasing their information.

8. 30.7% of the sample confirmed that the social media site can form the public opinion.

9. 52.2% of them confirmed that facebook and other social media sites played a great role in launching of Arab revolutions.

10. 21.4% confirmed on that Sudanese Online Site is considered as one of Sudanese public opinion formation tools.

11. 63.6% of the sample were most likely used the internet for looking for the information.

12. 38.6% of the sample spent between (3-4) hours in the internet roaming.

13. 46.2% of them preferred facebook because it was social and interactive internet site and helped in creating of connectivity among friends, whereas 33.7% preferred Sudanese Online because it was comprehensive political site which united Sudanese rich with information and had distinguished membership.

14. 47.1% of the sample preferred reading news which is in Sudanese Online, 28.6% preferred visiting the public forum in Sudanese Online and 12.9% visited research and science in this site.

15. 55.6% of them build up friendship and 29.1%

also built friendship through chat in Sudanese Online.

16. 46.4% of them said that Sudanese Online helped them in changing their culture , 44.3% affirmed that it helped them in changing their political attitudes on them and 9.3% announced that it affected their behavior.

17. 46.4% of the sample affirmed that some of the positive effects of Sudanese Online were that it added new information to them, 25.7% said that it made them aware of cultural affairs and 15% affirmed that it offered them an opportunity for communication and connectivity with others.

18. 20% of the sample announced that Sudanese Online's negative effects were that it wasted their money and time, 32.2% of them affirmed that it would lead to internet addiction and 12.1% said that it had negative health effects.

19. 62.9% of the sample said that they agreed on barring internet site if they violated Sudanese ethics, 65% affirmed internet site which violate religious faiths must be barred 32.9% said that they must be barred if violated social or national values and 53.6% affirmed that they must be barred if they raised racism or called for segregation among Sudanese nation.

20. 55% of the sample said that the internet helped in increasing their TV watching hours.

21. 57.9% of the sample affirmed that using the internet made them to increase book reading, whereas, 23.5% said that it didn't change their reading habits.

22. 44.3% said that the internet helped them in improving their connectivity to their relatives and neighbors.

23. 46.3% of the sample said that the internet helped them in increasing their newspapers reading, whereas, 30.7% said that the internet didn't affect their newspapers reading.

24. 46.4% of the sample suggested that offering more freedom in the internet using for more development, whereas, 32.2% thought that development of f the internet services would be realized by continuous providing of more information about culture and 20% thought that it would be fulfilled by the increase and development of Islamic windows in the internet.

Conclusion

This study aimed at being aware of the interactive communication through new media reflection on

the youth besides raising their awareness of socio-economic issues by applying on the changes which Sudan is witnessing.

The study was applied on Sudanese Online Site effect on the youth of Sudan. The most important results are that the interactive communication created changes on the youth of Sudan and they benefit from it in increasing their information and mutual understanding among the Sudanese youth

and the others who are non Sudanese. That mean that Sudanese people can also benefit from the new innovations of communication which spread all-over the world.

Interactive communication has effects on the society and political performance because it can form the public opinion as the same as the traditional media. These effects on people happen gradually.

References:

- 1 Abdul Qadir Bin El-Sheikh, The Arab youth and Radio and Television, Tunisia, ASBU, (published paper), 1995, p.4.
- 2 <http://oxforddictionaries.com/definition/english/Internet?q=internet>
- 3 -<http://searchwindevelopment.techtarget.com/definition/Interne>
- 4 -http://en.wikipedia.org/wiki/Interactive_communication
- 5 Macmillan Dictionary for Students Macmillan, Pan Ltd. (1981), page 1155. Retrieved 2010-7-15.
- 6 «Youth». Merriam-Webster. <http://www.merriam-webster.com/dictionary/youth>. Retrieved November 6, 2012.
- 7 «Youth». dictionary.reference.com. <http://dictionary.reference.com/browse/youth>. Retrieved November 6, 2012.
- 8 Altschuler, D., Strangler, G., Berkley, K., & Burton, L., [1], Supporting youth in transition to adulthood: Lessons learned from child welfare & juvenile justice, 2009
- 9 www.unesco.org
- 10 Hamada .B, Studies on Information, Communication Technology and Public Opinion, Cairo , Book World, 2008, 62.
- 11 Bomaiza. K, Interactivity in Broadcast: It's Types and Tools, Tunisia, Arab States Broadcast Union ASBU, 2007. page 66
- 12 El-Hadi.M, Communication Technology and Information Network, First Edition, Cairo, Academic Library,2001, p6.
- 13 El-Sheikh, A, Arab Youth, Radio and TV, Published Research, Tunisia, ASBU,1995, P4.
- 14 Abdul Baqi, E, Communication and Social Change, Paper presented in the World Conference of Communication Technology and Social Change internet.
- 15 <http://sudaneseonline.com>
- 16 El-Sayed. M, Interactive Communication Via Internet and Its Effect on Youth, Applied Study on Sudanese Online Web Site for obtaining MA of Communication, Sudan University for Science and Technology 9 Unpublished study), 2012.
- 17 El-Sayed. M, Interactive Communication Via Internet and Its Effect on Youth, Applied Study on Sudanese Online Web Site for obtaining MA of Communication, Sudan University for Science and Technology (Unpublished study), 2012.
- 18 www.sudaneseonlines.org.
- 19 www.sudaneseonlines.org.

ӨОЖ 002.2 (091)

Өмірхан Әбдиманұлы, Шоқан Шортанбаев
 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
 e-mail: abdimanuly@ Rambler.ru, shokhan69@mail.ru

«Құланның ажалы» романы және тұлға әлеуеті

Мақалада өзінің дара қолтаңбасымен, шынайы талантымен алпысыншы жылдары әдебиет әлемінде өзгеше өрнек салып, өзіне ғана тән стильмен танылып, аз ғұмырында бір шоғыр дүние қалдырып үлгерген суреткер жазушы Ақан Нұрмановтың «Құланның ажалы» романы туралы сөз болады. Романы арқылы шығармашылық мүмкіндігін жаңа бір қырынан танытып, қаламгерлік қуатының, суреткерлік шеберлігінің әлі де мол екенін дәлелдеп, Уақыт тынысын, дәуір келбетін заманының соққан желіне қарай жығылмай, шынайы бейнелеп, қоғамның әлеуетін, рухани дағдарысты мейлінше ұтымды, мейлінше табиғи зерделеп, адам өмірінің мәнін, болмысын жан-жақты таразылап, күрделі хәм кесек туынды бере алғаны терең талданып, жан-жақты қарастырылған.

Сондай-ақ мақалада Кеңестік қоғам тұсындағы адам өмірінің қайшылықты болмыс-бітімі мен кейіпкер тағдыры сараланып, қоғам және ондағы адам өмірінің мәні, адам – қоғам – адам қарым-қатынасы, оның жаңа заман жағдайындағы сан тарамдалған қалпы жайлы жазушының ішкі жанайқайы, толғанысы бейнеленіп, заман келбеті, дәуір шындығы жайлы айтылады.

Түйін сөздер: роман, көркем әлем, характер, образ, жанр, авторлық ұстаным, адам тағдыры.

Omyrhan Abdymanuly, Shokhan Shortanbaev
Novel «Death Kulan»: the fate and identity

In the article will be described the novel of writer Akan Nurmanov “Death of the Onager”, has been written it during his short life in sixteen’s, with the talent and style so characteristic of him, thereof he left in the literature important distribution.

Through the novel he could show his creative power from the new side, and by it he proved his new more creative forces.

In his novel he described real way of development of the society, spiritual crisis, purpose of life and human.

Moreover, by the article the author denounced about real discrepant life of human, fortune of hero, purpose of life, human-society-human, relationships and image of epoch of Soviet society.

Key words: Roman, the art world, character, image, genre, author’s position, the destiny of man

Омирхан Абдиманұлы, Шохан Шортанбаев
Роман «Смерть Кулана»: судьба и личность

Статья посвящена творчеству известного казахского писателя Акана Нурманова. Талантливый писатель прожил короткую жизнь, но сумел оставить светлый след в казахской литературе, обладал собственным стилем и чувством художника, тонко чувствовал время, человеческие судьбы, трагизм своей эпохи. Искусное перо писателя шестидесятих годов прошлого столетия Акана Нурманова по-особенному рассказывает читателям о жизни на селе, проблемах молодого поколения, открывает неизвестные страницы истории.

Крупнейшим произведением в творчестве А. Нурманова был роман «Құланның ажалы» («Гибель Кулана»), в котором автор предстает во всем величии мощного художественного таланта. А. Нурманову удалось с высокой степенью достоверности изобразить состояние общества, духовный кризис, облик непростого и противоречивого времени, проявить смысл жизни и натуру простого человека, живущего в советскую эпоху.

Ключевые слова: роман, художественный мир, характер, образ, жанр, авторская позиция, судьба человека.

Өзінің дара қолтаңбасымен, шынайы талантымен алпысыншы жылдары әдебиет әлемінде өзгеше өрнек салып, өзіне ғана тән стильмен танылып, аз ғұмырында бір шоғыр дүние қалдырып үлгерген суреткер жазушының бірі ретінде Ақан Нұрманов есімін атауға болады. Үстіміздегі жылы 80 жылдығы атлып өткен қаламгердің қаламынан туған «Аққу шоғыры», «Күн ертеңге ауып барады», «Ор», «Күзде ашылған гүл», «Ымырт», «Құланның ажалы» т.б. туындылар сол кездің өзінде-ақ оқырман ықыласына бөленіп, көпшіліктің көзайымына айналып үлгерді. Торғай даласының шерлі тарихын өзінің көркем шығармаларына арқау еткен Ақан Нұрмановтың соңғы туындыларының бірі «Құланның ажалы» атты шығармасы. Романдағы Құлан да, Сардар да, Әліби де – тарихи тұлғалар. Бірі шығармада өз атымен аталса, бірі Кейкі Көкембайұлының, бірі Амангелді Имановтың көркем бейнесін тірілткен. Құлан арқылы Кейкі батырдың нағыз шынайы бейнесін көрсетуге талпынуы, кешегі қылышынан қан тамған кеңестік идеологияның тұсында-ақ Торғай даласындағы ұлт-азаттық күресінің белсенді сарбаздарының бірі, алашшыл азаматтардың соңғы тұяғы іспетті Кейкі образын өзінің шынайы болмысымен көркем кейіп-теуі – жазушының көзсіз батырлығы, рухани ерлігі десек, қателеспеспіз. Әрине, Кейкі батырдың көркем әдебиеттегі бейнесі Ғ. Мүсіреповтің «Амангелді» пьесасында, М. Жұмағұловтың «Қыран қазасы қияда» романында аздықөпті сомдалғанын, ал кейінірек жазылған С. Тұрғынбекұлының «Кейкі батыр» дастанында Кейкінің ержүрек бейнесі, тарихтағы өзіндік орны барынша шынайы жырланғанын айтуға тиіспіз. Дей тұрғанмен, заман кейпін, дәуір бастан кешкен дүрбелеңді естіп-біліп, теріптүйіп өскен Ақанның өңір тарихының қат-қабат тіршілігін, саналуан оқиғаларын Құлан бейнесі арқылы тұтас кезеңнің, заман шындығының бейнесін дәл, әрі шынайы көрсете білуі, сұрқия заманның бет-пердесін сыпырып, шын кейпін сомдауы, өмір шындығын өнер тілімен келісті суреттеуі, осының бәрі, айналып келгенде, жазушының суреткерлік шеберлігі демеске лаж жоқ. Ақанның тіл шеберлігі, суреткерлік әлемі туралы әркез айтылып та, жазылып та жүр. Кейіпкерлерінің ішкі әлеміне терең бойлау барысында қаламгер адам жаратылысының,

түйсігінің небір қалтарысын қазып көрсету, қоршаған ортадағы толып жатқан іс-әрекетті кейіпкерлерінің ішкі ой арпалысымен, жан толқынысымен қабат өріп, қатар суреттеуге ерекше мән беріп, сол арқылы адамның жан дүниесіне үңіліп, психологиялық «менін» ашып көрсетуге, үлкенді-кішілі болмыс-әрекетінің мән-жайын көркемдік тұрғыда саралап, жан-жақты зерделеуге айрықша көңіл аударып, шынайы шығарма талабына жауап беретін дүниелер тудыруға қаламгерлік күш-қуатын сарқа пайдаланғанын сергек сезімді оқырманның білетіні анық. Қаламгердің шеберлік даралығын, суреткерлік парқын айқындайтын кейіпкер диалогтары мен ішкі монологтары, штрихтар мен детальдер, авторлық баяндаулар мен лирикалық шегіністер, прозаға тән күрделі көркемдік бейнелеу құралдары мен айшықты суреттеулер, адам көңіл-күйімен астасып кетіп жататын табиғат пен қоршаған орта кескіні, қол мерген атанған Құланның атқыштығынан, қаһарманның рухани жан дүниесінен сыр беретін сан алуан әдіс-тәсілдер, - міне осының барлығы да көркемдік қызмет аясында жұмсалып, Ақан туындыларының көркемдік әлемін, қанық бояуын танытып тұр. Кейбіріне көңіл аударсақ: «Сол сәтте әкесінің шиті мылтығы күрс ете түсті. Ешкі тұрған жерді, тал маңайын көктүтін жауып кетті, үріккен киіктер дүркіреп қырға қарай зымырады. Әкесі жаққа қарауға мұршасы келмеген Құлан қатар зулап бара жатқан қос жас текені қос өкпенің тұсынан қабаттай алып тартып жіберді, мылтығын асығыс оқтап, ұзай берген тағы біреуін түсірді» [1, 70], «Жер дүниені қызғылт шұғыласына малып, мыстай балқыған ай жоғарылай түсті. Айдың айнымалы нұрында жайпақ төбешіктер зорайып, жаман ши, тобылғы шоғырының өзі үй орнындай болып көрінеді. Шөп басын самал тербегенде ұлғайып ұзарған селдір көлеңкесі толқып, жер көшіп бара жатқандай әсер береді» [1, 70], «Шығыс жақ жаңа алаулап келеді. Түн көлеңкесі үйелеген төбе баурайлары бірте-бірте жарық тартып, күзгі жауынмен қайта көктеген шөптің түсі ашыла берді. Түнде мол шық түсіпті» [1, 115].

Ақан Нұрманов “Құланның ажалы” романы арқылы шығар-машылық мүмкіндігін жаңа бір қырынан танытып, қаламгерлік қуатының, суреткерлік шеберлігінің әлі де мол екенін тағы да бір дәлелдеді. Уақыт тынысын, дәуір келбетін

заманының соққан желіне қарай жығылмай, шынайы бейнелеп, қоғамның әлеуетін, рухани дағдарысты мейлінше ұтымды, мейлінше табиғи зерделеп, адам өмірінің мәнін, болмысын жан-жақты таразылап, күрделі һәм кесек туынды бере алды. Роман жалқы адамның жұмбағы арқылы қоғамның, адамзаттың шешуі қиын, жауабы бұлдыр, сыры бұлыңғыр құпиясын көркемдік тұрғыдан ашуға жол салған. Кеңестік қоғам тұсындағы адам өмірінің қайшылықты болмыс-бітімін кейіпкер тағдырын кестелеу барысында нақты көз жеткізумен бірге, бүтін бір дәуірдің тынысын Құлан-Кейкі әрекетімен сабақтастыра отыра санамызға сіңдіруге қызмет етіп, психологиялық сезімталдықпен сендіреді оқырманын. Туындыда қоғам, ондағы адам өмірінің мәні, адам – қоғам - адам қарым-қатынасы, оның жаңа заман жағдайындағы сан тарамдалған қалпы жайлы жазушының ішкі жанайқайы, толғанысы бейнеленіп, заманының келбеті кестеленген.

Аласапыран дәуірдің, алашапқын кезеңнің сан түрін бастан өткерген қазақ ұлтын өткен ғасырдың алғашқы ширегін қамтыған дүрбелеңдер де есін шығарғаны анық. Заманның ауып соққан желі елді есеңгіретіп, ерді жолынан адастырғаны, қитұрқы саясаттың құмбыл мінезін бағамдай алмай, ақ-қараны айыра алмай талайлардың пұшайман күй кешкені, ауа жайылғаны да жасырын емес. Бұл дүрбелеңнің сан қатпарлы тарихқа куә болған, Шерлі шежіреге толы Торғай даласын айналып өтпегенін, қатерлі жылдардың қасіретін, қилы заманның кереғар кейпін талантты қаламгер А. Нұрмановтың «Құланның ажалы» романын оқу барысында көз жеткізе түсеміз.

Романның жазылу үдерісіне куә болған, әр тарауын бірге оқып, сиясы кеппеген шығарманың алғашқы оқырманы, тілекшісі болған замандастары Ақан туындысын жоғары бағалайды, автордың қоршаған ортаға қыжылын, қоғамға деген ішкі қарсылығын рухани ерлікке теңейді. Құйқалы, құнарлы Торғай топырағының қасиетін ғана сіңіріп қоймай, қасіретін де көкейіне түйіп өсуінің себебін, өз әкесінің Амангелді сарбаздарының бірі, алашшыл азамат екенін, кейінірек осы іс-әрекеттері үшін кеңес өкіметінен талай теперіш көргенін, мұның

бала Ақанның жүрегіне тоң боп жабысқанын, мәңгі өшпестей ашу-ыза қалдырғанын, сөйтіп, іштегі сырдың сыртқа мұң болып ақтарылып, шығармаларында шер боп төгілуінің кездейсоқ емес, қайта шынайы, заңды құбылыс екенін замандас-қаламдастары ескерусіз қалдырмай, зерттеу еңбектерінде, естелік-эсселерінде нақтылай түскен. Жазушының жастайынан бірге өскен досы, көрнекті қаламгер Қалихан Ысқақов «Оның әр туындысының астарынан қорлық пен қорлаудың ызы теуіп, рухани тепкіден болған жан жарасының домбығып, ашынған көкіректің ащы запыраны мен боздай алмай буынып жылаған шерменденің қанды көз жасы сорғалап тұрды»[2,54 б],- деп ақтарылса, «Ақан ешқашан нақтылы портрет жасауға, әлденені тәптіштеп суреттеуге тырысқан адам емес. Ол суреттемейді, көрсетпейді. Сондықтан да оның кейіпкерлеріне іштен қазылып сөйлеу, әдеби тілмен айтқанда, ішкі монолог көбірек жарасып тұрады»,- дейді Рамазан Тоқтаров сынды сыралғы досы, қазақтың қабырғалы қаламгері. Қаламгердің қамкөңіл сәттеріне, қоршаған ортаға деген қыжылына, әлеумет ісінен саяқтау кешкен өміріне куә болған Әкім Тарази де осы ойды құптағандай, «...Еліне де, жеріне де сыймаған, сияр еді-ау, жаңа үкіметпен сиыса алмаған асау Кейкі батыр Сарыарқадан «саяқ құрлы сая таппай» жүр. Тағы да жалғыздық. ...Қалай болған күнде де, жан-дүниесін жалғыздық мүжіген автор ғана сондай кейіпкердің образын сүйсіне жасамақ», - деп еске алады.

Романдағы Құланның тағдыры – бірдің ғана емес, саясаттың, заманның ауанын аңғармай, жазықсыз жапа шеккен мыңның тағдыры. Құланның мұңы - Елін, ұлтын сүйген ерлерінің сенген үмітінің ақталмай, аяқасты болып, қарақан басының қайда қалғанын білмей, шашылып қалған қазақтың мұңы. Құланның жалғыздығы – көп нәрсені біліп-сезсе де, көргенін айта алмай, естігенін жаза алмай пұшайман хал кешкен, кешегі айбарымен ықтырған, айтқанына көндірген кеңестік идеологияның құрсауынан шыға алмай «ырқына көнген» Ақандардың жалғыздығы. Заман деген зауалдан жауап іздеп, шегіне жете алмай шерменде болған, жан-дүниесі шынайылықты, тазалықты қалайтын қаламгер осы мәселені шама-шарқынша ширатып, заман ырқын өз дегеніне көндіре алмаған Құланша қиналып, Кейкіше күңіреніп, кезең

тынысын қал-қадерінше шебер суреттей білген. «Уақыт деген шіркін қаламға да ерік берген жоқ. Соған қарамастан, совет өкіметі қазақтың тарихынан атын өшіріп тастаған аяулы азаматтарымыздың бейнесін көркем әдебиетте қайта жаңғыртқан қаламгердің бірі Ахан болды. Әттең кеңшілік заманға іліге алмай қалды. Кім біледі, Алла ұзағырақ ғұмыр бергенде Ахан бүгін «Құланның ажалын» қайта жазар ма еді?.. Қалай да...»[2,61б], - деп қамығатын Қалихан құрдасының айтпағы да бүгінгі қалың оқырманға түсінікті-ақ.

Шығарманың шынайы болуы жазушының суреткерлік шеберлігіне һәм тақырыпты терең игеруіне де байланысты болмақ. Осы тұрғыдан алғанда, романның түпкі идеясы да, автордың қаламгерлік шешімі де тұтас туындыға арқау болып тартылып, мінсіз қызмет атқарып тұрғанын аңғармау қиянат.

Еркіндікті аңсаған есіл ердің елдің ертеңін, ұлттың болашағын ойлап, қолына қару алғаны, ақырында қайранда қалған балықтай күй кешіп, сан соққаны, күресінің мәнін жете түсіне алмай, кімнің дос, кімнің жау екенін анық айыра алмай адасқан қаздай күй кешкені, кешегі Қаз қыпшақтың тұяғы, бүгінгі ұрпағы Құланның құладүздегі қашқын қалпы, бейдауа тірлігі кім-кімді де бей-жай қалдырмайды. Шарбақбай,

Майлық, Кутский және т.б. кейіпкерлермен арақатынасы да көңілін жұбатпайды Құланның. Кешегі айтулы мергеннің, әккі батырдың бүгінгі әрекеті, саяқ жүрісі, оқшау халі жазушының да мұнымен қатар өріліп жатқандай күй кешеміз. Кеңестік идеологияның қалыпты рамкасына қарсылық танытып күн кешкен, өзінің оқшау бейнесімен, сөз саптасымен, амал-әрекетімен дараланатын кейіпкерлер аз емес Ақанда. Талай ердің есімін елдің жадынан өшіруге тырысқан, ерлігі ездікке баланған құқайды алаштың талай азаматы кешкен, темірдей тәртіп орнатқан кеңестік режимнен сын сағаттардың өзінде қаймықпай, алаштың арда ұлының атын алмағайып заманда да ұмытпай-ұлықтауы, әдебиеттегі көркем-тарихи бейнесін сомдауы Ақан Нұрмановтың ұрпақ алдындағы арды ойлауынан, ұлт болашағынан үміт үзбеуінен деп танитынымыз анық. Қорыта келе, қаламгердің романның өн бойында Құланның үміт пен күдік, өкініш пен сенім арқалаған арпалыс сезімін, іс-әрекетін қатар алып, ел ертеңі, ұлт тәуелсіздігі жолында жанын пида еткен есіл ердің тағдырына терең үңіліп, ұлттық сөз өнерінде психологиялық астары қатпарлы, философиялық толғауы тұщымды туынды жазып қалдырғанын қайталап айтқымыз келеді.

Әдебиеттер

- 1 Нұрманов А. Құланның ажалы. Роман. – Алматы: Жазушы, 1969. – 221 б.
- 2 Ысқақ Қ. Келмес күндердің елесі // Жұлдыз, 2008. – №6. – 208 б.

References

- 1 Nurmanov A. Death of the Onager. Roman. – Almaty: Zhazushy, 1969. – 221 p.
- 2 Iskak K. Kelmes kunder elesi. // Zhuldiz, 2008. – №6. – 208 p.

УДК (94/5) «17/19»

Г.К. Муқанова, К.М. Иманбаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
Северо-Казахстанский государственный университет имени М. Козыбаева, Казахстан, г.
E-mail: Gulnar_mukanova@mail.ru

Алаш и Сатьяграха: общее и особенное в мировоззрении лидеров национального духа Центральной Азии и Индостана, XX в.

Статья посвящена актуальному вопросу – самоидентификации народов в условиях глобализующегося мира. Известно, что тема национальной идентификации оставалась «за семью печатями» в советский период. Сегодня расширились горизонты науки, есть широкие возможности вести компаративные исследования и проследить общее и специфику процесса сопротивления в Центральной и Южной Азии.

Факт, что казахи, вынужденные покинуть исторический ареал обитания в XX в., вследствие голода и насильственного оседания, сохранили самоназвание. Их транзит из Центральной Азии в Южную, Малую Азию и Европу сопровождался накоплением письменных источников. Судьбоносный исход казахов из Азии в Европу – явление неординарное. Этнос, априори «бесписьменный», оставил след о себе в мировой истории, дипломатической документации.

О лидерах национального духа пишут ученые Великобритании, США, Турции, Китая, России. Названия казахских родов «адай», «берш», «керей» введены в научный оборот зарубежными этнологами и политологами.

Ключевые слова: история, миграция, Центральная Азия, казахи, идентичность, этничность, эндоэтнонимы, коллективизация, Алаш, трансграничная, дипломатия, Китай, Синьцзян, Неру, Ганди, С.Садвокасов.

Mukanova G.K., Imanbaeva K.M.

Aalash and Satyagraha: general and special in the outlook national leaders of the spirit and Central Asia Hindustan, XXth c.

The article is devoted to the topical issue - the identity of the peoples in a globalizing world. It is known that the theme of national identity remained «an enigma» in the Soviet period. Today widened the horizons of science; there is ample opportunity to conduct comparative studies and to track the overall process and the specific resistance in Central and South Asia.

Төртіншіден, Сыр сүлейлері мерзімді басылымның жарыққа шығып елге тарап жатқан тұсында өмір сүрді. Қоғамдық пікір қалыптастыруға, елдің бағыт-бағдарын түзеуге баспасөздің ықпалы зор екенін олар жақсы білді. Сондықтан да өз туындылары арқылы елге газет оқуды насихаттады. Бұл тұрғыдан алғанда олардың көбінесе Алаш басылымдарын жақтағаны анық көрінеді. Егер ел боламыз десек, Ахмет, Міржақыптардың соңынан ерейік деген ұсыныстарын да жасырмай, ашық айтып отырған. Бұл орайда Сыр сүлейлерінің публицистика пәрменділігін арттыруда мерзімді баспасөзге жүгінгені анық.

Жалпы көркем шығарманың бәрінен публицистикалық белгі іздеудің екі қырын жасыра алмаймыз. Біріншіден, кез келген көркем туынды көзбен көрген, көңілге ұялаған немесе ерекше әсерді ықпалымен, жүйрік қиялдың көмегімен дүниеге келеді. Көркем шығарма көп оқылғанда ғана өз мақсатына жетеді дегуге болады. Әдебиет – ардың ісі деген сөздің астарында көп мағына жатыр. Әдебиет ең алдымен адамзатты рухани жағынан байытады, өмір сүруге, көзқарасын қалыптастыруға әсер етеді. Ендеше көркемдіктің бәрі нақтылықпен, деректілікпен жазылуы шарт емес.

Кейде болған оқиғаны сол күйінде баяндаймын деп көптеген ақын-жазушыларымыз өрескел қателіктерге ұрынып жатады. Ал кей жағдайда мүлдем керісінше. Өмірдің шындығын көркем шығарма арқылы қабылдауға тура келеді. Бұл – қаламгердің үлкен жетістігі, шеберлігі. Мұндай пікірлерді де назардан тыс қалдыруға болмайды.

Қорыта келе айтарымыз, біз Сыр сүлейлерінің заман шындығын берудегі, дерек

пен оқиға желісін баяндаудағы шеберлігін сараптай келіп, публицистика тамырын тереңнен тартып, бүгінгі күнмен жалғастығын аңғарамыз. Әсіресе өңірлік журналистиканың өзгешелігі ретінде Сыр сүлейлері шығармаларындағы публицистикалық сарын олардың уақыт көшінен қалмай, өз кезінің жыршысы болғанын айқындай түседі. Бұл – Сыр өңірі публицистикасының тарихы мен дамуына қосылған жаңалық екені даусыз.

Әдебиеттер

- 1 Тебегенов Т. Сыр бойы ақын-жырауларының шығармалары – классикалық шығыс әдебиетінің көрнекті саласы // Қазақ әдебиетіндегі кітаби ақындар дәстүрі. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинағы. – Түркістан: Тұран, 2009. – 381 б.
- 2 Ешниязұлы Кете Жүсіп, Қадірбергенұлы Қаңлы Жүсіп, Таубайұлы Жүсіп. Шығармалары. –Астана: Фолиант, 2009. – 376 б.
- 3 Сұбханбердина Ү. Әдеби мұра. – Алматы: Жазушы, 1970. – 221б.
- 4 Қазақ әдебиетінің тарихы. Т.2. К 2. – Алматы: Ғылым, 1965. – 354б.
- 5 Дүр Оңғар. Өлең, толғау, айтысы және бірқакпайлары мен жұмбақтары. Құраст. Т.Дайрабай. – Алматы: Арыс, 2004. – 103 б.
- 6 Шораяқтың Омары. Сөйле, тілім, жосылып! Өлеңдер, дастандар, айтыстар. – Алматы: Рауан, 1995. – 301б.
- 7 Қамзин К. Қазақ көсемсөзі жанрларының кемелдену үдерісі. – Алматы: Экономика, 2009. – 400 б.
- 8 Ким М.Н. Репортаж: технология жанра. – Санкт-Петербург, 2005. – 224 с.

References

- 1 Tebegenov T. Syr Boyı aqyn - zhyraularynuń shyғarmalary - klassikalық Shygys Adebietinin kornekti Salas // Kazak adebietindegi kitabi aqyndar dastyri . Halyqaralық ғыlymi - teoriyalық zhinaғы conference . Tүrkistan : Tұran 2009 . - 381b .
- 2 Eshniyazұly othe Zhұsip , Qadirbergenұly Qanly Zhұsip , Taubayұly Zhұsip . Shyғarmalary . Astana : Folio, 2009 . – 376 b .
- 3 Sұbhanberdina Ү . Әdebi Mura . Almaty : Zhazushy , 1970 . - 221b .
- 4 Kazak Adebietinin tarikhy . V.2 . K 2 . Almaty : Gylym , 1965 . - 354b .
- 5 Dүr Oңғar . Өleң , tolғau , Aitys zhane birqakpaulary zhұmbaqtary changed . Qұrast . T.Dayrabay . - Almaty: Aris , 2004 . – 103b .
- 6.Shorayaktıń Lobsters . Sөyle , tilim , zhosylyp ! Өleñder , dastandar , aytystar . – Almaty Rauan , 1995 . - 301B .
- 7.Qamzin K. Kazak kosemsezi zhanrlarynuń kemeldenu yderisi . Almaty : Economy, 2009 . – 400b .
- 8.Kim MN Report: technology genre. Saint - Petersburg, 2005. – 224 s .

УДК 655.4

Л.И. Мухамадиева
Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
E-mail: Larissa_2300@mail.ru

Криминальная тема в литературе и журналистике

Статья посвящена жизни и творчеству известного писателя Джеймса Хедли Чейза, признанного автора детективов, который по праву может считаться образцом для журналистов, пишущих на криминальные темы. Автор изучает особенности языка и стиля писателя, а также анализирует этапы работы над текстом.

Ключевые слова: жанр, литературный процесс, публицистика, криминальная хроника, детектив, сюжет, литературный образ.

L.I. Mukhamadiyeva
Criminal subject in literature and journalism

Summary. Article is devoted life and creativity of the known writer James Hadley Chase, the recognized author of detectives who by right can be considered as a sample for the journalists writing on criminal subjects. The author studies features of language and style of the writer, and also analyzes stages of work on the text.

Keywords: genre, literary process, journalism, criminal chronicle, detective, plot, literary image.

Л.И. Мухамадиева
Әдебиет пен журналистикадағы қылмыстық тақырып

Мақала танымал детективтер авторы, қылмыстық тақырыпта жазған және осы тақырыпта жазатын журналистрге үлгі бола алатын, атақты жазушы Джеймс Хедли Чейздің өмірі мен шығармашылығына арналған. Автор жазушының жазу стилі мен тіл ерекшелігін зерттей отырып, оның мәтінмен жұмыс істеу кезеңдерін талқылайды.

Түйін сөздер: жанр, әдеби үрдіс, публицистика, қылмыстық хроника, детектив, сюжет, әдеби бейне.

Introduction

В рамках литературных исследований интересным представляется взаимопроникновение жанров, стилей, особенностей литературного произведения, в том числе материалов массовой коммуникации, издательских решений и редакторских подходов. Одним из авторов, на которых можно равняться журналистам, пишущим на криминальные темы, является английский писатель Д.Х. Чейз, король интриги и знаток человеческих душ. В его произведениях мы находим актуальные сюжеты, оригинальные формы подачи материала, элементы публицистичности. Реальные герои классика жесткого детектива выписаны с особой тщательностью, они из плоти и крови, все это создано мастерством и талантом гения детективной литературы.

Коллеги-писатели не очень жаловали этого автора, считая его не оригинальным литератур-

ным поденщиком. Но читатели по достоинству оценили его немногословность, динамичность и смелый полет фантазии. Несмотря на широкую популярность произведений Чейза, достоверных автобиографических сведений о нём немного, и они порой противоречивы. Большинство биографов считают, что настоящее имя писателя - Рене Брабазон Раймонд, а Джеймс Хедли Чейз – литературный псевдоним, под которым его узнали и полюбили миллионы читателей. Известны также другие менее используемые псевдонимы автора: Джеймс Л. Догерти, Реймонд Маршалл, Эмброс Грант.

У Чейза интересная родословная, англичанин французского происхождения, родился в Лондоне 24 декабря 1906 года, в семье Франсиса Раймонда, отставного офицера, учился в королевской школе в Рочестере и, позднее, в Калькутте. Уже с детства отличался непокорным

нравом и желанием прославиться. Едва достигнув 18-летнего возраста, начинает самостоятельную жизнь, Чейз пытался найти свое дело, пробовал себя в разных профессиях, менял множество мест работы. Отправной точкой, послужившей мостиком к будущей профессии, стала позиция агента-распространителя книг «Детской энциклопедии». В этот период он начинает серьезно знакомиться с литературой, много читать и размышлять о судьбах книг. От чтения чужих книг до собственного сочинительства было рукой подать. Об этих годах писатель вспомнит не раз: «...пришлось постучать не менее чем в сто тысяч дверей, и за каждой из них мог встретить любого из персонажей своих будущих романов, и ожидать любой приём - от любезного приглашения зайти и выпить чашечку кофе до резкого приказа убираться вон... И сколько пришлось мокнуть под дождём и сбить каблучков на мокрых мостовых, что сейчас никто не в силах заставить меня выйти из дому в сырую погоду...». Вскоре Чейз перешел на работу в крупную книжную компанию «Симпкин и Маршал», где прошел путь от рядового продавца до заведующего отделом поставки товара в специальные книжные магазины.

Желание написать что-то самому возникло при чтении многочисленных рассказов и романов, в большинстве своем приключенческих, попадавших в руки юноши в процессе его книготорговой деятельности. Первые литературные опыты Чейза – юмористические рассказы у публики интереса и резонанса не вызвали. Юмориста из Чейза не вышло. Следующей попыткой стала детективная история «Нет орхидей для мисс Блэндиш», написанная 32-летним автором за шесть свободных от работы уик-эндов. Роман был восторженно принят издателем, критикой и читателями, став одной из наиболее продаваемых книг десятилетия. Чейз становится профессиональным писателем-детективщиком, много пишет, часто публикуется, и только служба в армии лётчиком Королевских Воздушных Сил Великобритании во время Второй мировой войны на некоторое время прерывает его творчество.

Писатель очень ревностно относился к своей частной жизни, тщательно оберегая ее от посторонних глаз. Известно, что со своей супругой Силвия Рей он прожил в браке более 50-ти лет, любил путешествовать, некоторое время был

редактором журнала Королевских Военно-Воздушных сил и большую часть жизни провел в Швейцарии. Биографам, исследователям его творчества не очень понятны два обстоятельства, почему Чейз писал именно про американскую действительность, хотя сам там никогда не жил (за исключением двух коротких поездок в Майами и Новый Орлеан), и за что так люто недолюбливал женщин. Сам Чейз заявил в одном из интервью: «Я стремлюсь создать напряжение. И оно возникает, когда человеку что-то угрожает, когда он медленно опускается, когда жизнь его разрушена женщиной. Женщина сжигает его, делает ничтожным и покорным. Идеальная конструкция, создающая напряжение, следующая: мужчина встречает красивую женщину, жаждет ее, овладевает ею, разрушает свою жизнь». Возможно, личная жизнь писателя сложилась не очень счастливо, и вину за это он возложил на представительниц слабого пола. Тем не менее, найти какие-то параллели с его биографией не удалось и самым любознательным журналистам. Автору крутых детективов не было нужды, как бы сказали сегодня «пиарить свое имя». По его мнению: «Если книги писателя распродаются стабильно и хорошо, ему вовсе не надо тратить время на интервью и написание предисловий и незачем беспокоиться о том, что скажут критики» [1].

Main body

Свои романы Чейза писал в стиле «крутых» произведений «черной школы», её известных классиков-американцев, Дэшиэла Хэммета и Рэймонда Чандлера. Это были представители новой волны. На смену салонных, интеллектуальных расследований пришел детектив нового типа с шумом улиц, крепкой выпивкой, атмосферой баров и казино, грохотом выстрелов и кулачными потасовками. Последователи этого стиля вскоре завалили рынок книжной макулатурой, их считали жалкими копиистами. Чейза также не раз упрекали в подражательстве. Некоторые литературные критики (в частности, Богомил Райнов) находят «сюжетное родство» уже в первом романе Чейза с известным «Святилищем» Уильяма Фолкнера, вышедшим несколько раньше «Орхидей» Чейза. Хотя в основе этих двух романов лежит нашумевшее в печати криминальное дело о гангстерской группе во главе с «кровавой мамашей Баркер». В 1943 году

Рэймонд Чандлер обвинил Чейза в плагиате. Обвинение было доказано, и Чейз опубликовал публичное извинение.

В 1956 году Чейз переехал во Францию, а через пять лет, - на постоянное жительство в Швейцарию. Здесь прошла четверть жизни, были написаны многие произведения. 6 февраля 1985 года писателя не стало.

Самый первый роман писателя «Нет орхидей для мисс Блэндиш» выстрелил в яблочко. Динамичная и захватывающая история о том, как подарок отца-миллионера навлек на мисс Блэндиш большие неприятности, увлекла читателей. Чейз в один миг стал известен, а его бестселлер был издан тиражом более семи миллионов экземпляров.

Следующие произведения автора проглатывались публикой мгновенно. В них не было ни цветистых фраз, ни захватывающей истории любви, ни подробных описаний, ни классической интриги, на которой держатся, например, сюжеты королевы детектива Агаты Кристи. В большинстве случаев мы с самого начала знаем, кто виновник преступления, так как повествование излагается от лица того, кто совершил его. Просто и даже буднично писатель рассказывает о разворачивающихся в романе событиях, используя тот минимум деталей, который сразу же вызывает в сознании читателя соответствующие образы и картины. Его детективы нельзя назвать социальными или политическими, кажется, что не это интересует автора. Ему гораздо важнее показать правду жизни, изнанку поступков и желаний, неотвратимость расплаты за совершенные злодеяния. Обличение и критицизм не в его духе. Он показывает людей в искаженном свете их дурных поступков и опрометчивых решений.

Романы Чейза читают во всех уголках мира. Большинство произведений Чейза впервые увидели свет во Франции в крупном парижском издательстве «Галлимар», в издании «Черная серия». Лишь потом они печатались в других странах. Многие романы Чейза экранизированы, особенно во Франции. Чейз был очень популярен в СССР во времена перестройки и в постсоветское время в 90-е годы, когда на русском языке были опубликованы все его романы. Армия русскоязычных читателей попала на крючки-ловушки писателя: мужчины почув-

ствовали себя суперменами, а женщины с трепетом и ужасом ощутили трезвый, оценивающий мужской взгляд.

Переводчики романов Чейза столкнулись с некоторыми нюансами, несоответствием идиоматических выражений в английском и русском языках, которые не всегда правильно воспримет русскоязычный читатель. Например, слэнг американских «каменных джунглей». Не сразу поймешь, что такое «петь» по Чейзу. А это значит платить шантажисту деньги. Или «петарда». Все знают, что это маломощный заряд, используемый железнодорожниками для экстренной остановки поезда. Читаешь у Чейза: «...Бакстон вытащил петарду из кармана и щелкнул затвором» и не понимаешь фразы... На самом деле Бакстон вовсе не собирался останавливать поезд в фешенебельном баре, а показал, что у него есть пистолет.

Среди почти 90 детективных романов истории о Вике Моллоу, калифорнийском частном сыщике, агенте ЦРУ Марке Гирланде, коррумпированном бывшем боевике Корригане, Хельге Рольф и миллионере-плейбое Доне Миклеме. Есть у Чейза романы «чисто детективные», в которых расследование запутанных нитей преступления ведут частные детективы, Вик Маллоу или Дейв Фэннер («Разгадайте это сами», «Положите её среди лилий», «Запах золота», «Нет орхидей для мисс Блэндиш», «Сувенир из «Клуба мушкетёров»). Интерес вызывают и «полицейские детективы» с говорящими названиями («Сделай одолжение, сдохни», «Уж лучше остаться бедным», «Когда обрывается лента» и др.). Есть множество авантюрно-приключенческих романов («Похищенные сокровища», «Почему вы выбрали меня?» и др.).

Часто сюжет романов построен на шантаже («Золотым рыбкам негде спрятаться», «Дело о наезде», «Лишний козырь в рукаве», «Ты найди его, я сам уже рассчитаюсь» и др.). Захватывающе выглядят гангстерские истории мастера жесткого детектива, многие из них удачно экранизированы («Это мужское дело», «Я сам похороню своих мёртвых», «Весь мир в кармане», «Свидетелей не будет», «Гроб из Гонконга» и др.).

Множество романов смешанных подвидов жанра, умело соединённых в целое («Западня»,

«Парик мертвеца», «Ловушка мертвеца сработала» и др.).

Results

«Криминальные ситуации, неожиданные сюжетные повороты делают читателя свидетелем захватывающих событий, развязку которых предсказать невозможно. Романы отличаются глубоким психологизмом, который позволяет раскрыть сложный характер героев, их внутренний мир, полный противоречивых страстей. Поведение героев в экстремальных ситуациях позволяет читателю оценить благородство и самопожертвование простых людей во имя спасения жизни других» [2]. Но как бы ни был закручен сюжет, во всех этих произведениях главную роль играет герой-одиночка, противопоставленный толпе. Идея, что только некоторые из нас, избранные, способны противостоять злу, перевернуть существующий порядок вещей, найти настоящего преступника и наказать его, оказалась созвучной убеждениям многих читателей.

Чейз – в определенном смысле автор-фантазер, путешествующий со своими героями по городам Америки, знающий эту страну только по книгам и краткому визиту. Казалось бы, с точки зрения логика писать о стране и людях, которых знаешь теоретически, не целесообразно и даже странно. Но почему нет? В литературе известны такие факты. В нашем случае полет фантазии совершается над Америкой и детективные истории складываются в законченный рисунок. Инструментарий автора – справочники, энциклопедии, путеводители, рекламные проспекты, атласы, словари, подробные планы городов, где должно разворачиваться действие детектива.

Чейз, как, например, другие авторы детективных историй, никогда не был ни полицейским, ни частным детективом. Но он легко изображает ситуации и людей, безошибочно выделяя самое интересное и актуальное.

Писателю нравилось наблюдать за своими героями, ставить их в затруднительное положение. Сам Чейз говорил в одном из интервью: «Увлекательно наблюдать человеческие существа. Между ними никогда не бывает полного сходства. И это никогда не может надоесть». В произведениях Чейза круто замешан сюжет, действуют крутые парни, которые выходят из круто заверченных обстоятельств. Как образ-

но замечает автор справочного материала о Чейзе Натэлла Горская: «По крутым, обрывистым склонам пролегают тропы его героев. Кого только не встретит читатель на этих тропках! Частный детектив и гангстер, певичка из ночного клуба, неподкупный полицейский и полицейский, с потрохами закупленный мафией, журналист, хиппи, бывший солдат, переживший ужас войны во Вьетнаме, проститутка, светская дама, неудачник, по воле случая ставший преступником, и миллионер, у которого одна забота – отмыть деньги...» [<http://jchase.ru/biografy.html>].

Итак, его герои – люди действия. Что такое «хорошо», а что такое «плохо» не преподносится читателю с видом триумфатора. Читатель сам прекрасно ориентируется в оценках и делает свои выводы. По крутым маршрутам движутся его далеко не положительные герои, кто за славой, кто за богатством... И каждого можно понять, но никак не оправдать убийства и насилия. Эта мысль звучит в произведениях автора четко и определенно.

В чем секрет необычайной популярности Чейза? Почему его до сих пор читают и перечитывают во многих странах? Может быть, в силу простоты и обыденности повествования, предсказуемости поворота событий, вследствие этого – иллюзии участия в расследовании. Может, популярность в могуществе неоспоримой истины, передаваемой автором читателю: за грехи ждет расплата,

Сам он считал себя «коммерческим автором», который пишет в угоду публики конъюнктурные вещи. В этом, как кажется автору данной статьи, заключался его загадочный прагматизм: просчитывая интересы публики, служить высшим идеалам человечества: справедливости, чести, достоинства.

Детективные произведения и журналистские материалы, освещающие мир криминала, в определенной степени родственны. Автор детектива как и журналист тоже хроникер городской жизни. Бесчисленные нити связывают по стилю и форме криминальный репортаж и детектив. Иными словами, «кто регулярно прочитывает в газетах «черную» хронику, тот не отвергает и детектив. Журналисты, информирующие о преступлениях, делятся с читателями фактами сенсационных дел. И сервируют подаваемый

материал как можно необычнее, приправляя его пряностями, будто в детективе» [3].

Криминальная тема в журналистике преследует также цель нравственного воспитания и становления личности. Как отмечают исследователи: «Нравственным долгом средств массовой информации в демократическом обществе является не только приобщение массовой

аудитории к общечеловеческим, правовым и демократическим ценностям, но и их защита – последовательное отстаивание журналистами прав и свобод человека...» [4]. Проведенные исследования показывают, что в этом смысле тема прав и свобод человека до сих пор находится на периферии правовой и «криминальной» проблематики СМИ.

Литература

- 1 Глуховский Д. Джеймс Хедли Чейз. Серия: Вселенная «Метро 2033», М., 2012.
- 2 «Современный зарубежный триллер»: библиографический обзор. lomonosovka.hasdeu.md/triler.pdf
- 3 Кестхейи Т. Анатомия детектива. Будапешт, 1989. С. 46.
- 4 Третьякова О. В. Журналистика и правовая культура общества в контексте развития демократии: монография / О.В. Третьякова; Поморский гос. ун-т им. М.В. Ломоносова. Архангельск: Поморский ун-т, 2011.

References

- 1 Gluhovskij D. James Хедли Чейз. A set: the Universe ‘ the Subway 2033 ‘, 2012.
- 2 « the Modern foreign thriller »: the bibliographic review. lomonosovka.hasdeu.md/triler.pdf
- 3 Кестхейи Т. Anatomija of a detective. Budapest, 1989. With. 46.
- 4 Третьякова About. Century Journalism and legal culture of a society in a context of progress of democracy: the monography / O.V.Tretjakova; Pomorskiy gos. un-t it. M.V. Lomonosov. Arkhangelsk: Pomorskiy un-t, 2011.

ӘОЖ 655.413:05:07(574.54)

А. Қ. Әбдіразақова, Г.С. Оралова

Қорқыт Ата атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Сыр өңіріндегі салалық басылымдар: тарихы мен тәжірибесі

Аталмыш мақалада Қызылорда облысында жарық көретін «Сыр мектебі», «Бал дәурен», «Сыр ұланы», «Ұстаз үні», «Ұстаз мәртебесі» басылымдарының шығу тарихы мен бүгінгі жағдайы сөз болады. Басылымдардағы жарық көрген материалдар тақырыптық, жанрлық тұрғыдан талданады. Әр басылымның өзіне тән ерекшеліктері мен айырмашылықтары айқындалып, айдарлары мен жарық көрген туындыларына баға беріледі. Газеттер көтерген білім саласының өзекті мәселелері мен жаңалықтары, мектеп өмірінің көріністерін сипаттайтын, ұлағатты ұстаздар еңбегін үлгі тұтатын публицистикалық туындылар талданды.

Түйін сөздер: салалық басылым, газет, публицистика, ұлттық тәрбие, ұлттық журналистика, ұстаз, білім.

A.K. Abdrazakova, G. S. Oralova

Branch regional publications in the Syr land: history and practice

This article deals with the history and present day condition of newspapers like «Syr Mekteby», «Bal dauren», «Syr Ulany», «Ustaz uni», «Ustaz Martebesy». Materials published in these regional publications are analyzed according to its thematic and genre aspect. Peculiarities and differences of every newspapers are defined, rubrics and articles published are estimated. Relevant problems and news about education sphere written in the newspapers, publicistic works which describe views of school life and respect to teachers work are analyzed in the article.

Key words: branche, periodicals, sphere newspaper, publicism, national education, national journalism, teacher, knowledge.

А.К. Абдразақова, Г.С. Оралова

Отраслевые издания в Кызылординской области: история и практика

В статье говорится об истории создания и современном состоянии издательств «Сыр мектебі», «Бал дәурен», «Сыр ұланы», «Ұстаз үні», «Ұстаз мәртебесі», обсуждаются жанры и тематические признаки материалов данных издательств. В газете обсуждаются актуальные проблемы и новшества отраслей образования, школьная жизнь и публицистические труды педагогов.

Ключевые слова: отраслевые издательства, газета, публицистика, национальное воспитание, национальная журналистика, учитель, знание.

Қоғамда экономикалық, саяси, құқықтық институттардан бөлек бұқаралық ақпарат құралдарына деген сұраныстың да жоғары екендігін айқындау қиын емес. Соның ішінде газеттің атқаратын өзіндік қызметі бар. Газет адамдардың өзара қарым-қатынас пен ақпарат бөлісуге деген қажеттілігінен пайда болған.

Газет бұқаралық ақпарат құралдарының ең байырғы түрі. Мыңдаған жылдар бойы миллиондаған оқырмандарын ақпаратпен қамтамасыз етіп келеді. Газеттің бүгінгі рөлі туралы орыс зерттеушісі С.М.Гурьевич «Она позволяет гражданину обратиться индивидуально к кон-

кретному человеку или ко многим, входящим в читательскую аудиторию издания. Позволяет ему обратиться к газете за советом, получить рекомендацию, обсудить с согражданами свою идею, принять участие в полемике и т.п. Газета становится для него трибуной, консультантом, справочным бюро и главное – источником информации, необходимой ему для решения жизненно важных вопросов. Понятно, что пользоваться газетой как средством общения может любой грамотный человек, выступая при желании в ролях автора информации или ее получателя. Вседоступность газеты как средства общения, обмена информацией и ее получения

обеспечивает ее демократичность, возможность пользования ее услугами любого члена общества»[1], -деп пікір білдіреді. Міне, осыдан қазіргі қоғамның насихаттық әрі идеологиялық құралы – мерзімді басылымдардың рөлі күн санап артып келе жатқандығына көз жеткізуге болады.

Газет белгілі бір мерзімділікпен өткенді өз бетінде бейнелейді. Сондықтан олар қоғам өмірінің өткені жазылған өзіндік күнделік міндетін де атқарады. Демек, уақытылы шығып тұрған газеттер өткеннің белгілі бір кезеңдегі үздіксіз даму тарихын қалпына келтіре алады. Онда ақпараттық мәліметтермен қатар өзінің мазмұны жағынан әр түрлі жанрға жататын жеке адамдық деректер: хаттар, күнделіктер, естеліктер, т.б, ресми құжаттар, статистикалық мәліметтер, көркем шығармалар т.с.с. кездеседі. Сол себепті де, көп жағдайда қоғамның барлық мүшелері арасында әлеуметтік делдалдық қызмет те атқарады. Қоғамды басқару мәселесінде де белсенділік танытады.

Баспасөз арқылы мемлекеттік және түрлі қоғамдық бағыттар мен мақсаттар, саяси формациялар мен экономикалық-әлеуметтік мәселелер халық таразысынан өтіп, дұрыс шешімін тауып отыратындығы шындық. Бұдан Қызылорда облысының тарихы да тыс қалған жоқ. Қазіргі уақытта республикалық басылымдардан өзге облыста жарық көретін басылымдардың санының өзі 300-400-ді құрайды. Олардың ішінде салалық басылымдардың алатын орны ерекше. Білім саласына арналған оншақты мерзімді басылым өз оқырмандарына ақпараттарын таратып жүрген жайы бар. Солардың бесеуі газеттер. Әрқайсысының өзіне тән ерекшеліктері де жоқ емес. Ақпарат тарату, кейіпкерлерін сомдау, проблема көтеру мәселесінде өзіндік ұстанымдары бар басылымдардың бүгінгі жай-күйі туралы хабардар етсек.

«Сыр мектебі» газеті Қызылорда облысындағы ұстаздарға арналған «Сыр мектебі» басылымы 1998 жылыдың 27 маусымында жарық көрді. Облыс ұстаздарына арналған ақпараттық, әдістемелік басылым білім саласы бойынша республика аймақтарында алғашқы шыққан газеттердің бірі. Сыр ұстаздарының сырлас көмекшісі, сенімді серігі бола білген газет озат ұстаздардың тәжірибесімен, озық әдістемесімен таныстыра отырып, білім саласындағы біліктілік

бағыттарынан, оқыту процесіне енгізілген жаңа технологиялардың тиімділігінен хабардар етеді. Газет «Білім - өмір шырағы, тәрбие – көңіл шуағы» ұранымен шығады. Қазіргі уақытта газет таралымы: 4728 дана.

Басылымның алғашқы және қазіргі кездегі бас редакторы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Қызылорда қаласы мен Сырдария ауданының құрметті азаматы Махмұтбай Әміреұлы басылым жөнінде: «1998 жылы «Егемен Қазақстанның» наурыз айындағы сандарының біріндегі қысқа хабарға көзім түсті. Онда Арыс қаласындағы Б.Момышұлы атындағы мектепте баспахана арқылы басылып, мың данамен тарайтын газет шығатындығы жазылыпты. Осыдан кейін маған «Бір мектептің тірлігі мынадай, осындай газетті облыс бойынша неге шығармасқа» деген ой келді. Сонан соң аудандық газетті басқарған кездегі тәжірибем бойынша ұстаздар газетін шығарудың жобасын жасадым. Көп ойланып, газет аты «Сыр мектебі» болғанын жөн көрдім. Газеттің шартты түрде таралу данасын, жазылу бағасын, баспахана шығынын, қызметкерлер санын, жалақы мөлшерін есептедім. Қысқасы, сәуір айының басында қажетті құжаттарды білім басқармасы бастығының орынбасары Мәді Махановқа апарып тапсырдым... Арада апта өтпей мені және баспахана бастығы С.Ибрашұлын облыстық білім басқармасының бастығы Ә.Мүсілімов шақыртты. «Осы идея менің де ойымда көптен жүр еді,-деді Әлекең. Бұған шындап кірісуіміз керек. 12 мамырда облыстық актив жиналысымыз өтеді. Оған министріміз Қырымбек Көшербаев, облыс әкімі қатысқалы отыр. Газеттің алғашқы санын соған шығарайық. Газетті осындағы жаңа баспахана «Нұр сәулеттен» шығарамыз»-деді. М.Махановқа газетті ашуға қажетті құжаттарды жинауды, маған министрлікке барып тіркеуден өтуді тапсырған еді...»[2],- деп газеттің он жылдығына байланысты шыққан «Сыр мектебі» кітабында естелігін білдірген.

Облыстық білім басқармасының бастығы қызметінде болған М. Өтемұратов, Ж. Жонтаева, М. Шермағанбет ұстаздардың төл басылымына шынайы қамқорлық пен қолдау көрсетіп отырды. Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы облыстық комитетінің төрайымы Райкүл Байназарова газеттің алғашқы са-

нының шығуына қаржылай демеушілік жа-саған.

Басылымның дер кезінде сапалы шы-ғуына редакция қызметкерлері Шәкізат Дәрмағанбетов, Ахат Жанаев, Талғат Жүнісов, Мұхамеджан Нұрханов, Түнзира Әбдиева, Гүлнұр Ақбергенова, Ұлжан Бердібекова, Айқын Райқұлова біліктіліктері мен іскерліктері арқылы үлкен үлес қосты.

Басылымда «Жаңалықтар. Хабарлар» ай-дарымен көбінесі облыс, қала, аудандардағы білім саласындағы болған елеулі жаңалықтар жарық көреді. Мысалы, «Үлкен жүректі ақын», «Қолөнершілер сайысы», «Топтық сай-ыс», «Келіндер сайысы», «Білім сайысының үздіктері №132 мектепте», «Мектепшілік Мұқағали оқулары байқауы», «Сөз-мерген сайысы», «Білім кілті - кітапта», «Мұғалім жауапкер-шілігі – болашақ негізі», «Жас қанат, жас үміт» т.б. ақпараттар мен заметка жанрындағы материалдарды ерекше атауға болады. Ал, «Шалқиядан Шалқарға дейін» айдарымен әр ауданға арнайы бет беріп, білім саласындағы жетістіктері мен жақсы жаңалықтары дәріптеліп, озат тәжірибелері кеңінен көрсету дәстүрге айналған. Сонымен бірге «Мектеп және отба-сы», «Ұлағат - ұстаздан», «Жансарай», «Сырым-ды айтайыншы», «Ой. Пікір. Ұсыныс» айдарла-ры аясында берілетін материалдарда ұстаздар түрлі тақырыптарда ой қозғайды, ұсыныс, пікірлерін білдіреді.

Газеттің әр санында «Әдістеме», «Тәжірибе» айдарларымен жарияланатын материалдарда әр пән бойынша жекелеген тақырыптарда сабақта өту жайы сараланады, ұтымды, ықпалды әдістер кеңінен көрсетіледі. Сонымен қатар ашық сабақтардың, тәрбие сағаттарының үлгісі үзбей жарияланып тұрады.

«Білім саласының үздіктері» айдары аясында үлгілі ұстаздар туралы очерктер жарық көреді. Мысалы «Ізденімпаз ұстаз» тақырыбымен Дариға Бекболатованың Жаңақорған ауданындағы №229 «Абызтөбе» орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейтін Назгүл Андақұлова туралы очеркі жарық көрген. «Нашар ұстаз шындықты қайталайды, жақсы ұстаз сол шындықты іздеп табуға көмектеседі» демекші, Назгүл сабағында жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқушыларды із-денімпаздыққа жетелейді. Әрдайым қызық пен

тартысқа толы ұстаз сабағын шәкірттері асыға күтеді...»,- деп көрсету арқылы ұстаздың та-лантты, білімді шәкірттерінің көп екедігін, жаны таза, ізгілік пен сұлулыққа құштар оқушы тәрбиелеуде еңбек етіп жүргендігін мақтанышпен жеткізеді.

«Сыр мектебі» газетінің жанынан 2001 жыл-дан бері оқушылардың «Бал дәурен», 2008 жыл-дан бері «Жоғары сынып» газеттері шыққан. Оқушылардың түрлі тақырыптарда жолдаған хаттарына, ұсыныс-пікірлеріне, өлең, әңгіме, эсселеріне, салған суреттеріне көбірек орын беріледі. Десек те, аталмыш басылымның уақытылы шықпауы оқырмандар сеніміне күмән туғызатыны да шындық.

2001 жылдың қараша айынан бастап «Сыр мектебі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі жанынан Сыр бойы мектеп оқушыларына арналған «Кел, балалар, оқылық!» ұранымен «Бал дәурен» газеті 3427 данамен жарық көрді. Басылымның бас редакторы: Махмұтбай Әміреұлы. Айына екі рет шығатын газет бетінде мектеп оқушыларының шығармашылық еңбектері, мектепте болған жаңалықтар туралы жазған ақпараттары, хаттары, салған суреттері, шығарған өлеңдері, өзіндік ой толғамдары мен әңгімелері жарық көреді. «Әсері мол апталық», «Үнемі ізденіс үстінде», «Күнекейде» іс-шара өтті, «Мәнерлеп оқу сайысы», «Бал дәуренге» өлеңім шықты», «Мен Отанды сүйемін!» тақырыптарындағы шығармалары дәлел.

«Оқушылар хаттары» айдарымен «Тұғырың биік болсын, Қазақстаным!» тақырыбында Бекбауыл елді мекеніндегі №65 орта мек-теп түлегі Әйгерім Әбдіразақованың хаты жарияланған. Автор хатында «Еліміздің ертеңгі болашағы – жастар, бүгінгі мектеп оқушылары. Тәуелсіздіктің тұғырының берік болуына біліміміз бен қабілетімізді аямай жұмсауымыз керек. Ынтымағы жарасқан, бірлігі бекем тұғырлы Қазақстанымды әр уақытта мақтан етемін!»- деп өз ойымен бөліседі. «Дос жүрегі - шарайна» тақырыбында Жаңақорған ауданындағы №247 мектептің 8-сынып оқушысы Аяз Ықтияров: «Достықты қиналған адам қиналып көрмеген адамнан мың сан есе артық сезеді және бағалай біледі. Мен достарымның барлығын жақсы көремін. Барлығының бір жақсы қылығы бар. Сан түрлі достармен дос болсам да жүрегімдегі шар айна сынбайды»-

десе, М.Горький атындағы №16 орта мектептің 7-сынып оқушысы Алмас Айбек «Туған жерімді мақтан етем» тақырыбында хат жазыпты. Ал, №39 орта мектептің 6-сынып оқушысы Гүлшара Дармолдаева «Бабалар ерлігі – ұрпаққа үлгі»-деп Тәуке хан, Абылай хан, Кенесары хандардың ерлігі өзі үшін үлгі екендігін және ата-баба қанымен келген егемендігіміздің кәдірін білуге, қастерлеуге шақырады.

«Оқушылар шығармалары» айдарымен жас бүлдіршіндердің шығармашылық туындылары жарияланады. Мысалы, «Жасампаздыққа толы жылдар», «Ғани тағлымы», «Қайырымды жандар», «Ініммен мақтанам», «Ақылы маған - өнеге» тақырыптарындағы туындылары жарық көрген. Оқушы Әбутай Әсілханұлы «Әке» атты өлеңінде: «Әке деген асқар тауың, тірегің, Әкем барда соғады менің жүрегім. Мінезі бар жаздың ыстық лебіндей, кейде қатал қыстың ызғар күніндей»-деп жырлайды. Бала көңілдегісін осылай параққа түсірген. Ал, 10-сынып оқушысы Гүлжан Топжарған «Өмір деген бір орында тұрмайды, Өмір - өзен толқындары тулайды. Өмір деген сарқылмайтын қазына, Данышпандар айтқан талай бұл жайлы» деп «Өмір-өзен» өлеңінде жырлаған.

«Бал дәурен» басылымының үшінші беті «Бір мектептен хат» айдары аясында бір мектептегі оқушылардың шығармашылығын топтастырып беруді дәстүрге айналдырған. Газеттің 2012 жылғы 19 қыркүйектегі санында аталмыш айдармен №240 мектептің 4-сынып оқушыларының әртүрлі тақырыпта жазған шығармалары берілген. Мысалы, сынып жетекшісі О.Абдуллаеваның «Бала қиялы – қабілет бастауы» тақырыбында жазған хатында талантты оқушыларына мінездеме береді. Әр қайсысының бойындағы бейімділігіне, қабілетіне баға беріп, үздік деп тапқандарын редакцияға жолдағанын айтады. Олардың ішінде Д.Оралбайқызының «Көңілді қыс», Ә.Толқынбаеваның «Менің итім», А. Мырзаханның «Құстар – біздің досымыз», Ж. Жексенбекованың «Айлакер күшік», А. Қыдырбайқызының «Қар көп жауса екен» тақырыптарындағы шығармаларын ерекше атап өтеді.

Газет материалдарының тілі баланың оқуына оңтайлы, оңай. Десек те, газетте жарық көретін материалдардың орфографиялық қате-

ліктеріне мән беру керек сияқты. Сонымен бірге өлеңдердің де ұйқасы мен айтар ойына өңдеу жүргізу қажет.

Мектеп өмірінің бүгінгі тынысы, ұстаздардың қауырт та қарбалас жұмысы «Сыр мектебі», «Бал дәурен» басылымдарының әр бетінен айқын аңғарылады. Өрісті өнеге, тәлімді тәрбие басты көтеретін тақырып болып табылады. Десек те, бүгінгі күнде облыста өзге де білім саласына арналған басылымдардың жарыққа шығуы газеттің қаржылық жағдайы мен жазылушылар санына әсер еткендігін байқаймыз.

Балаларға арналған «Сыр ұланы» басылымы да осы «Бал дәурен» газетімен бәсекеге түсе алатын ақпарат құралы болып табылады. 2012 жылдың 10 қыркүйегінен бастап балалар мен жасөспірімдердің республикалық газетінің алғашқы саны жарық көрді. Меншік иесі: ЖК «Ли-Медиа». Бас редакторы - Серікхан Жүзеев. Газеттің жас тілшілері: Қуаныш Есен, Назгүл Кенжетай, Бақберген Әбілқасым, Ақтолқын Қалдыбек.

Газеттің жарыққа шығуына байланысты бас редактор: «Бұл басылым жасөспірімдердің шығармашылық қабілетін дамытып, елдігіміздің тұтқасын ұстайтын азамат болуға тәрбиелейді. «Сыр ұланы» газеті сіздердің сырлас достарыңызға, ақылшы ұстаздарыңызға айналады деп ойлаймыз. Біздің газет арқылы шығармашылық қабілеттеріңізді дамытып, достық қарым-қатынас жасайды деген сенімім мол»-дейді.

Басылымда «Иман айнасы», «Тест», «Ойлай білу –тыныс-тіршіліктің көзі», «Ғибратты әңгімелер», шығармашылықпен айналысатын талантты оқушылар мен бүлдіршіндер туындыларына арналған «Шабыт» сынды айдарлар бар. «Талаптыға нұр жауар» тақырыбында ақпарат жарық көрсе, «Рәміздер – елдігіміздің белгісі» тақырыбында танымдық мақала жарияланған. «Бойында болса иманың, ең қымбат байлық жиганың...» тақырыбында №240 орта мектептің директоры Срайыл Жұманұлының насихаттық мақаласы жарық көрген. Сонымен бірге басылымның ерекшелігі әр жас буынының ерекшелігіне орай әр түрлі тест сұрақтарын жариялау арқылы өз-өздеріне баға беруді көздейді. Мысалы, «Сыныптастарыңның арасында беделің қандай?», «Мінезің қандай?», «Ашуланшақтықтан қалай құтылуға бола-

ды?», «Кім болғың келеді?» т.б. Сонымен бірге баланың математикалық қабілетін арттыруға да септігін тигізетін есептер жарық көреді.

Білім саласындағы тағы бір ақпараттық-әдістемелік «Ұстаз үні» басылымы 1991 жылы тіркеліп, 2004 жылдың мамыр айында қайта есепке алынған. «Мұғалім – мектеп жүрегі» ұранымен шығатын газеттің меншік иесі: «Ұстаз үні» ЖШС. Бас редакторы Гүлмира Серкешбаева. Газет айына екі рет қазақ және орыс тілдерінде 8-бет болып жарық көреді. Таралымы-3400 дана. Басылымда «Тәжірибе», «Опыт учителя», «Тебіреніс», «Салт-дәстүр», «Білім жаңалықтары», «Өзін-өзі тану», «Менің тәжірибем», «20 вершин Независимости», «ҰБТ-ға дайындық», «Жиырма жұлдызды күн», «Жадыңызда жүрсін!», «Келешекке кемел жол», «Ойтүрткі», «Хозяйкама на заметку», «Келелі кеңестер» сияқты айдарлар бар.

Қазіргі заман мұғалімінен тек өз пәнінің терең білгірі болуды ғана емес, тарихи танымдық, саяси экономикалық білімділік пен ақпараттық сауаттылық талап етілуде. Осы тұрғыдан алғанда «Ұстаз үні» басылымының бетінде көтерілген проблемалардың маңызы ерекше. Әсіресе, бүгінгі оқушылардың психологиялық ахуалы, мамандар кеңесі, ұлттық тестке дайындығы, қызығушылығы мәселесі күн тәртібінен түспей тұрғанда басылым барынша пайдалы кеңестер ұсынады. Мысалы №4 Облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттың мұғалімі С.Баймаханованың «Қазіргі ағылшын тілі сабағына қойылатын талаптар» тақырыбында: «Әлемнің бірнеше елінен сынақтан өткізілген жаңаша оқыту төрт бағытты қамтиды. Олар: модульдік технология, рейтингтік жүйе, дамыта оқыту технологиясы, сын тұрғысынан сөйлеу. Сабақты алуан түрлі әдістермен өткізу оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы мен ынтасын оятады. Қолайлы ахуал, тамаша кәсіби ұстаздық кез келген ерекше қабілетті оқушыны дарынға айналдыра алады»-деген пікірін білдірген. Мектеп директорының орынбасары Г.Алматова «Дария кеуде тау мүсін, қарттарым, аман-сауымысың?!» тақырыбында тәрбиенің тетіктерімен бөліседі. Оқушыларды үлкенді сыйлау, қарттарды қадірлеу, ақыл-кеңестеріне ден қоюға үндесе, Ләззат Алмағанбетова «Ұстаздықтан бақыт кілтін табамын» тақырыбындағы эссесінде

мамандыққа деген сүйіспеншілік пен құрмет жайлы сөз еткен.

Газет білім саласындағы барлық жаңалықтар мен хабарларды қалт жібермеуге тырысады. Күрмеуі күрделі мәселелерді де назардан тыс қалдырмайды. Оған басылым бетінде жарық көрген проблемалық мақалалар дәлел. Десек те, басылым білім саласының тек жақсы жақтарын насихатталумен шектелетін сияқты. Газет бетінде үлгілі ұстаздар еңбегін паш ету мен заманауи толғаныстарға өте көп орын береді. Бұл ақылы негізде шығатын материалдарға ұқсайды. Ал, жақсы ұстаз дәріс беретін оқушылардың білім көрсеткіші ҰБТ кезінде неге төмен, қиын балалармен жұмыс істеу жолдары қандай, оқушылар қылмысқа неге көп барады деген мәселелер төңірегінде проблемалық мақалалар көрініс тапса жақсы болатындығына сенімдіміз.

Қоғамдық-әлеуметтік, ғылыми-көпшілік «Ұстаз мәртебесі» газеті 2011 жылы 16 ақпанда тіркеліп, осы жылдың 18 наурызында алғашқы саны 3800 данамен жарық көрді. Газеттің меншік иесі: «Аманат» ЖК. Басылымның бас редакторы филология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан журналистер одағының мүшесі Нұрлан Көбегенұлы. Тілшілері: Дәулет Тұрсынханұлы, Баян Алаудинқызы. 2012 жылы Асқар Сәрсенұлы, Әділбек Серікұлы тілшілік қызмет атқарған. Газет «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» деген халық мәтелін басшылыққа ала отырып, ұстаздардың негізгі міндеті, білім сапасы, ұстаздардың әлеуметтік жағдайы, білім саласында орын алып отырған кемшіліктер, оқулықтар сапасы, бала білімін көтерудің жолдары сияқты мәселелерді көтереді. Елімізде ұстаздар қауымы беделінің көтерілуі жолында жаңа талапқа сай қолға алынған жұмыстарға қолдау көрсетуді және олардың ел дамуындағы жасап жатқан еңбектерін жарыққа шығаруды, ұрпақ болашағына жөн сілтеуді мақсат еткен басылымда «МAB: білім сапасының таразысы», «Ұстаз мерейі», «Имандылық иірімдері», «Мектеп мақтанышы», «Ұлағат», «Маман мінбері», «Руханият», «Шәкірт ойы», «Шеберлік сағаты» сынды айдарлар бар.

Басылымның бір ерекшелігі газеттің әрбір беті үлкен бір мәселені көтеретінін айғақтайтын тақырыптармен шығады. Мысалы, 2011 жылдың 8 сәуірдегі №2 санында 2-бет

«Жаңа ғасыр – жаңа талап» тақырыбы аясында «Басылым мерейі биік болсын», «Мемлекеттік аралық бақылдаудың нәтижесі көңіл көншіте ме?», «12 жылдық білім беру жүйесінің жарқын жақтары көп» тақырыптарындағы материалдар жарық көрсе, 3-бетте «Білімді мыңды жығады» тақырыбы аясында «Ұлттық тестің таза өтуі үшін халық болып күресуіміз қажет» тақырыбында Ұлттық тестілеу орталығының Қызылорда филиалының жетекшісі Асқар Енсеповпен сұхбат жарияланған. 4-бетке «Барлық бала бақыт үшін жаралған» тақырыбымен «Бүлдіршіндерге қуаныш сыйлаған балабақша», «Қуатты компанияның қамқорлығы қуантады» материалдары, 5-бетке «Ұстаздық еткен жалықпас» деп «Жаңашыл мұғалім», «Наурыз шапағаты» көрерменді шуағына бөледі», «Шуақ шашқан ұстаз» тақырыптарында мақала, очерктер жарық көрген. 6-бетте «Өнерліге өріс кең» тақырыбы беріліп, «Құралайды көзге атқандар», «Аңыз адам», «Байменнің бағы жанды» атты материалдар, 7-бет «Тәрбие – тал бесіктен» тақырыбында «Ұрпақ тәрбиесі – баршамызға ортақ іс», «Кісіліктің шыңы – шынайы құрметте» тақырыптарындағы материалдар жарық көрген. 8-бет: «Қалам-құдірет», мұнда ұстаздар қауымының шығармашылығы жарияланған және спорт жетістіктері де осы беттен орын алған. Бұдан шығатын қорытынды газеттің бірінші беті білім саласындағы өзекті проблемаларға, екінші беті ұстаз беделін көтеретін еңбегі, мерейі туралы мақала, очерктер, үшінші беті бүлдіршіндер мен балалар төңірегіндегі мәселелерге, төртінші беті шеберлік мәселесіне, бесінші беті тәжірибе бөлісу мен имандылық тәрбиесіне, алтыншы-жетінші беттері патриоттық тақырыптар мен салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар төңірегіндегі мәселелер мен ғылыми зерттеулерге, сегізінші беті шығармашылыққа арналған деуге болады.

Басылым білім саласының қоғамдық мекемелермен, ұжымдармен, ата-аналармен байланысы мәселесінде назардан тыс қалдырмаған. Оған газет бетінде жарық көрген материалдар дәлел.

Газет жиі көтеретін тақырыптардың бірі – ҰБТ. 2011 жылдың 27 мамырындағы санында «129 мың түлек. Кімнің бағы жанады? 36 мың грант. Кімге бұйырады?» тақырыбында бас редактор Н.Көбегенұлының бас мақаласы жарық

көрген. Автор бүгінгі кездегі оқушылардың толқынысына тоқтала келе, тест жауаптарының сатылатындығына алаңдаушылығын жасырмаған. «Қалай дегенменде, биылғы талап өзгеше. Сондықтан оқыған білімді ұялы телефонға емес, зердене тоқығаның дұрыс, талапкер. Тек жинаған біліміңе сеніп, сабырлылық сақтасаң, тест қорытындысының жақсы болуына көмегін тигізеді. Ендеше біздің тілек, жаңа өмірге аттаған қадамың құтты болсын, ұлттық тесте бағың жанып, грант бұйырсын, жас түлек!»[3]-деген ақ тілегін білдірген. Осы жылдың 13 мамырындағы санында «Мұғалім біліктілігі ҰБТ қорытындысымен өлшене ме?» тақырыбында материал жарық көрген. Мектеп мұғалімі мен оқушы біліктілігінің сыналар сәті ұлттық бірыңғай тестілеудің қажет не қажет еместігі жөнінен білім ошақтарының басшыларының пікірлерін ұстынған. №6 санында «Бұл сыбайлас жемқорлық емес, таза алаяқтық» тақырыбында Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Мұрат Мұхамедовпен тест сұрақтарының сатылуы төңірегіндегі Д.Қырданұлының сұхбаты жарық көрген. Автор сұхбаттың кіріспесінде «Облыс әкімінің орынбасары М.Бахтиярұлының айтуынша, ел арасында дайын жауаптар құны 1000 АҚШ долларынан 5000 теңгеге дейінгі аралықты қамтиды-мыс. Бас идеолог тіптен, оның қай сәттен бастап рынокқа шығатынынан да хабардар екен. Солай бола тұра, бұл «бизнес» жыл санап дамып келеді. Оған ешкім тосқауыл бола алар емес. «Бұл сыбайлас жемқорлық емес, таза алаяқтық» деп тиянақтап айтқан облыс әкімі орынбасарының сөзі де көп кісілердің көкейінде қалып қойды» деген ойды айтқан [4]. Д. Тұрсынұлының «Дөңгелектегі «тағдыр» немесе ҰБТ-ны кім, қалай түсініп жүр?» тақырыбындағы проблемалық мақаласын да ерекше атауға болады.

Газет сонымен бірге қазіргі қоғамдағы өзекті деген мәселелерді көтереді. Мысалы, «Қорқыт Ата университеті қандай мамандар даярлап жатыр?», «Ұрпақ тәрбиесіне кинофильмдер де әсер етеді», «Отбасындағы ұл тәрбиесі алаңдатады», «Мектепте қыздар хиджап киді, енді ер балалар сақал қойып жүрмесін», «Ойын автоматтарына құмар балалар», «Отбасындағы тәрбиеге кім жауапты?», «Мыңдаған білім гранты. Шарықтаған оқу ақысы. Сонда кімнің бағы жанады?»,

«Валеология пәні нені үйретіп жатыр?» атты тақырыптарды айтуға болады.

Сонымен бірге білім саласындағы орын алған қылмыс мәселесі жөнінде де ұдайы ақпараттар беріліп отырады. Оған дәлел: «Ұстазға қиянат жасап, заң талаптарын бұзған директор әкімшілік жазаға тартылды», «Балабақша қаржысын жымқырғандар жазасын алды», «Баланың құқығын қорғауда бастықтар «баланың ісін» жасамауы керек», «Бала еңбегінің қаналуына жол беріп жүрген кімдер?» тақырыбындағы материалдар. Осы басылымның көтеріп жүрген мәселелері көңілге қонады және белгілі бір деңгейде пәрменділікке де ие екендігі айқын.

Газеттер, басқа бұқаралық ақпарат құралдары мемлекеттік және қоғамдық институттарды шешім қабылдауға мәжбүрлей алмайды, тек қоғамның назарын аудару арқылы мәселенің дұрыс шешімін табуына әсер ете алады. Бұқаралық ақпарат құралдарының қолында билік жоқ, бірақ күш бар. Сол өте маңызды күш арқылы қоғамдық пікір тудырып мемлекеттік билікке ықпал ете алады.

Бүгінде білім саласындағы аталмыш басылымдарда көптеген ізденістер көрініс табуда. Газеттер сол үшін барлық мүмкіндікті қарастырады, оқырман ойынан шығуды үнемі назарда ұстайды. Сонымен бірге осы заманғы деңгей-дәрежеде болуға ұмтылады. Өйткені нарықтық қоғамда бәсекелестіктен кейін қалып қоймауға күш салады. Полиграфиялық жағынан да тартымды болуға, дизайнын көркемдеуге және түрлі-түсті бояулармен жарқырап шығуға назар аударады. Бұл – редакция ұжымдарының жауапкершілігі әрі борышы іспетті. Қызылорда облысында жарық көретін білім саласындағы салалық басылымдардың да көптеген проблемалардың шешілуіне әсер етіп келе жатқандығына көз жеткізіп келеміз.

Ұлттық журналистиканың беделін, абыройын көтеруде жаңа заман жетістіктерін пайдалану арқылы сапалы басылым шығару – газеттердің бәсекеге қабілеттілігін арттыра түспек. Осы орайда, бес бірдей басылым ұлттық рух пен сананың жаршысына айналып, қазақы болмысымызды сақтауға зор үлес қосады деген үміттеміз.

Әдебиеттер

- 1 Гуревич С.М. Газета: вчера, сегодня, завтра. – М: Аспект-Пресс, 2004. – 6 с.
- 2 Әміреұлы М. Сыр мектебі. – Қызылорда, 2008. – 8-13 бб.
- 3 Көбегенұлы Н. 129 мың түлек. Кімнің бағы жанады? 36 мың гран. Кімге бұйырады? // Ұстаз мәртебесі. – 2011 ж 27 мамыр
4. Қырдан Д. Бұл сыбайлас жемқорлық емес, таза алаяқтық. // Ұстаз мәртебесі. – 2012 ж 13 мамыр

Reference

- 4 Gurebuch S.M. Gazata: bchera, segodnya, zabtra. M: Aspekt-Press, 2004. – 6 s.
- 5 Amireuly M. Syr mektebi. – Kyzylorda, 2008. –8-13bb.
- 6 Kobegenuly N. 129 myn tulek. Kimnin bagy ganady? 36 myn grant. Kimgе buiy rady?// Ustaz martebesі. – 2011 zh, 27 mamyr.
- 7 Kyrdan D. Bul sybaiylas zhemkorlyk emes, taza alayaktyk. // Ustaz martebesі. – 2012 zh, 13 mamyr.

ӘОЖ 654.19;002.2

Н.Т. Жұртбай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, қ. Алматы

E-mail: nazym-zhurtbay@mail.ru

Қазақстандағы экологиялық проблема қырлары және бақ

Мақалада Қазақстанда қалыптасқан жалпы экологиялық өзекті мәселелердің бұқаралық ақпарат құралдарында көтерілуі және олардың сол мәселені шешілуіне ықпалы, қоғамдық пікірді қалыптастырудағы орны – Алматы қаласы мен Алматы облысында болып өткен қатты дауылдың және басқа да тұрмыстық-экологиялық факторлардың қала экологиясына келтірген зардаптары туралы жарияланған баспасөздегі материалдардың негізінде қарастырылады. Оңтүстік астанада қалыптасқан қазіргі экологиялық мүшкіл жағдайдың түптің-түбінде қауіпті апатқа айналуы мүмкін екендігін халыққа жеткізу, оның салдарын түсіндіру, қатердің алдын алу, оның зардаптарын жою шаралары туралы пікірлер мен жобаларды таныстыру барысындағы ақпарат құралдарының маңызы көрсетіледі. Сондай-ақ Алматы қаласының экологиялық жағдайына халықаралық талап деңгейінде салыстырыла отырып баға беріліп, оның басты проблемалары аталады.

Түйін сөздер: Қазақстан, Алматы, экология, БАҚ.

N.Zhurtbay

Ecological problem in kazakhstan and media

This article discusses the impact of global climate change on Kazakhstan using examples of the recent flood disaster and other ecological crises in Almaty and its oblast against the background of the media's role in preventing environmental disasters. The article argues that media have to play a watchdog role on environmental issues and have to inform citizens of how environmental issues can affect their lives. It cites relevant examples from the fire and flood damage in Los Angeles and surrounding areas and shows how future environmental disasters can affect the Almaty region's tourism industry.

Keywords: Kazakhstan, Almaty, ecology, media.

Н.Т. Жұртбай

Экологические проблемы Казахстана и СМИ

В данной статье изучается влияние глобального изменения климата на Казахстан на примерах экологических кризисов в Алматы и области, а также определяется роль СМИ в предотвращении экологических катастроф. В статье утверждается, что средства массовой информации должны информировать граждан о том, как экологические проблемы могут повлиять на их жизнь. В статье приводятся примеры ущерба от природных бедствий. Автор анализирует, как экологические катастрофы в будущем могут повлиять на индустрию туризма Алматы.

Ключевые слова: Казахстан, Алматы, экология, СМИ.

Introduction.

Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына тікелей әсер ететін және оның зардаптарын жоюға негіз қалайтын басты фактордың бірі – экономика. Өнеркәсіп технологиясының жетілу деңгейі төмен, отарлық жүйеден енді құтылып, тәуелсіз экономика құруға бет алған мемлекеттер өндірістік мұқтажды бірінші орынға қойып, қалайда экономикалық дербестікке қол жеткізуге ұмтылған кезеңде экологиялық қауіпсіздік шаралары ескеріле бермейді. Сондықтан да,

қашан белгілі бір даму деңгейіне жеткенше қоршаған ортаның табиғаты өзгеріп, түрлі қауіпті жағдайлар қалыптасады. Ең соңында ол мәселелер қордалынып келіп, үлкен табиғи зардап көзіне айналады. Тек экономикалық даму үрдісі тұрақтанған тұста ғана экологиялық мәселеге назар аударуға мүмкіндігі туады.

Міне, тура осындай экономкалық-экологиялық күйзелісті Қазақстан да басынан кешірді. Күйреген империяның күлтөбесінен көтерілген Қазақстан тәуелсіз мемле-

кет ретіндегі өзінің 20 жылдық тарихында «социалистік жоспарлы эконмикадан» – нарықтық экономикаға көшті. Экономикалық құлдыраудан экономикалық өсу мен қоғамның әлеуметтік тұрақтылығына жету барысында «тар жол, тайғақ кешуден» өтті. Инновациялық дамуға бейімделген аралас экономиканы қалыптастыруға бет алды. Қазақстан өзінің экономикалық саясатын әлемдік тәжірибиеге сүйене отырып құрды. Соның нәтижесінде ТМД елдерінің ішінде бірінші боп «ашық нарықтық экономикаға көшкен мемлекет» статусын алды.

Әлемдік экономикалық дағдарысқа қарамастан Қазақстанның экономикалық өрлеу қарқыны 2008 жылы – 3,3%, 2009 жылы – 1,2%, 2010 жылы – 7,3%, ал, 2011 жылдың қаңтар-қараша айларының нәтижесі бойынша – 7,5% құрады[1]. 2011 жылы алғаш рет – 28,5 млн. тонна егін өнімі жиналды. Бұл – тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы рекордтық көрсеткіш болып табылады. Әлем экономикасының рецессиясы мен шикізат бағасының төмендеуі жағдайында жоғарыда аталған көрсеткіштер қазақстандық экономиканың және қаржылық сектордың тұрақтылығын, даму жолының дұрыс таңдалғандығын дәлелдейді. Үкіметтің шешімі бойынша басты 5 бағыт белгіленіп, Ұлттық қордан 10 млрд. доллар қаржы мынадай мөлшерде бөлінді.

1) Қаржылық секторды тұрақтандыруға және банктерді қолдау үшін – 4 млрд. доллар (480 млрд. теңге), немесе бар тұрақтандыру сомасының 40%; 2) Тұрғын үй секторын дамытуға – 3 млрд. доллар (360 млрд. теңге), немесе 30%; 3) Шағын және орташа бизнесті қолдауға – 1 млрд. доллар (120 млрд. теңге), немесе 10%; 4) Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға – 1 млрд. доллар (120 млрд. теңге), немесе 10%; 5) Инновациялық және инфрақұрылымдық жобаларға – 1 млрд. доллар (120 млрд. теңге), немесе 10% [2].

Экономиканы және оның нақты секторларын тұрақтандыруға арналған бұл шаралар, негізінен, тактикалық жоспар бойынша, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына тиімді ықпал етуі тиіс. Халықаралық қаржы корпорациясы мен Дүниежүзілік банктің өткен жылғы 20 қазанда басылып шыққан Doing Business – 2012 мәлідемесінде Қазақстан

58 орыннан көтеріліп, 2011 жылдың рейтингі бойынша 183 елдің ішінде 47-орынды иеленді [3].

Бұл мәліметтерді зерттеу, тақырыбымыздағы мәселелерді шешуге тікелей қатысы болғандықтан да маңызды. Яғни, даму жолына түскен экономика ғана экологиялық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Ал, Қазақстанның қазіргі кезеңде сондай дәрежеге жеткеніне назар аудару қажет. Сондықтан да қордаланып қалған, апаттық жағдайға бет алған, өнеркәсіп орындары шоғырланған үлкен қалалардағы (мысалы, Қарағанды, Өскемен, Шымкент, Павлодар), соның ішінде Алматыдағы экологиялық жағдайды реттеуге мемлекеттің күші толық жетеді және оған шұғыл кірісу керек – деген ұстанымымызды жеткізу, мақаланың мақсаты екенін ескеру қажет.

Бұл ретте, сол жинақталған экологиялық зардаптардың «көзі» мен түпкі себеп-салдарын, оның қоршаған ортаға, адамға келтіретін зиянының деңгейін анықтау, ол мәліметтерді қоғам мүшелеріне жеткізу, оны жоюдың жолдары туралы мамандардың пікірлерін талқыға ұсыну – баспасөздің тікелей міндетіне жатады. Әлемдік тәжірибелерге жүгінсек, ақпарат құралдары қалыптастырған қоғамдық пікірлер экологиялық мәселелерді шешуде жетекші орын алады. Баспасөзде көтерілген проблемалар жұртшылықтың пікірін тоғыстырып, түрлі қоғамдық қозғалыстар құруға алып келеді. Мысалы, Қазақстандағы халықаралық деңгейге көтерілген «Семей-Невада», «Арал», «Табиғат» қоғамдары соған дәлел. Экологиялық тақырыпқа әр қазақ басылымы белсенді түрде атсалысып келеді. «Егеменді Қазақстан», «Жас алаш», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан», «Айқын», «Алматы ақшамы» т.б. ресми газеттерде жалпылама тақырыптармен тұрақты түрде проблемалық мақалалар мен ғылыми мақалалар, репортаждар беріліп тұрды. Ал сексенінші жылдардың аяғы мен тоқсаныншы жылдардың бірінші жартысында «Семей – Невада» халықаралық халықтық қозғалысы шығарып тұрған «Аманат» газетінде Семейдегі Дегелең және Батыс Қазақстандағы Азғыр атом полигондарының экологиялық апатқа әкелген зардаптары барынша батыл жазылды. Дегелеңдегі атом полигонының жабылуына «Аманат» газетінің

әшкерелеуші материалдарының ықпалы ерекше. Өйткені ондағы жарияланған мақалалар арқылы қоғам мүшелері атом сынақтарының зардаптарынан барынша хабардар болды. Халықаралық қауымдастықтар да сол арқылы құлағдарланып, біріге күш жұмсап, қолдау көрсетті. Сондай-ақ, Шығыс Қазақстандағы «Дидар», Оңтүстік Қазақстандағы «Ақиқат» газеттері де ауыр металл заводтарынан шығатын өнеркәсіптік улануларға қарсы белсенді бағыт ұстанды. Ал республикадағы экономикалық қуаты әлеуетті әрі экологиялық табиғи апат қауіпінің ең шетін аймағы – Алматы қаласы болып табылады.

Main body.

Алматы – халықаралық қаржы қоры мен сауда орындары, мәдениет пен және ғылым ошақтары шоғырланған және республика тұрғындарының басым көпшілігі тығыз қоныстанған Қазақстанның аса ірі геосаяси стратегиялық мәні бар орталығы. Сондықтан да бұл қаланың экологиялық хал-ахуалы қазақстандықтардың да, халықаралық қауымдастықтардың да ерекше назарына ие. Тау мен жасыл орман қоршаған табиғаты сұлу болғанымен де, сол «сұлулықтың астында» қатерлі табиғи апаттар бұғып жатыр. Іле Алатауы дүние жүзіндегі ең жас таулардың қатарына жатқандықтан да жер асты қыртыстарындағы күшті тектоникалық қозғалыстар әлі тұрақтамаған. Салыстырмалы түрде алғанда Алматының жер асты рельефінің құрылымы Афины мен Лос-Анджелес қаласының жер асты бедеріне өте ұқсас. Бұл үш қала да тау қолтығында орналасқандықтан да тұрмыстық-экологиялық жағдайы аса ауыр аймақтардың қатарына жатады [4].

Бұрын Алматы қаласына қауіп төндіретін екі табиғи фактор бар болатын. Ол – жер сілкінісі мен сел еді. Қазір жоғарыда аталған апатқа үшінші фактор қосылды. Ол – дүлей (смерч) дауыл. Кейінгі он – он бес жылда тосыннан пайда болып, құйыннан жойқын күш иесі дүлейге ұласып, жолындағыны тасталқан ететін қатерлі дауылды тудырған экологиялық апаттың басты себепкері – экономикалық даму үрдісі жоғары ірі қалаларға тән табиғи тепе-теңдіктің сақталмауы, экономика үшін экологияны құрбандыққа шалудың кесірі. Тау қолтығында (бұрын Алматыны «Қолтық» деп те атаған) орналасқан

әлемдегі ең жасыл қаланың біріндегі ауа ағысы мен айналымын табиғаттың өзі табиғи түрде реттеп отыратын. Сайын сақарадан келген аптап ауа, ыстық жел таудың суық ауасымен кең кеңістікте еркін араласа алмасып, қалаға салқын самал жел болып есетін. Ал, қазір қаланың көлемі тым далиып кеткендіктен және Медеу аңғарындағы «жел өтіне» бөгеттер мен тоспалар салынып, зәулім ғимараттар бой көтеріп, ауа ағысына тосқауыл қойғандықтан да «қысымға шыдамаған самал жел» құйындатып барып дүлейге айналатын болды. Бұл дүлей – Алматы қаласына жыл маусымдары ауысқан сайын қауіп төндіретін «тұрақты экологиялық апат» сыпатын алады деген күдік бар.

Мысалы, 2011 жылдың 17 мамыр күні қала аймағы мен Медеу шатқалында аса жойқын дүлей соқты. Соның салдарынан тау беткейі мен қыраттардың бетін жауып, құм-шағылдың көшкінінен сақтап тұрған шымды тамырымен ұстап тұрған 64 мың түп Тянь-шань қарағайлары мен шыршасы түбірімен қопарылды [5]. Ал тура бір айдан кейін қайталап соққан дүлей құйын Алматының қыраттарындағы 5 мың жасыл көшетті тамырымен қоса жұлып әкетті [6]. Алматы қаласында бұрын-соңды кездеспеген мұндай табиғи апаттың тосыннан орын алуы қала тұрғындарын ғана емес, ауа райын бақылайтын ғылыми мекемелер мен төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің қызметкерлерін де, эколог мамандарды да таң қалдырды.

Ыстық, суық ауаның ағысы мен «қолтықтағы қалаға тығылған» ауа ағымын реттейтін Медеу шатқалындағы «желдеткіш аңғардың» мүмкіндігін саралай келгенде ғана апаттың себебі анықталды. Бұл табиғи апаттың себебін «еліміздің бас экологы» атанған «Табиғат» қоғамының президенті М.Елеусізов өзінің баспасөзге берген сұхбатында: «Мамыр-маусым айларында болған дауылды дүлейдің басты себепкері – Алматы қаласында қалыптасқан экологиялық қауіпті жағдайдың мүшкіл халі екенін анық», – деп мәлімдеді [7].

Оның мәнісі былай екен. Бұрын сонау солтүстіктен келген салқын ауа ағысы жолында «көлденең көлбеп» жатқан Іле Алатауын сағалай келіп Қолтыққа – Алматыға тығылып, Медеу шатқалындағы аңғар арқылы кеңістікке

шығатын. Табиғаттың өзі салған «желдеткіш жолы» арқылы қозғалған ауа ағымы қаланы қоршаған аңғарлар мен қыраттарды дегдітіп, жердің буын бойына сіңіріп, ыстық ауаны салқындатып, самалға айналдыратын. Қала шеңбері ұлғайып, өнеркәсіптік және тұрмыстық мұқтаждықтарды өтейтін тұтыну сұранымының табиғаттың реттегіш мүмкіндігінен тым жоғары болуының нәтижесінен, ауа ауысымы қозғалысына кедергі келтірген. Жылу жүйесі станцияларының түтіні, автокөліктердің улы газдары ауаны ыстап, маусымдық температура- ны көтерген. Бұған жел ағысына салынған «тас ормандар» – биік ғимараттар, алып тоспалар да кесірін тигізген. Сөйтіп, суық және ыстық ауа тар қолтықта булығып, алуан түрлі табиғи реакцияларға түсіп, құйындатып басталып, апатты дүлей күшке айналады. Бұрын қаланың шеті мен көшені қуалап, ішінара ғана кәрі ағаштарды сындырып, аңғардан сытылып шығатын құйын, енді қала кеңейген соң шығатын жол іздеп шырк үйіріліп, «тас ормандарға» соқтығысып барып жоғары өрлеуге мәжбүр болғандықтан да еріксіз «ұңғы» (воронка) жасап, дүлей күшке ұласады. Тау бөктері мен Іле Алатауының басындағы ағаштардың тамырымен қопарылып жусап қалатыны да сондықтан екен.

Бұл құбылыс, яғни, дауылды дүлей Іле Алатауының жасыл әлеміне, әсіресе, Іле Алатауының таулы орманы мен бақша-бауына, сол арқылы қаланың қалыпты өмір сүруінің өзіне үлкен қауіп төндіріп тұр. Баспасөздегі жарияланған орман шаруашылығының мамандарының мағлұматына сүйенсек, Алматы қаласын қоршаған таулы аймақта барлығы 2 000 000 түп ағаш бар көрінеді. Мамандардың есептеуі бойынша 2011 жылы мамыр айында өткен екі дауылдан кейін 60 мың түптен астам ағаш (емен, қарағай, шырша, терек, қайың, үйеңке, қарағаш т.б.) құлаған. Бес мың түптен астам бұтақтары опырылған ағаш айналасына қауіп төндіретін болғандықтан да кесілген. Ал бұдан бір жыл бұрын, яғни, 2010 жылы он мың түптен астам көшет кесіліпті[8]. Бұл үдеріс жалғасқан жағдайда, он жылдан кейін қала ауасының құрамына оттегі жетіспейтін болады. Қалыптасқан мөлшер бойынша бізді қоршаған атмосфераның құрамында 21% оттегі болуы тиіс. Ал қазір

Алматы қаласының атмосферасының 17% ғана оттегі құрайды екен. Гидрометеорологиялық мониторинг орталығының мәліметі бойынша, Алматының атмосфералық ауасының ластану деңгейі барынша мүмкін концентрациялық мөлшерден жоғары[9].

Қала мен таулы өңірдің ағаштарын жусатып түсірген тұтқиылдан соққан жойқын дүлейдің соңынан жауған бұршақты нөсер екінші бір күтпеген экологиялық апатты тудырып отыр. Жер қыртыстарының бетін жапқан шым қабаты оны ұстап тұрған ағаштардың тамырынсыз қалған соң, қопарылған тамырдың шұңқырына, көлденеңдеп жатқан ағаштардың діңіне жиналған шөп-шалаң мен қоқыс, лай топырақ бөгеп қалған су жер қыртысын кеулей жіпсітіп, шым мен сар топырақтың жігін ажыратып, әбден су сіңген соң жалаңаш қалған жасыл жоталардың «құйқасы» сыпырылып түседі. Яғни, мұқым тау беткей лайлы көшкінге айналып, жиналған судың кесірінен сеңге ұласады. Мұндай оқиға тау беткейлерінен жиі орын алады. Мысалы, осыдан 20 жылдай бұрын Жалаңаш жотасы сыпырылып түсіп, бүкіл бір қырат «таз тауға» айналды. Алматының қыратты жерлеріне орналасқан Есентай, Қарғалы, Қырғауылды аймақтарындағы көптеген тұрғын үйлер сондай апатты жағдайға душар болып отыр. Мұндай оқиғалар Алматы қаласының төңірегінде жиі орын алып келеді. Ал, қия беттегі жердің құйқасын бекіту үшін шым мен сарытопырақты, қиядағы шағылды қиыршықтарды жерге «шегелеп» тұратын тамырлы ағаштар мен бұталар отырғызып, сатылы текшелер (терасса), тоспалар жасалуы тиіс. Бұл мәселелердің зардаптары мен оны жою жолдары Алматы өңіріне ғана тән болғандықтан да, «Алматы ақшамы» және «Вечерняя Алматы» газеттері мен аймақтық теледидар каналдарында анда-санда репортаждар мен мақалалар жарияланып, телехабарлар беріліп келеді [10]. Алайда бұл жарияланымдар мен көрсетпелер үлкен экологиялық мәселе ретінде көтерілмей, репортаждық, фоторепортаждық қана сыпат алып отыр.

Алматының басына төніп тұрған экологиялық-тұрмыстық қауіптің үшінші түрі «әлемдік жылыну» мәселесімен тікелей астасып жатыр. Бұрын Іле Алатауының шыңдары жыл он

екі ай бойы қар «жамылып» жататын. Қазір бұл көрініс мүлде өзгеріске ұшырады. Шыңдардың басындағы қар ұзақ тұрмай, шілденің ішінде еріп кетеді. Тіпті «мәңгілік мұздақтардың» да көлемі азайып, жыл өткен сайын етегі түріліп келеді[11]. Мысалы, Алматы мен Іле өзенінің сол тармақтары бассейніне кіретін Іле Алатауы жотасының солтүстік бөктеріндегі мұздықтардың көлемі соңғы 50 жылдың ішінде – 40,8%-ға, нақтырақ айтсақ – 117,26 шаршы шақырымға азайған. Ал, Күнгеі Алатау жотасының солтүстік бөктеріндегі (Шелек өзенінің бастауы) мұздық тардың көлемі 30%-ға, , нақтырақ айтқанда – шамамен 86 шаршы шақырымға кеміген[12].

Міне, осындай тұрмыстық-экологиялық мәселеге мемлекеттік мекемелердің, қоғам мүшелерінің, ең бастысы қала тұрғындарының назарын аударып, шұғыл шара қолдану туралы пікір ұсынған белсенді қоғамдық құрал – баспасөз болды. Бұл мәселелер КСРО тұсында да баспасөз арқылы көтеріліп, Алматы қаласына осындай сыпаттағы экологиялық апаттың төнуі мүмкін екендігі алдын-ала болжанған болатын. Одан сақтандырудың бірнеше жобалар қарастырылды, соның ішінде – түтін шығаратын қатты жанармайды газға алмастыру; автомобиль жолдарындағы қозғалысты азайту үшін айналма жолдарын салу; аспалы метро салу; экологиялық аудандар жасау; трамвай-троллейбус қана жүретін экологиялық аймақ құру идеясы ұсынылды. Соның ішіндегі ең ірі ғылыми жоба – Алматының қолтығындағы Медеу аңғарына көлденең жатқан тауды тесіп, желдеткіш дәліз жасау, сөйтіп, тау аңғарын желдеткіш ретінде қолдану туралы ұсыныс болатын. Жазушы Ә.Әлімжанов ұсынған бұл идея сол кездегі «Лениншіл жас», «Қазақ әдебиеті», «Ленинская смена», «Вечерняя Алма-Ата» газеттерінде талқыланып, ғылыми мекемелердің жобалық тақырыбына енді. Алайда СССР жоспарлау комитеті бұл жобаны қолдамағандықтан да, мекемелердің арасындағы «жоспарлы тақырып» күйінде қалып қойды. Оның орнына, Алматы қаласының негізгі жоспарлы даму бағытындағы елеулі экологиялық проблема ретінде жер сілкінісінің зардаптары мен селден сақтану шаралары бірінші кезекке шықты. Бұл шаралардың сәтті нәтижелері

ретінде, 1964-1967 жылдар аралығында салынып, 1972-1974 жылдары аралығында одан әрі жетілдірілген Медеудегі үлкен тоспа-көпірі, сондай-ақ Алматы қаласында салынатын ғимараттардың іргетасының 9 баллдық зілзалаға шыдас беретіндей стандарттық нормасының кіргізілуін, оған мысал ретінде 25 қабатты «Қазақстан» қонақ үйінің салынуын атап өтуге болады. Ал жоғарыдағы «Алматы-Медеу ауа желдеткіші дәлізінің» мәселесі шешілгенше «ауаның қозғалысына бақылау жүргізудің тиімді жолдарын қарастыру» көзделген болатын [13].

Алматы қаласын экологиялық апаттан сақтандыру жобалары күйреген кеңестік империямен бірге «келмеске» ала кетті де, соңында тек Алматыны апатқа әкелетін проблемалар қалды. Мемлекеттік құрылым мен саяси жағдай өзгерді. Бұрынғы экономикалық байланыстар үзілді. Өмір сүрудің өзі проблемаға айналды. Осы тұста жоғарыда айтылған экологиялық қауіпке назар аударуға мемлекеттің де, жұртшылықтың (общественность) да мүмкіндігі болмады. Керісінше, бұл мәселелер жаңа екпін алып, бұрынғыдан да күрделене түсті. Дала жұртының қалаға жаппай көшуінен қала халқының саны өсіп, бір қабатты үйлердің есебінен экологиялық қолайсыз аймақтың көлемі үш есеге артты. Тұрмысқа қажетті коммуникациялар жүргізілмегендіктен де табиғи отынды пайдаланушылардың есебінен ауаның ыстануы еселей артты. Басқасын былай қойғанда, қаланың санитарлық тазалығын сақтау үшін қаланы күл-қоқыстан тазартудың өзі үлкен алаңдатарлық проблемаға айналды.

Mercer Human Resource Consulting мәліметі бойынша, Алматының ластануы дәрежесі 39,1 деген деңгеймен белгіленіп, әлемдегі ең лас 215 қаланың тізімінің ішіндегі алдыңғы қатардағы 9-орнында тұр (Forbestің ақпаратына сүйеніп, ескерте кетеріміз, барлық қалалардағы денсаулық пен тазалыққа қатысты экологиялық ахуалдың көрсеткіші Нью-Йоркпен (100 ұпайға тең) салыстырылып берілген. Сол көрсеткіш бойынша есептегенде, әлемдегі ең лас қала – Баку (27,6), ең таза қала – Калгари (Канада, көрсеткіші 131,7) дейін бағалап шыққан [14]. Аталмыш тізімдегі алғашқы 25 орынды иемденген қала тұрғындары үшін аспандаған қара түтін, қышқылды жауын мен ағынды ақпа су-

лар күнделікті өмірдің үйреншікті бір көрінісі болып табылады). Зерттеуді жүргізген ұйым Алматы қаласындағы экологиялық қауіптің орын алу себептерін:

«Мұнай өндірісіне негізделген қарқынды ынтымақтастық (бәселестік) пен қоршаған ортаны ластанудан қорғау шараларының жеткіліксіздігі – бұл қаланың экологиялық дағдарысқа ұшырауына негіз қалап отыр. Қаланы қоқыс пен уытты қалдықтардан тазартып, қала жағдайын жақсарту шараларының бағасы аса қымбат, бірақ немкеттіліктің бағасы одан да қымбатқа түсіп отыр», – деп атап көрсетті [15].

Алматы қаласының атмосферасына зарар әкелетін ысталған газдың негізгі себепкері – жылу жүйесі мен электр қуатын өндіретін кәсіпорындар, автокөліктер мен өнеркәсіп орындары. Соның ішінде, зиянды газдың 80% жуығы автокөліктердің «еншісіне» тиесілі. Яғни, бұл рұқсат етілетін мөлшерден 3-4 есе жоғары деген сөз.

Results.

Енді, жоғарыдағы экологиялық көрсеткіштер мен ол оқылықтардың орынын толтыруға тиісті мемлекеттің экономикалық мүмкіндігін салыстырып көрейік. Өйткені барлық экологиялық проблеманы экономикалық дәрменсіздікпен түсіндіру – Қазақстанның мемлекеттік даму саятына кереғар әрі намыс болуы тиіс. Өйткені, Киото протоколы бойынша Қазақстанның өнеркәсібінің қарқын алу деңгейі дамыған мемлекет ретінде ресми танылды (Қазақстан рейтингтің «В» қосымшасына емес, КП 1 қосымшасына кіргізілген. Ол дегеніміз мемлекеттің өнеркәсібі дамыған). Бірақ бұл рейтингтегілерге әлі де болса жеңілдік бар, яғни, зарарлы заттектерді шығаруды азайтуға заңды түрде міндетті емес. Біз бұл арада мемлекеттік протоколмен қарастырылған қаражат механизмдерін экологиялық жобаларға жұмсай алмайтындығы ережені меңзеп отырмыз – Н.Ж.)). Копенгаген шарты бойынша, 2020 жылға дейін CO₂ шығатын өнімнің көлемін 1992 жылмен салыстырғанда 15 пайызға, 2050 жылға дейін 25 пайызға азайтуға Қазақстан ерікті түрде келісім берді. Бірақ әзірге бұл мақсаттың қалай орындалатыны анық емес. Өйткені, қазіргі уақытта өндірістегі өнімдердің зарарлы зат бөліп шығару мөлшері

азаймай отыр, керісінше, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі мен Қазақ ғылыми-зерттеу институтының бірлескен болжамы бойынша, CO₂-нің деңгейі 2017 жылы 1992 жылғы көрсеткішпен салыстырғанда асып түсетінін ескертеді. Кейбір деректерге жүгінсек, бұл көрсеткіш қазірдің өзінде орын алып отырған сияқты [16].

Алматы қаласына төңген осындай апаттар қазақ баспасөзінің негізгі тақырыптарының біріне айналды. Қазір мұндай экологиялық апаттардың алдын алу былай тұрсын, соның зардаптарын жоюдың өзі тиісті деңгейде жүзеге асырылмай отыр. Үлкен жобаларды былай қойғанда, міндетті түрде шұғыл атқарылуы тиіс: Іле Алатауындағы жапырыла құлаған орманды тазарту; оның орнына жас өскіндер егу; көліктерден шығатын түтінді азайту; ТЭЦ-терден шығатын ыс мөлшерін кеміту; жылыту мақсатында отын жағатын үйлерді газдандыру сияқты тұрмыстық-экономикалық шаралар пәрменді түрде қолға алынбай жатыр. Бұған мемлекеттік мекемелердің назарын аударып, қоғамдық пікір туғызу мақсатында жекелеген журналистер мен Мелс Елеусізов бастаған республикалық тәуелсіз «Табиғат» экологиялық одағы әр деңгейде экологиялық мәселе көтереді. Бұл проблема жайында баспасөз беттерінде ұдайы мақалалар жарияланып келеді. Қала аймағындағы экологиялық жағдайға адамдардың өздерінің тигізіп отырған кері әсерін жұртшылық назарына ұсынады. «Табиғат» одағы ұйымдастырған «Таза оралым» (квартал), «Таза жағалау», «Таза орман», «Таза көше», «Таза демалыс аймағы», «Таза бұлақ», «Жасыл көшет» сияқты т.б. қоғамдық шаралар барлық баспасөздерде жазылып, насихатталды.

Алайда, соңғы жылдары орын алған аса ірі экологиялық апаттар туралы зерттеліп жазылған пайымды ақпарат материалдары сирек. Апаттың зардаптарынан мағлұмат беретін батыл да, өтімді мақалалар қазақстандық басылымдарда тұрақты басылмайды. Телекөрсетілімдер де берілмейді деуге болады. Тіпті, экологиялық апаттардың өзі ресми басылымдарда толық жазылмайды. Мысалы, таудағы су қоймасы бұзылып, тоспаның көмейінде тұрған Қызылағаш ауылын жермен жексен етіп, Балқашқа дейінгі аралықтағы Егінсу сияқты елді мекендерді ба-

сып өткен селдің астында қалған адамдардың саны, экономикалық шығын мөлшері, мұндай табиғи апатқа душар еткен мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелердің жіберген қателіктері әлі күнге дейін толық жарияланған жоқ. Тек, жеке адамдардың тағдыры, үкіметтің кешігіп қолданылған шараларын насихаттау, үкімет пен әкімдердің апаттан кейінгі қалпына келтірген болымсыз да, толымсыз шараларын мемлекеттік жетістік ретінде бағалау, қасіретті салтанатқа айналдыру (зардап шеккендерге үй беруді салтанатты түрде ұйымдастырып, теледидардан көрсетілді) үрдісі белен алды. Мұның өзі еркін баспасөзбен үкімет арасындағы түсіністіктің жоқтығын танытады. Апаттың зардаптары «бітеу жараға» айналып отыр. Өзгені былай қойғанда, шетелдік туристердің «таң қалатын айнасына айналған» Медеу шатқалындағы апатқа ұшыраған, жайрап жатқан ормандарды тазартып, оның орнына жас көшетті қалай отырғызу мәселесін мемлекеттік комиссияның шеше алмауы соны аңғартады.

Бұл ғаламның жаппай жылынуымен тікелей байланысып жатқан апат. Оған шұғыл шара қолдану қажет. Әйтпесе, жер шарын қамтитын ұлы апаттың «жергілікті» көрсетілімі сияқты бет алады. Бұл кішкентай ғана экологиялық мәселе емес, ұлттық, мемлекеттік мәселе. Сондықтан да, мұндай экологиялық зардаптың алдын алу шараларын, қам-қарекетін жұртшылық білу тиіс. Ол үшін экологиялық қауіп-қатер мен оның зардаптары туралы өкімет пен баспасөз арасындағы диалог ашық, жария және өзара сенімге ие болуы керек. Өкінішке орай барлық жерде мұндай түсіністік орын алып отырған жоқ. Адамның өз қолымен, өзінің жауапсыздығынан, мемлекеттің немқұрайлығы мен шарасыздығынан туындап отырған мұндай экологиялық қатерді адамдар білу және түсінуі тиіс. Мағлұмат талап етуге, мемлекеттік шараларға тікелей араласуға тұрғындардың құқысы бар. Бұл екі жақтың дәнекері – тек баспасөз. Сонда ғана, Іле Алатауындағы орман апаттарына жол берілмейді.

Әдебиеттер

- 1 Об итогах социально-экономического развития Республики Казахстан за январь-ноябрь 2011 года // www.minplan.kz 15.01.2011.
- 2 Оразалы Сабден Успехи неоспоримы. Экономическое развитие Казахстана за 20 лет Независимости // *Казахстанская правда* 04.11.2011.
- 3 Doing Business 2012, Doing Business in a More Transparent World Economy Rankings, Author: Doing Business, Published: October 20,2011 // www.doingbusiness.org
- 4 Алматы // www.karta.kz 20.01.2012.
- 5 Поваленные ураганом деревья в Алматы создают ряд угроз для города // www.zakon.kz 20.09.2011.
- 6 В Алматы устраняют последствия шторма // www.khabar.kz 20.09.2011.
- 7 Интервью с М.Елеусизовым. // www.aif.kz 13.07.2011
- 8 Ташпанова М.А. Кто ты на Земле? Прохожий или хозяин? // teacher-almaty.clan.su 15.10.2011.
- 9 Kislodod // www.polpred.com 20.10.2011.
- 10 Сәрсенбек Бекмұратұлы. Кеше Алматыда бұршақ жауды баданадай-баданадай түйіршіктер үй шатырларын дүбірлетіп-ақ жіберді // almaty-akshamy.kz 27.06.2011.
- 11 Елена Брусиловская. Важней всего погода в доме. В Казахстане наблюдается потепление климата. // *Казахстанская правда*, 12.08.2011.
- 12 Елена Яфузова. Сила сели. Алматы угрожают горы. // www.centrasia.ru 21.09.07.
- 13 Центр Гидрометеорологического Мониторинга г. Алматы // www.almaty.kz 15.10.2011.
- 14 Mercer Human Resource Consulting // www.mercer.com/home
- 15 Tiffany M. Luck “The World’s Dirtiest Cities”, www.forbes.com
- 16 Аксим Береговой. Казахстану еще предстоит научиться управлять своими экологическими рисками // www.liter.kz 13.05.2011.
- 17 *Казахская советская энциклопедия* // 1 том

References

- 1 Ob itogah sotsialno-economicheskogo razvitiya Respubliki Kazakhstan za yanvar-noyabr 2011 goda // www.minplan.kz 15.01.2011.

- 2 Sabden O. Uspehi neosparimy. Economicheskoe razvitie Kazakhstana za 20 let nezavisimosti // Kazakhstanskaya Pravda, 04.11.2011.
- 3 Doing Business 2012 Doing Business in a More Transparent World Economy Rankings // October 20, 2011 <http://www.doingbusiness.org>
- 4 Almaty // www.karta.kz 20.01.2012.
- 5 Povalennye uraganom derevya v Almaty sozdaiyut ugrozu dlya goroda // www.zakon.kz 20.09.2011.
- 6 V Almaty ustranyayut posledstviya shtorma // www.khabar.kz 20.09.2011.
- 7 Intervyu s Eleusizovym M. // www.aif.kz 13.07.2011
- 8 Tashpanova M.A. Kto ty na zemle? Prohozhii ili hozyain? // <http://teacher-almaty.clan.su> 15.10.2011
- 9 Kislorod // www.polpred.com 20.10.2011.
- 10 Bekmuratuly S. Keshe Almatyda burshak zhaudy badanadai-badanadai tuirshikter ui shatylarlyn dubirletip-ak zhiberdi // www.almaty-akshamy.kz 27.06.2011.
- 11 Brusilovskaya E. Vazhnei vsego pogoda v dome. V Kazakhstane nabludaetsya poteplenie klimata // Kazakhstanskaya pravda 12.08.2011.
- 12 Yafuzova E. Sila seli. Almaty ugrozhayut gory // www.centrasia.ru 21.07.2008.
- 13 Tsentr Hidrometeorologicheskogo Monitoringa gororda Almaty // www.almaty.kz 15.10.2011.
- 14 Mercer Human Resource Consulting <http://www.mercer.com/home>
- 15 Tiffany M. Luck “The World’s Dirtiest Cities”, www.forbes.com
- 16 Beregovoi M. Kazakhstanu eshche predstoit nauchitsya upravlyat svoimi ecologicheskimi riskami // www.liter.kz 13.05.2011.
- 17 Kazahskaya-sovetskaya enciklopediya // 1 tom.

ӘОЖ 7

Н.Р. Ескендилов

Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының аға оқытушысы, докторант, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: Naka_oner@mail.ru

Ұлттық салт-дәстүрлердегі комедия элементтерінің көрінісі

Мақалада драматургияның басты жанларының бірі болып саналатын комедия адам өмірінің тұрмыс-салтының, әдет-ғұрпының бір бөлігі ретінде қарастырылған. Комедиялық спектакльдердің бүгінгі заманның өзекті мәселелерін қозғаудағы маңызы сарапталған.

Түйін сөздер: мәдениет, фольклор, ұлттық салт-дәстүрлер, бақсы, этномәдениет, театр, комедия, рөл.

N.R. Yeskendirolv

The reflection of the comedy elements in the national traditions.

The article deals with one of glavnh Genres drama - comedy. It is a reflection of a person's life, his custom, traditions, way of life. Therefore, today's era comedy performance reflects the life, customs and traditions of the people.

Keywords: Culture, folklore and national traditions, the shaman, ethnic culture, theater, comedy role.

Н.Р. Ескендилов

Отражение элементов жанра комедии в национальных традициях

В статье рассматривается один из основных жанров драматургии - комедия, которая считается отражением жизни человека, его обычаев, традиций, быта. Поэтому комедийный спектакль современной эпохи отражает быт, обычаи и традиции народа.

Ключевые слова: культура, фольклор, национальные традиции, шаман, этнокультура, театр, комедия, роль.

Әрбір елдің мәдениеті белгілі бір бағытта қалыптасатыны және сол негізде дамитыны белгілі. Бұл бағыт деп отырғанымыз – өмір сүру, тұрмыстық қалыптасу барысында пайда болатын ұлттық ерекшеліктер: салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, дағды-машықтар, жөн-жоралғылар, рәсім-жосықтар. Мұның барлығын «мәдениет», «мәдени бастаулар» деп атаған жөн. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов өзінің 1918 жылдары жазылған «Мәдениет хәм ұлт» деп аталатын мақаласында осы «мәдениет» ұғымын: «Мәдениет деп адамның дүние жүзіне алғаш келгенінен осы күнге шейін тапқан хәм сол білімге сүйеніп істеп отырған өнерін айтамыз. Мәдениеттің адам қолына бір-ақ күнде қазіргі күйде келіп түсе қалмағаны хәркімге мағлұм. Мәдениетке негіз салушы адамның ақылы хәм жүрегінің көрген нәрседен әсер алғыш сезімділігі» [1, 118 б.], – деп түсіндіреді.

Расында қай елдің, қай халықтың болма-

сын әдебиеті мен мәдениетінде сол ұлтқа тән өзгешеліктердің, салт-сана мен ғұрыптарына байланысты дәстүрлі құбылыстардың болатындығы белгілі. Тарихи мәнге ие мұндай спецификалық нақыштар әсіресе белгілі бір елдің тамыры тереңде жатқан ұлттық фольклорынан, яғни ауыз әдебиеті мен жазба материалдарынан жиі кездеседі. Осы халықтық фольклордың үлкен мәнге ие, бірегей саласы болып табылатыны – комедия, күлкіге толы сарындар дейміз.

Әдебиеттің, оның ішіндегі драматургияның комедия жанрын адам өмірінің, тұрмыс-салтының бір бөлігі ретінде қарастырамыз. Өйткені адамзаттың күнделікті тұрмыс-тіршілігін күлкісіз елестету мүмкін емес, яғни өмірдің бірсарынды мұңды, көлеңкелі болмағы аян.

Әдебиет пен драматургияның қай жанры болмасын оның түп тамыры тереңде жатыр.

Яғни, ұлттық аңыз-әфсаналар, ауызба-жазбаша құндылықтар мен фольклорлық мұралардан бастау алатыны белгілі. Мұның нақтылығы мен дәйектілігін еуропалық, ресейлік, кеңестік және отандық ғалымдардың көптеген еңбектерінен т.б. кездестіруге болады.

Зерттеуші Жұмабай Әбіл комедияның туындау жүйесін: «Қазақ фольклорын зерттеушілер фольклорлық театр жанларын жіктегенде түрлі салт, әдет-ғұрып, ырым-жораларға байланысты қарағаны белгілі. Бұлай еткенде, олар тақырыбы мен идеялық ерекшеліктерін басшылыққа алды. Осы реттегі жіктеу жүйесі төмендегіше. Негізгі түрлері: тұрмыс-салт өлеңдері, төрт түлік мал туралы өлеңдер (Наурыз өлеңдер); діни уағызға байланысты салт өлеңдер, жарапазан, арбау, жалбарыну, баксы сарыны, бәдік, сыңсу, беташар, мұң-шер өлеңдер, өтірік өлеңдер», – деп жіктейді [2, 26 б.]. Мұны комедия жанрының түп тамыры ұлттық топырақтан туындағанының нақты айғағы дейміз. Ғалым жазбасындағы салт өлеңдерінде, яғни мерекелерде орындалатын жырларда әзіл мен қалжың, қағытпа мен кекесін басты маңызға ие. Демек, қазақ фольклорынан басталған осындай халықтық ойындарды театр өнерінің қайнар көзі деп толық айта аламыз. Бұған дәлелдер мен дәйектер өте көп. Мәселен, Р. Нұрғали, Т. Қожакеев, Ж. Әбіл, Р. Рүстембекова т.б. еңбектерінде бұл мәселе жан-жақты қарастырылады.

Ұлттық болмысында ойын мен тойға, салт пен дәстүрге бай, сауықшыл қазақ халқының этномәдениетінің қалыптасуы мен дамуы тереңде жатыр. Бүгінгі күнге дейін атадан-балаға сақталып келе жатқан рәсім-жоралардың көшпелі халықтың тұрмыс жүйесі негізінде пайда болуы көп ықпал еткен. Көшпелі елдің, әсіресе жылдың әр мезгіліндегі шаруашылығына байланысты көшіп-қону кезінде, табиғаттың қыстан көктемге ауысқан уақытында, т.с.с. қалыптасқан тұрмыс-тіршілігіне қарай, әдет-ғұрыптарына сай болатын тойларының түрлері сан алуан. Мәселен, бір адамның бүкіл өмір жолында болып өтетін: үйлену тойы, шілдехана, бесік тойы, ас беру және жорықтарға байланысты: жеңіс тойы, қаған тойы, т.б. Бұл туралы Е. Сағындықов, Д. Айдаров, И. Жеменей, Қ. Тәкежанұлы, Б. Кәмәлашұлы, т.б. еңбектерінде кеңінен айтылады.

Осындай жиын-тойлардың сәні мен салтанаты әншілер, күйшілер, жыраулар, ақындар, шешендер, сықақшылар, сайқымазақтар болып табылады. Соның ішінде халықтың жайкүйін немесе хандар мен батырлардың ерлігін әдемі сөз өрнектерімен суреттеп беретін ақындар мен тойды қыздыру функциясын атқаратын сайқымазақтардың орны ерекше. Олар ауыларалық, руаралық үлкен жиын-тойларда өнер көрсетіп, әзіл-қалжыңдары арқылы бір жағынан – елдің көңілін көтерсе, екінші жағынан – ел арасындағы келеңсіздіктерді ашықтан-ашық жеткізіп отырған.

Халық арасынан шыққан мұндай сайқымазақтарды күлдіре отырып, үлкен маңызға ие қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді қаймықпай ортаға салушылар деп айта аламыз. Еуропалық гистриондар мен жонглерлердің, буффондар мен трубадурлардың, орыстың шуттары мен славиян халықтарының скоморохтарының, шығыстың масқарабоздары мен дағыстандық домбайлардың халықтық үлгісі қазақ жерінде ертеде-ақ болғандығын, өмір сүргендігін тарихтан да, ауыз және жазба әдебиеттерден де кездестіре аламыз. Қазақ өміріне жанашыр әрі шығармашылық мұндай адамдар біз үшін күлкінің маңызды нысаны болуымен ерекшеленеді.

Көшпенді елдің тұрмыс-тіршілігінің өзі қызықты той-думанға, әзіл мен қалжыңға толы болғандығы қазақ ауыз әдебиетінен де, жазба деректерде де белгілі. Ерте кезде қаһарлы қыстан аман-есен шыққан қазақтардың керуен басын жайлауға бұрған уақытта межелі жеріне жеткенше де, жеткеннен кейін де ұжымдасқан түрде түрлі ойын-сауықтар өткізгендігі жөнінде этнограф-ғалымдар көп жазған. Ұзақ шақырым жол жүрген тұтас елге мұндай мереке-жиындар бірте-бірте дәстүр болып қалыптасып, ұлттың өзгеше болмысын танытып келеді. Бұл туралы академик, фольклорист Сейіт Қасқабасов: «...адамдардың жалпы эмоциялық биіктеуіне алдағы қыстаудан жайлауға көшердегі сәт қозғау болған. ...Әдетте қыстаудан жайлауға дейін жолдың ұзындығы 250-300 және одан да ұзақ шақырымға созылып жатады. Осынау көші-қон кезінде әрқилы ойындар мен көңіл ашатын шаралар ұйымдастырылып, еру жалайтын жерлері бар үлкен саяхат болып көрінді. Әсіресе

көш жайлауға құлаған уақыт мерекеге, тойға ұласқан» [3, 187 б.], – деп жазады.

Сол сияқты ұлттық дәстүрдегі ең бір қызықты, ән-жырға бай формасымен ерекшеленетіні – үйлену тойы. Мұнда орындалатын «Тойбастар», «Беташар» әндерінің күлкіге, әзіл-қалжыңға бағытталатын себебі, бұлар – жұбайлардың алдағы өміріне бақыт тілеуден, оларға ақыл-кеңес беруден туындаған жырлар. Айталық «беташарда» бір жағынан – жаңа түскен келіннің алдағы өміріне тәрбиелік мәні зор өсиеттер айтылса, екінші жағынан – жаманды, қолында билігі бар сараң байлардың теріс әрекетін сынап, оларды қағытпа найзасына іле отырып, осындай жат қылықтардан аулақ болуға үйретеді.

Осы үйлену, яғни қыз ұзату, келін түсіру тойларында қызықты, күлкіге толы көріністер өте көп. Ұрын келуден беташарға дейінгі аралықта басты кейіпкер қыздың немесе жігіттің жеңгесі болып табылады және оның атқаратын қызметі үлкен әрі жауапты. Соның бірі қалта қарау кәдесінде «Күйеу бала мен күйеу жолдас қалталарына қызға лайықты иіс сабын, айна, тарақ, иіс су, жүзік, білезік, т.б. заттар салып бару керек. Қыздың жеңгелері күйеу баланың қалталарын қарап алады да, қатар отырған адамдарға үлестіреді. Күйеу баланың жолдасының қалтасы да бос болмау керек. Құдаларды кіргізерде, не кіріп отырғаннан кейін «ұн жағу» кәдесі орындалады» [4, 206 б.].

Барлық халықтардың, ұлттар мен ұлыстардың ата-баба жолы қалыптастырған гуманистік-мәдени болмысындағы қымбат қазына – олардың салт-жоралғылары мен әдет-нақыштары. Бүгін бір ұлттың таным-болмысын, өзіне тән жаратылысын зерттеген кейбір ғылыми еңбектерде қоршаған орта мен табиғат, аспан мен жер арасындағы магиялық көзқарастар негізінде туындаған салт-жораларды діни әдет-ғұрыптар, маусымдық халықтық мерекелер және отбасылық той-томалақтар деп үшке бөледі. Онда: «Діни әдет-ғұрыптарға өте ертеден қалыптасқан түрлі ырым-сырым, наным-сенімдермен бірге зороастр, будда, шаман, ислам діндерінен енген рәсімдер жатады. Ал маусымдық мерекелерге жалпыхалықтық тойлар – жыл басы тойы – Наурыз, жаз тойы – Қымызмұрындық, күз мейрамы – Мизам (шопандар тойы мен сабантой), қыс тойы – Соғым

енеді... Ал семьялық той-томалақтарға келсек, үйлену тойы, құрсақ шашу, қырқынан шығару, ат қойып, айдар тағу, тұсау кесер, тілашар, сүндет тойы, мүшел тойы, сапар тойы, жерлеу салттары осы топқа кіреді» [5, 5 б.]. – делінген.

Соның ішінде тойлану, оған дайындық жасау процесі негізінде думанға, қызық пен күлкіге жақыны – Наурыз тойы болып табылады. «Қазақ халқының өмірінде болып жатқан сан қилы оқиғаларды бастан-аяқ баяндап беретін ғасырлар бойы бірге жасасып келген әдет-ғұрып ойындар бар. ...Бұған жататын ойындардың негізгілері – «Наурыз» мерекесінде ойналатын ойындар. ...Осы мереке күні ойнайтын негізгі ойындар – «қалтырауық қамыр кемпір» және «ақ боран». Жалпы, қазақтың әдет-ғұрып ойындарының көпшілігі осы ойынмен басталады. Наурызда бұл ойындар екі жақтың тартысы арқылы ойналып, қыстың қысылшан қаттылығын бейнелейтін болған» [8, 3-5 б.б.], – деп жазады қазақ ұлттық ойындарын, олардың орындалу, ойналу ерекшеліктерін жан-жақты зерттеген Б. Төтенаев.

Жалпы Наурызды көптеген дәстүр-жоралардың басын қосқан синкертті-синтездік мереке деп айта аламыз. Сонымен қатар бұл той көптеген ұлттарға ортақ: гректерде «патрих», тәжіктерде «бәйшешек», «гүлнаурыз», хорезмдіктерде «наусарджи», татарларда «нардуган», буряттарда «сагаан сара», армяндарда «наварди», чуваштарда «норис ояхе» деп аталады екен. Бұл мерекенің философиялақ астарында жамандықтан тазару, жақсылыққа аяқ басу жатыр. Мұнда ақындар айтысы, жыршылық өнермен қоса күрес, көкпар, аударыспақ, қыз қуу, алтыбақан, т.б. сынды ұлттық ойындар орын алады.

Философиялық мағынасы биік осындай мерекеде орындалатын қазақ ұлттық ойындардың ішінде терең мәнге ие – ақсүйек, алтыбақан, хан болса, көпшіліктің арқасын қыздырып, көңіліне шаттық беретіні – қыз қуу. Бұл – әлі күнге дейін өзінің мазмұнын жоғалтпай жалғасып келе жатқан бірегей ойын. «...Сол заманғы тәртіп бойынша жарыс жігіт пен оның қалыңдығы арасында өткізілген (біздің заманымыздан бұрын VIII-VII ғасырларда Қазақстанның территориясын жайлаған кейбір рулардың арасында осындай тәртіп болған). Егер жігіт жарыста жеңілсе,

ол өзіне қойылатын талапты ақтай алмағаны үшін оның қызбен некелесуге хұқы болмаған. ...Егер қыз жеңілген деп табылса, қыз жағының келісімі бойынша, ешқандай қалыңсыз-ақ ол жеңген жігітке тұрмысқа шығады» [9, 187 б.]. Дегенмен қазіргі уақытта дәл мұндай талаптар орындалмаса да «қыз қуудың» ұлттық дәстүрлі ойындар қатарынан алатын орны өзгеше. Әрі мұның ойналу процесі кезінде орын алатын әрекеттер көпшілікті өзіне еліктіріп әкетеді.

Қызық пен күлкіге толы ойындар үлгісі қай елдің болмасын рухани-мәдени өміріне азық болғандығы белгілі. Бұлардағы комедиялық сарындар қазақтың аталған халықтық ойындарында, шығыс ойындары – байси (Қытай), дэнгаку (жапон); түріктің ұлттық ойыны – чехарде (екі топқа бөлініп, бір адамның үстінен секіреді. Секіре алмаған адам ортада еңкейіп тұрған адамның орнына келіп тұрады), Әзірбайжан ұлттық ойыны – Човган (жылқымен би билеу, топтық ойын), өзбектің ұлттық ойыны – «дарбозда», т.б. Байқалады. Мәселен, дарбоз дегеніміз – аты айтып тұрғандай, биікке керілген арқанның (жіптің) үстімен жүріп, өнер көрсететіндер. Мәтінге емес, тек қана қимыл-қозғалысқа құрылған бұл ойынға қатысушы масқарабоз-сайқымазақтар мен музыканттар да өзара әрекет диалогын тудырады.

Негізінен қазақтың комедиялық элементтер мол кездесетін ұлттық ойындары: алтыбақан, көрші, ақсүйек, қыз қуу, т.б. Б. Төтенаев: «Халықтың еңбек процестеріне және әдет-ғұрыптарына байланысты өткізілетін жиын-тойлардан басқа тағы бір көңіл көтеретін, ең қызықты мерекесі – үйлену тойы. Бұл тойда әдет-ғұрып, салт-санаға байланысты өткізілетін ойындарды қызықтаудың шегі болмайды. ...той үстіндегі өткізілетін әдет-ғұрып ойындарының бас кейіпкерлері – қыз бен жігіттің жеңгелері мен құрбы-құрдастары.

Үйлену тойындағы дәстүрлі ойындардың ең негізгісі қызды шығарып салғандағы қыз кәде ойыны» [6, 119 б.], – десе, аталған ойынның орындалуын Ш. Хұсайынов пен Ы. Дүйсенбаев: «Білегін сыбанып, белін буынған, жалаңдаған жеңгелер мен омырауын ашып, өңешін созған жігіттердің ортасында басына сәукеле киіп ұзатылатын қыз тұрады. Өзіл сөз, айтыс өлеңмен жеңсең, қызды алып жүре бер, болмаса толық

түрде кәдесін бер. Кәдеге көнбегендер күйеу қосшыны тарта жөнеледі. Суырыла сөйлейтін шешен жігіт пен ділмәр келіншек тартыса келіп, сөзге тоқтап, жолға жүгінеді. Қайсысыныкі дәлелді. Кімді кім жеңеді? Сәскеде аттанатын қыз ымырт жабыла, я болмаса ертеңінде үлкендердің бас алқа айтып, тоқтауымен әрең дегенде аттанады» [7, 85 б.], – деп түсіндіреді.

Осындай көпшілік қатысатын ойын-той көріністері бірте-бірте театрлық элементтер ретінде айқындалып, қазақ сахна өнерінің қалыптасуы мен дамуына алып келді. Бұл туралы академик С.Қасқабасов: «Театрлық тұрғыдан және сахналық әрекетке жақындығы жағынан зор қызығушылық тудыратын ойындарға «қыз ойнақ» пен «хан жақсы маны?» жатқызуға болады. Бұлардың өздерінің «декорациялары», рөлдерді бөліп беру, орындаушылық ойын, жеке және екі дауыстағы әндер, орындаушыларға кеңес беріп, ережесін түсіндіретін, әрі қарай жалғастыруды басқаратын «режиссері» мен көрермендері бар» [3, 204 б.], – деп жазған. Расында әрбір ойынның құрылымы нақты бір идеяға негізделіп, оның қатысушы кейіпкерлері: басты (бастаушы) ойыншы немесе қосалқы ойыншылар тобы белгілі бір мизансценаны құра отырып, әрекет етеді. Оларда екеуара диалог немесе хор, ән айтып, би билеу тәрізді өнер түрлерінің де орын алатыны анық. Ендеше ұлттық ойындарда да театрлық-сахналық элементтер мол деп айта аламыз.

Қазақтың бай лексиконындағы сөздер, тіркестер мен теңеулер ерте кездегі шешендердің, жыршылар мен эпос орындаушылардың мәтіндерін байытып, діттеген нүктесіне анық та ашық жетіп отырған. Түп тамыры тереңде жатқан қазақ поэзиясы әрбір ширек ғасырлар, жүзжылдықтар дәуірінде, сол кезеңнің саяси-әлеуметтік құрылымына қарай өшпес мұра жасады. Жалпы ерте ғасырларда өмір сүрген Майқы би, Бұхар тәрізді шешендердің, Асан қайғы, Қазтуған, Марғасқа, Шөже, Сүйінбай, т.б. жыраулар мен Нұртуған, Қашаған, Өскенбай, Жамбыл сынды жыршы-термешілердің ізін жалғастырушылар К. Рүстембеков, А. Алматов, Б. Жүсіпов, Қ. Орашова, Б. Тілеухан, т.б. бүгінгі қоғамдағы орны туралы С.Қасқабасов өзінің зерттеуінде: «Қазақ еліндегі неше түрлі сөз майталмандары (осы күнгі жыршылар, жыраулар,

өлеңшілер, ертекшілер, әңгіме-шежірешілер)» – ең алдымен ежелгі мұраны сақтаушылар. Олардың шеберлік творчествосының басты ерекшеліктері елдің ежелгі мұрасы мен мәдениетін біліп, түсінумен бірге сақтап, нақышына келтіре орындап, басқа адамдарға, көпшілікке таратуында, келесі ұрпаққа жеткізуінде, жеткізе білуінде. Бұл ерекшелік тек психологиялық қасиеттерге, жаттау қабілетіне, музыкалық талантқа, әсем дауысқа ғана байланысты емес, сонымен қатар сөз шеберінің ішкі өнерпаздық дарынына, халық поэзиясының нәрін түсіне білуіне, оның сыр-сипатын, қасиетін жақсы танып, толық меңгеруіне байланысты» [8, 42 б.], – деп жазады.

Сол сияқты «Эпос айтушы жыршылардың орындаушылық мәнері орындау шеберлігімен (артистичность) ерекшеленген. Үлкен эпикалық шығармаларды ұмытпай, есте сақтап айта алатын жаршы расында да нағыз театр актері іспетті орындаған. Бір жағынан эпос айту барысы шығармашылық ізденісті еске түсірсе, екіншіден – бір актердің бірнеше рөлде ойнауын, яғни, моноспектакльді елестеткен. Халық аңыздарын шебер орындаушылар жаттандыны жәй ғана қайталап қоймай, бейнеге кірген. Олар қимыл-қозғалыс, ым-ишаратпен, бет қимылымен эпос пен оның қаһармандарын бейнелеп, рөл бойынша әр түрлі әндер мен әуендерді айтқан» [3, 211 б.]. Расында, мұндай эпос орындаушылар мимикасының тез құбылып, қимыл-қозғалысының жылдам өзгеріске түсіп отыруы олардың дарынын, осы өнердің өзіндік спецификасын танытады.

Қазақ фольклорының қызықты саласының бірі – бақсылық. Оның басты функциясы емшілік, демек оның әлеуметтік орны халық медицинасымен байланысты. Бақсы мен бақсылықты жан-жақты зерттеген Е. Тұрсынов бұл туралы: «...бақсы ауру адамның жанын іздеп, дүниенің түкпір-түкпірлерін тексеріп қарап, көріп шығады, ол болашақта болатын жағдайларды көріп, біліп отырады, алыстағыны көреді» [9, 51 б.], – деп сипаттайды. Бұдан бақсының көріпкелдік те болмысын тани аламыз.

Негізінен бақсылықтың атқаратын функциясы туралы екі түрлі түсінік бар, олай болуы заңды да. Біріншіден – ол ауруды емде-

се, екіншіден – оның қимыл-әрекеттерінде театрлық элементтердің молдығы байқалады, яғни оның фольклордағы орны күлкімен де тығыз байланысты. «Халық бақсының тәуіптігіне сену, оған емделумен қатар, оның бақсылық қасиеттеріне қызықсынып та қараған. ...Бақсының қобызға қосылған сарынынан бастап, «Жын шақыратын» жыры халық көзінде орындаушылық өнеріне айналады. Бақсы өзін қоршаған халықты күй, күйшілік қуатымен баурауға тырысады, сондықтан ол барлық үнімен жыр ырғақтарын жігерлі пайдаланады, әдемі даусына сыншылдық қосады, жалаңаш бұлшық еттеріне ойнақылық береді. Ал, жындардың аттарын атайтын кезіндегі дикция тіпті бөлек» [10, 29-30 б.б.], – деп жазылған ғылыми еңбекте. Расында, бақсылықтың театр өнеріне қатысы оның қарғаның қарқылдағанын, шағаланың шуылы мен торғайлардың шырылдағанын, масаның ызыңы мен аюдың ақырғанын келтіріп, түрлі үн шығаруынан байқалады. Олардың осындай неше алуан дыбыстардан құралған дауыс-үндері сахналық тіл сарынымен үндес келеді.

Бақсылардың өлең айтудағы өзгеше мәнерінде, бірде еңкейіп, енді бірде шалқайып, аруақтарын шақырып, секіріп билеуінде, шебер әрі шалт қимыл-қозғалысында драмалық ойын үлгісі бар. Сонымен бірге олардың іс-әрекетінде цирк өнерінің элементтері де жоқ емес. Мәселен, темірді отқа қыздырып жалау, оттың үстінде ойнау, өз-өзіне қанжар сұғу, кәдуілгі көзбояушылар (фокусшылар) тәрізді бір затты жасырып, оны жоқ ету, әйелдің киімін киіп бақсылық жасау, т.б. Жоғарыда айтқандай емшілік, көріпкелдік қасиеті театр және цирк өнерінің штрихтарымен астасып жататын бақсылықтың қимылдарынан күлкінің белгілері өз-өзінен туындап отырады. Осындай көпфункционалы сипаты театр өнерімен байланысты болғандықтан бақсыны сахналық кейіпкер ретінде тани аламыз.

Бақсылардың әрбір қараған көзқарасы, олардың жұртты өзіне еліктіріп немесе үркітіп отыратын құбылмалы қимылдары қазақ театрының алғашқы қалыптасу кезінде ел арасынан шыққан өнерпаздар репертуарының маңызды бөлігінің бірі болып табылды. Демек, бақсылық элементтерінің ұлттық театр өнерін жасауға қосқан үлесі салмақты.

Әдебиеттер

- 1 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – т. 1. – 472 б.
- 2 Әбіл Ж. Қазақ комедиясы. Генезисі мен жанры. Монография. – Алматы: Ғылым, 2000. – 272 б.
- 3 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2009. – т. 41. – 288 б.
- 4 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – т. 1. – 328 б.
- 5 Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер /Құрастырған М.Қазбеков/. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 256 б.
- 6 Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы: Қайнар, 1994. – 144 б.
- 7 Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл. Әдеби-этнографиялық таным. – Алматы: Санат, 1994. – 240 б.
- 8 Қасқабасов С. Елзерде. Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 504 б.
- 9 Тұрсынов Е.Д. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – Алматы: Қазақ ССР «Ғылым» баспасы, 1976. – 200 б.
- 10 Қазақ театрының тарихы. – Алматы: Ғылым, 1975. – т. 1. – 400 б.

References

- 1 Auezov M. Shigarmalarinin elu tomidik tolik jinagi. – Almati. Gilim.1997.-n.1.-472.
- 2 Abil J. Kazakh komediası. Genezisi men janrı. Monografıa. – Almaty. Gilim. 2000.-272.
- 3 Auezov M. Shigarmalarinin elu tomidik tolik jinagi. – Almati. «Zibek joly» baspa ui.2009.-n.41.-288.
- 4 Kazakh halkinin dasturleri men adet-guruptary.birtutastagy zane ereksheligi. –Almaty. Arys. 2005.-1.-328.
- 5 Nauriz. Zangirgan salt-dasturler /Kurastirgan M. Kazbekov/. –Almaty. Kazakhstan,1991. – 256.
- 6 B. Totenaev. Kazakhtin ulttik oindary. – Almaty: Kaynar, 1994. – 144.
- 7 Kuieu keltir, kiz uzat, toindy kil. Adeby- etnografialik tanim. – Almaty: Sanat, 1994. – 240.
- 8 S.Kaskabasov. Elserde. Ar jilgi zertteuler. – Almaty: Zibek joly, 2008. – 504.
- 9 E.D.Tursynov. Kazak auiz adebietin zasaushilardin bairgi oklderi. – Almaty: Gilim,1975. – t.1.-400.

ӘОЖ 070

«Қазақ тілі» газетіндегі тақырыптық ізденіс

Аманқос Мектептегі, филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Мөлдір Кенжебаева, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика
факультеті, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының магистранты

Автор бұл мақаласында 1919-1928 жылдар аралығында Семей өңірінде шыққан, сөйтіп бүкіл қазақ жері, қала берді Моңғолияның бір бөлігіне тараған «Қазақ тілі» газеті жайлы, ондағы авторлардың тақырыптық ізденісі туралы сөз етеді. «Қазақ тілінде» тұрақты көтерілген тақырыптар жетерлік. Мәселен, қазақ тілінің мәселесі, оны іске асыру, оқу-ағарту ісі, денсаулық жайы, әйел теңсіздігі, жастар мәселесі, ауыл шаруашылығын қалпына келтіру, ірі өнеркәсіпті дамыту сияқты ірі мәселелер қозғалды. Газетте ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырудағы халық сауатын ашу, халықты ілім-білім мәдениет жолына түсіру, ұлт мектебі арқылы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру сынды маңызды міндеттер көтерілді. Сондай-ақ білім, ғылым жаңалықтарын жеткізіп, қазақ ағартушыларының озық ойларын халық арасына насихаттап отырды.

Түйін сөз: «Қазақ тілі» газеті, ұлттық тәрбие, ұлт мектебі.

Amankos Mekteptegi, Moldir Kenjebayeva
Subject newspaper «Kazakh language»

The author writes in his article about the newspaper «Kazakh tili», released in the years 1919-1928 in Semey, so effused entire Kazakh land, and part of Mongolia, a thematic blog of the newspaper. In the «Kazakh tili» enough to those who are constantly raised by the authors diligently. For example, the problem of the Kazakh language, its implementation, training and educational matter, a matter of health, inequality of women in society, the issue of young people, the restoration of the rural economy, the movement of big industry, etc. The paper raised important issues such as the formation of literacy of the people in the impact of the national knowledge through a national school to give the young generation of national education. And also to deliver the news about the school, about science, and to promote progressive thinking to the people of the Kazakh educators.

Keywords: The newspaper «Kazakh language», national education, national school.

Аманқос Мектептегі, Молдир Кенжебаева
Тематика газеті «Қазақ тілі»

| 1. | Vkontakte.ru | 36/2 | 3,5% |
| 2. | Wikipedia.org | 6/8 | 0,4%-дан аз |
| 3. | Youtube.com | 4/9 | 0,4%-дан аз |
| 4. | Odnoklassniki.ru | 94/10 | 2,7% |
| 5. | Mail.ru | 32/1* | 8,5% |
| 6. | Facebook.ru | 2/15 | 0,4% |
| 7. | Kiwi.kz | 6744/16 | 89,2% |
| 8. | Ct.kz | 5290/17 | 85,7% |
| 9. | Blogger.com | 7/26 | 0,4%-дан аз |
| 10. | Liveinternet.ru | 295/27 | 3,4% |
| 11. | Yvision.kz | 18603/37 | 89,2% |
| 12. | Livejournal.com | 81/53 | 0,6% |
| 13. | Twitter.com | 14/57 | 0,4%-дан аз |
| 14. | Habrahabr.ru | 1858/60 | 6,5% |
| 15. | Diary.ru | 1090/79 | 3,2% |
| 16. | Jnet.kz | 43656/82 | 100% |
| 17. | Rutube.ru | 961/103 | 2,7% |
| 18. | Mirtesen.ru | 2536/105 | 7,2% |
| 19. | Beon.ru | 2084/140 | 4,8% |
| 20. | Moikrug.ru | 2990/332 | 3,5% |

Сарапшылардың айтуынша, жиырма үздіктің әлеуметтік желелердің ішіне Қазнеттің төрт сайты енген. Мысалы, Беларусь-да елдегі ең үздік әлеуметтік желілер ішінде

бір де бір ұлттық әлеуметтік желі еңбеген.

Ал Қазақстан әлеуметтік желілерінің рейтингі былай көрсетілген

2-кесте Отандық желілердің рейтингісі

| орны | Қоғамдық Ота | Сайттың дүние жүзіндегі орны | Қазақстандағы жүзі | Қазақтардыңы |
|------|-----------------|------------------------------|--------------------|--------------|
| 1. | Ct.kz | 5290 | 17 | 85,7 |
| 2. | Kiwi.kz | 6744 | 16 | 89,2 |
| 3. | Nur.kz | 10026 | 31 | 84,4 |
| 4. | Yvision.kz | 18603 | 37 | 89,2 |
| 5. | Jnet.kz | 43656 | 82 | 100 |
| 6. | Mwk.or.kz | 56288 | 441 | 30,9 |
| 7. | Idler.idhost.kz | 71352 | 245 | 92,8 |
| 8. | Garm.kz | 243733 | 828 | 99,3 |
| 9. | Kazkontakt.kz | 278833 | 407 | 99,1 |
| 10. | Birge.kz | 365620 | 2707 | 80,3 |
| 11. | Resident.kz | 375387 | - | - |
| 12. | Clubby.kz | 394707 | 1110 | 99,9 |
| 13. | Sowa.kz | 819781 | - | - |
| 14. | Homeclub.kz | 991221 | - | - |
| 15. | s.ktv-sk.com | 1282753 | - | - |
| 16. | Nsc.kz | 2226223 | - | - |
| 17. | Qamal.kz | 2310235 | - | - |
| 18. | Vmire.kz | 5053439 | - | - |
| 19. | Ussr.kz | 14392419 | - | - |
| 20. | Vseti.kz | - | - | - |
| 21. | Iloveu.kz | - | - | - |
| 22. | Poi.kz/soc | - | - | - |
| 23. | Ispot.kz | - | - | - |

Әлеуметтік omzkz жүзіндегі орны рейтингісі былай көрсетілген іне Қазнеттің төрт сайты енген. Мысалы, Беларусьта елдегі ең үздік әлеуметтік желілер ішінде бір де бір ұлттық әлеуметтік желі енген рейтингісін анықтады: стерімен тәжірибе алмасып, бастаінің рөлін арттырып, сол әлеуметтік желі мен оның тұтынушылар арасында түсіністік пен ықпалын арттыра түседі.

Жалпы, біздің елімізде әлеуметтік желілердегі қазақстандықтарды санап, екшелеп, олардың жасы қандай, жынысы қандай, талғамы қандай, діни көзқарасы қандай, қандай партияға мүше, не ішеді, не жейді, білімі қандай, жұмысы

қандай, мамандығы қандай деген секілді құнды сұрақтарға жауап іздейтін институт болмай тұр.

Шет елде бәрі басқаша, ол жақта мысалы қанша пайыз адам таңертең тұрған бойда бетін жумастан, аузын ашпастан фэйсбуктегі бетін тексеретініне дейін санап қойған. Мейлі, орташа есеп болсын, бірақ сонда да факт. Яғни, бұл сұраққа нақты жауап жоқ. Твиттерде қазақша жазатындар, мүлдем аз. Бірақ, еліміздегі атақты твиттерші Үкімет басшысы – Кәрім Мәсімов болып отыр. Твиттерге жаңа тіркелген әрбір қазақстандық Кәрім Мәсімовке ереді екен. Ал Кәрім Мәсімовтың профайлын қарасаңыз, қателеспесек, 55 мыңның үстінде фоллоуері

(«ерушілер» яғни оқырмандар) бар. Әрине, оның ішінде өзге елдің азаматтары мен адам қатарына жатпайтын аккаунттар, яғни басылымдар мен компаниялар бар. Бұл сондай-ақ, қазақ-орыс деп нақты айта алмайтын, жалпы қазақстандық твиттершілердің саны деп ойлау керек болар». Сайт құрастырушы Дармен Аманбаев, Твиттерді Қазақстандағы қолданысы жайында былай дейді: «Менің ойымша, қазақ ғаламторын қолданушылар арасында Твиттердің болашағы өте зор. Бір жағынан көп компаниялар оны маркетинг саласында, айталық, сұранысты зерттеу жағынан қолдана алады. Твиттерді ішінде өте көп ақпарат таратылады, мысалы, қаржы, технология, шоу-бизнес, саясат саласына қатысты. Сол сияқты, Ресейдің экс-президенті Дмитрий Медведевте өз микроблогын осы Твиттерден ашқан». Веб-Дизайнер Нұргелді Дүйсенов Қытайда оқып жүрген қазақстандық студенттер жайлы ақпарат жинау мақсатында Твиттерге 2007 жылдың аяғында тіркеліпті. Оның айтуынша « Мен үшін Твиттер – болып жатқан оқиғалардан хабардар болу және өзіме қызықты адамдармен хабарласу құралы. Менің тізімімдегі байланыстарым – шығармашылыққа жақын, белсенді адамдар болғандықтан, мен маңызды, жұмысыма қажетті, білімімді жетілдіретін ресурстар жайында үнемі біліп отырамын».

Results. Қазақстандықрушырді Қазақстандағы қолданысы жайында былай дейді: « Менің ойымша, қазақ ғаламторын қолданушылар арасында Твиттердің болашағы өте зор. Бір жағынан көп компаниялар оны маркетинг салнииялар оны іктердің «ілесу» санына қарай қолданушылардың негізгі цифрын болжап қоямыз.

Қазақстандықтарырді Қазақстандағы қолданысы жайында былай дейді: « Менің ойымша, қазақ ғаламторын қолданушылар арасында Твиттердің болашағы өте зор. Бір жағын<http://ipr.kz/> «Институт политических отношении» сайтына кіріп жаңа рейтингтерге көз жеткіздік.

Әлеуметтік политических отношении» сайтына кіріп жаңа рейтингтерге көз жеткіздік. азақ ғаламторын қолданушылар арасында Твиттердің лар арасында Твиттердің болашағы ө

Елімізде халық қолданбайды тағы да артта қалдық деуден аулақпыз. Неліктен бізде Твиттер, Фейсбук секілді сайттарды қалаларды айтпағанда ауыл-аймақтар, поселок пен аудан-

дар қолданбайды? Себебі еліміз әлі де ғаламтор желісімен толық қамтамасыз етілмеген.

2009 жылы 3G байланысын үлкен сұраныспен халық күтті. Қазір 3G қызметі бар дейді, бірақ нәтижесі айтарлықтай емес. Твиттер MAC, Ipad, Iphone секілді телефондарда қызметі тегін, бірліктер жүктеп-ақ қолдана берсе болады. Apple компаниясы арнайы Твиттерден акциялар сатып алған. Солай екі жақ келісім шарт құрып, бағасы қымбат ұялы телефондарға орнатылды. Енді, мәселе сол телефондардың құнында.

Қолжетімділігі қарапайым қазақстандықтардың екі айлық жалақысын құрайтын Iphone көбісі үшін қымбат. Тіпті «Твиттерді интернет қолданушылардың кез-келгені біледі», - дейді. Бірақ ғаламтор ауылдардың біріне жетіп, екіншісіне жетпесе Твиттерді қайдан білсін. «Қазақстан Kcell» арнайы бірліктер арқылы Твиттерді қолданатын бағдарлама ойластырды, ол жүйемен тек қалалықтар ғана қолданады. Алауылдықтарға қолжетімділігі бар болса да, оны түсінбейді. Әлемдегірнайытеррліктер арқылы Твиттерді қолданатын бағдарлама ойластырды, ол жүйемен тек қалалықтар ғана қолданады. Ал ауылдықтарға қолжетімділігі ба да, оны т, оны түсінбейді. ғаламтор ауылдардың біріне жетіп, екіншісішеліктерін және қолдану аудиториясын анықтадық. Қазақстан қалаларында ғаламтор желісі жақсы дамыған, бірақ әзірге ауылдарға, поселоктерге толық жете қойған жоқ. Егер әлеуметтік сатымен қарастырсақ, халықтың тең жартысы жастар мен жасөспірімдер. Сауалнама барысында жастардың көбісі Твиттердің жұмыс істеу ерекшелігін қызықсыз көріп, «білеміз,бірақ қолданбаймыз»деп қысқа қайырды.Бұл қалалық жастардың сауалнамадағы пікірі. Ал аға буындар МайлРу мен Вконтакте желісі жетеді деседі. Ал аудан-аймақтарда оны ешкім білмейді, естімеген десем де артық айтпаспын. Арнайы диаграммалар, кестелердің барлығы Твиттердің Қазақстандағы қолданысын төмен сатыда бағалады. Сонымен ойымызды қорыта келгенде Твиттердің Қазақстандағы даму бағыты өте баяу және қолданысы тек ірі қалаларда ғана бар. Халық «Твиттер деген не?» деп сұрақ қояды. Твиттер қарапайым халық арасында аса танымал емес. Жақын болашақта «МайлРу» секілді ауылдағы жасөспірімдердің ермегіне айналатындай дәрежеге жететіні көңілге сенімсіз. Ақпараттық технология зама-

нында техниканың «жаңа дүниесінен» қазақ қауымы мақұрым қаламаса екен дейміз. Өйткені Твиттер ақпаратты тез және тек жаңа ақпараттарды тарататын бірден-бір желі. Қазақ жұрты «ұлттық идеологиясын» қарапайым Твиттер арқылы-ақ жүргізе алады. Мы-

салы салт-дәстүріміз, ана тіліміз, мәдениетіміз бен көркем әдебиетімізді Твиттердің атақты 140 символды тви-жолағына, қазақтың шұрайлы тілімен насихаттап, жолдаса болады. Небір пайдалы іске ұтымды жұмсаған дұрыс.

Әдебиеттер

- 1 Колинз Т. The little book of TWITTER. // – UK. - 2009. – 146 б.
- 2 Сорокина Е, Федотченко Ю., Чабаненко К. В социальных сетях. Твиттер — 140 символов самовыражения. – Питер, 2011. – 144 б.
- 3 Асқар А. Қазаққа бірыңғай әлеуметтік желі қажет // Алаш айнасы. - 2012. - 3 наурыз. –7 б.
- 4 Бүйенбай З. Интернеттің қазақша өрісі. // Қазақ Әдебиеті. - 2011. - 3-19 мамыр. – 4 б.
- 5 Сәт-Мырза Б. Беделді тұлғалар Твиттерді не үшін қолданады. // Бірінші арна Евразия, ресми сайты. - 2011.
- 6 Арсик. Твиттерді мен не үшін қолданам. // Арсиктің блогы. – 2011. // www.Google.kz
- 7 Қазақ пен қырғыз интернетінің айырмашылығы //http://www.azattyq.org. 2011.

References:

- 1 Colins T. The little book of TWITTER// – UK. - 2009. – 146 b.
- 2 Sorokina E, Fedotshenko U., Shabanenko K. V socialnih setiyah. Twitter – 140 simbolov samovirojenya.- Piter, 2011. – 144 b.
- 3 Askar A. Kazakhka biringai aulemettyk jeli kajet // Alash aynasy. - 2012. - 3 nayruz. –7 b.
- 4 Buenbay Z. Internetyn kazakhsha orysu. // Kazakh adebyetu . - 2011. - 3-19 mamyr. – 4 b.
- 5 Sat-Myrza B. Bedeldi tulgalar Twitterdi ne ushin koldanadi. . // Birinshy arna Evrazia, resmi sayti - 2011.
- 6 Arsik. Twitterdi men ne ushin koldanam. // Arsiktyн blogy. – 2011. // www.Google.kz
- 7 Kazakh pen Kyrgyz nternetinин айirmashyligi//http://www.azattyq.org. 2011.

**Баспа ісі және
дизайн****Издательское дело и
дизайн****Publishing and
design**

ӘОЖ 655.4 : 002.2 (083.7)

Қоңыр Мухатаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail adonis.km@mail.ru**Стандарттар сапалы кітап шығару кепілі.**

Қазақстан баспа саласы соңғы жылдары қарқындап дамып келеді. Бірақ кітап баспа саласына әр түрлі мамандық иелерінің келуіне байланысты шығып жатқан кітап басылымдарының шығарылым мағлұматтарын, кітап аппараттарын беруде қателіктер жіберіліп, оның кітап сапасына, мәдениетіне кері әсері болып жатқаны байқалады. Бұл, әрине, кітапханашыларға, кітап таратушыларға, библиографтарға, сонымен қатар оқырман мен тұтынушыларға да ықпал ететіні сөзсіз. Бұндай келеңсіздіктен құтылу жолдарының басты жолы баспа саласына мемлекеттік және салалық стандарттардың шарттарын сауатты түрде пайдалана білу болып табылады. Түйін сөздер: ISBN, ISMN, басылым, шығарылым мағлұматы, стандарт, штрих-код.

К. Mukatayeva

Quality assurance standards books

In recent years, along with the number of titles published books there is a decrease of publishing culture of their registration. As a result, suffer as professionals (booksellers, librarians, librarians) and consumers in the face of readers and buyers. Using government and industry standards in book business is an important and effective way to control for the quality of the book and the protection of consumers' rights
Keywords: ISBN, ISMN, edition, imprint, a standard bar code

К. Мухатаева

Стандарты гарантии качественных книг

В последние годы наряду с ростом числа названий выпускаемых книг отмечается снижение редакционно-издательской культуры их оформления. В итоге страдают как профессионалы (книготорговцы, библиотекари, библиографы), так и потребители в лице читателей и покупателей. Использование государственных и отраслевых стандартов в книжном деле является важным и эффективным способом борьбы за качество книги и защиту прав потребителей.

Ключевые слова: ISBN, ISMN, издания, выходные сведения, стандарт, штрих-код.

Баспа өнімдерінің стандарттары дегеніміз - біздің күнделікті пайдаланып жүрген баспа өнімдері- кітап, газет, журнал сол сияқты басқа да ақпараттық басылымдардың шығарылым мағлұматтарын бір ізге түсіріп, реттейтін нормативті-техникалық құжат. Бүгінгі таңда ақпарат құралдары мен кітап басылымының түрлерінің көптігі соншалық, егер оны реттейтін осындай құжат болмаса, ол басылымдармен жұмыс атқаратын мекемелер мен оқырманның бірін-бірі «түсінуі» мүмкін емес. Стандарт - басылымдарын түрлеріне қарай

бірыңғайластырылғандықтан оқырман кітаптың авторын, суретшісін, аудармашысын, жанрын, қандай оқырманға арналғандығын, сонымен бірге қысқаша мазмұнымен, басылған жері, тиражы, көлемі туралы бірден ақпарат ала алады. Сонымен бірге стандарттау библиография, статистика және кітап саудасы саласында басылым туралы ақпараттар жүйесін әмбебап етеді. Стандарттау әрине, баспа саласында шектеулер қоятыны шындық, бірақ баспа өнімдерімен жұмыс істейтін ақпарат, кітапхана және оқырман арасын бір деңгейде

түсіністікке келтіретін қажеттілік. Баспа ісін реттейтін стандарт «Ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесінде» қаралады. (Система стандартов по информации, библиотечному и издательскому делу- СИБИД). Бұл жүйедегі стандарттарда барлық ақпарат, библиография және баспа ісіне байланысты басылымдардың шығарылым мағлұматтарын, басылымдардың библиографиялық жазбаларын, кітапханалық жүйеде орналастыру, электронды басылымдардың мағлұматтарын орналастыру қаралып, реттеледі. Стандарттардың көбісі мемлекетаралық деңгейде қолданылады, ТМД елдерінде бірінғай дәрежеде сақталуы керек. Бұл стандарттардың барлығы да ISO-ға сәйкестендіріліп жасалады. Қолданылуына қарай стандарттар мемлекеттік, республикалық және салалық болып бөлінеді. Біздің баспа ісінде қолданылатын стандарттарымыз мемлекеттік және республикалық болып келеді. Баспа ісінде мемлекеттік стандарттардың барлығы 7-санынан басталады да, одан соң реттік саны мен бекітілген жылы көрсетіледі. Баспа ісіндегі республикалық яғни ұлттық стандарт ол- СТ РК 994-96 (ИСО 2108-) және соған сәйкес ереже ПР РК 50.1.23. – 96. Бұл Кітаптарды халықаралық стандартты нөмірлеу- деп аталады (International Standard Book Number- ISBN). Бұл стандарт туралы айта кететін бір жаңалық, стандарт қайта қаралып, толықтырылып, жаңа өзгерістерімен СТ РК 994-2012 болып, 1 шілде 2013 жылмен қайта енгізіледі.

Ал баспа өнімдерінің шығарылым мағлұматтарын реттейтін мемлекетаралық ГОСТ 7.4-95 «Басылым. Шығарылым мағлұматтары» (ГОСТ 7.4—95 «Издания. Выходные сведения») стандартында баспагерлерге арналған қажетті ақпараттар жинақталған, шығарылым мағлұматтарына не беру және оларды қайда, қалай орналастыру керектігі көрсетілген, ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі мемлекетаралық стандарт болып табылады. Бұл стандарт ТМД елдерінің арасында ғана қолданып келеді. Ресей мемлекеті өз басылымдары үшін ГОСТ Р 7.0.4-2006 стандартын енгізген.

Қазақстан Республикасы баспа басылымдарының бас мұрағат қорын жинайтын және баспасөздің ғылыми библиографиясын, стати-

стикасын дайындайтын Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының тіркеу орталық базасында қазіргі уақытта 360 тан аса баспа мен баспа ісімен айналысатын мекеме тіркелген. Оның ішінде 150 дәстүрлі, тұрақты тек қана кітап шығару ісімен айналысатын баспалар. Жоғарғы оқу орындары баспалары - 60, қалғандары ғылыми-зерттеу институттары, мемлекеттік мекемелердің баспа орталықтары, қоғамдық ұйымдар баспалары болып келеді.

Жыл сайын ақпараттар өрісінің кеңеюі мен баспа өнімдерінің көбеюі- төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің өркендей түскенінің айқын айғағы. Еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдары Қазақстанда баспа ісі жақсы қарқынмен дамып келе жатыр. Көптеген жаңа баспалар ашылып, «Әдеби мұра», «Әлеуметтік маңызды әдебиет түрлері» бағдарламаларымен бірге, көптеген сериялар тізбегімен, полиграфиялық жағынан да көркем безендірілген кітаптар шығып жатыр.

Әрбір басылымның шығарылым мағлұматтары баспасөз өнімдерінің жедел ақпарат беретін «паспорты» болғандықтан, баспасөз өнімдерінің шығарылым мағлұматтарын баспагерлердің қаншалықты дұрыс орналастырғанына байланысты екені сөзсіз. Сол себепте қай баспагер болса да, меншік иесінің түріне қарамастан ең алдымен баспа ісіндегі нормативтік-құқықтық құжаттарды, мемлекетаралық, ұлттық стандарттарды біле отырып, оны өздері шығаратын өнімдеріне қолдана да білулері керек. Шығаратын баспа өнімдері – кітап, журнал, газет т. б. өнімдерінің тек ішкі мазмұнының жақсы болуымен бірге, оқырманға бірден көзге түсетін шығарылым мағлұматтары мен безендірілуі де ескерілуі керек. Шығарылым мағлұматтарының дұрыс орыналаспауы тек қана оқырманды ғана емес, кітапханашылардың да, кітап сауда жүйесінің де жұмысын қиындататыны сөзсіз, себебі бар библиографиялық мағлұматтардың көзі, іздеу жұмыстары тек басылымның титул бетінде келтірілетін шығарылым мағлұматтары арқылы болатынын әрбір баспагер білуге тиіс. Шығарылым мағлұматтары басылымды тынып – білуге, анықтама-ізвестіру жұмысын же-

делдетуге, бағыт-бағдар беруге, ақпараттық мәлімет алуға және дерекнама көзі болып табылады.

Кітаптағы маңызды мәлімет ондағы басылған шығармалар болғанымен, оқырман олардың ішінен өзіне қажетті ақпаратты оңай іздеп тауып алып, қажетіне жарату үшін барлық шығарылым мағлұматтары дұрыс, басылым аппараттары стандарттарға сай жасалғанда ғана, кітап толық құнды және жоғары сапалы болып есептеледі.

Болашақ баспагерлер шығаратын өнімдерінің баспа ісіне қойылатын талаптардың барлығына сәйкес болу үшін бірінші көңіл аударатын мәселелері : Кітаптың тыстамасын қалай безендіруді, титул парақ және оның сыртқы бетіне не орналастыру керектігін, негізгі мазмұнын қалай безендіруді, компьютер арқылы мәтінді теру барысында қандай ережелерді сақтауды және соңғы бетке қандай мәліметтер орналастыру керектігін білу керек.

Басылымды баспадан шығаруға дайындаудың негізгі кезеңі – оның шығарылым мағлұматтарын орналастырудан басталады. Кітап түріндегі басылымның шығарылым мағлұматтары – баспа туралы кешенді мәліметтер мен басылым туралы негізгі мәліметтер жазылған мәтіннен, оның қысқаша сипаттамасынан, кітапты дүкендер мен кітапханаларда өңдеуді жеңілдететін және оқырман іздестіргенде тез тауып алатын дербес шифрлардан тұрады. Біздің республикада шығарылым мағлұматтарын реттейтін негізгі талаптар мемлекетаралық ГОСТ 7.4–95 «Басылым. Шығарылым мағлұматтары» (ГОСТ 7.4–95 «Издания. Выходные сведения») стандарты бойынша анықталады.

Бұл стандартта кітаптың титул парағында, титул парақтың сыртқы бетінде орналастырылатын шығарылым мағлұматтарының реті, сонымен бірге олардың орны мен орналастыру тәртібі реттеледі.

ГОСТ 7.4–95 «Басылым. Шығарылым мағлұматтары» (ГОСТ 7.4–95 «Издания. Выходные сведения») стандартында тек кітап, ноталық және бейнелеу баспа өнімдеріне арналған шығарылым мағлұматтары көрсетілген.

Ал кітаптың тыстамасы мен мұқабасына қойылатын талаптар көрсетілген, мемлекетаралық ГОСТ 7.84–2002 «Басылым. Тыстама және мұқаба. Безендірудің негізгі талаптары мен ережелері» (ГОСТ 7.84–2002 «Издания. Обложки и переплеты. Общие требования и правила оформления») стандартында көрсетілген.

Электронды басылымдарға қойылатын талаптар көрсетілген ГОСТ 7.83–2001 «Электронды басылымдар. Негізгі түрлері және шығарылым мағлұматтары» (ГОСТ 7.83–2001 «Электронные издания. Основные виды и выходные сведения») стандарты бойынша безендіріледі.

Келесі оқырманға ақпарат бере кететін мәселе ол- Мерзімді басылымдар және ноталық-музыкалық басылымдар стандарттары. Республикада мерзімді басылымдарды реттейтін мемлекетаралық ГОСТ 7.56-2002 - ISSN сериялық (мерзімді) басылымдардың стандарты пайдаланылды. (International Standard Serial Number- ISSN).

Халықаралық музыкалық басылымдар стандартты нөмірі ISMN (International Standard Music Number) – ноталық басылымдардың шығарылым мағлұматтарын реттейді. Біз Ресейдің мемлекеттік ГОСТ Р 7.0.6-2008 ISMN - стандартын пайдаланып келсек, енді 2013 жылдың 1-шілдесінен бастап республикалық СТ РК 2202-2012 стандарты қолданысқа енеді.

Халықаралық музыкалық басылымдарды стандартты нөмірлеу, ISMN (International ISMN Agency) Халықаралық агенттіктің басшылығымен жүргізіледі. ISMN Халықаралық агенттігі, ISMN жүйесіне кіретін елдердегі ұлттық ISMN агенттіктеріне ISMN нөмір-лерін орталықтандырылған түрде таратады

Басылымдар, соның ішінде кітап басылымы сапалы болып басылып шығу үшін, барлық баспагерлер мен баспа мекемелері, олардың ұйымды-құқылық құрылымы мен меншік түрінің сан алуандығына қарамай, ақпарат, кітапханатану және баспа ісі жөніндегі мемлекетаралық стандарттар талаптарын бұлжытпай орындаулары керек. Сонда ғана

Қазақстандық баспа ісі және баспагерлер әлемдік деңгейде халықаралық бәсекеде өз биігінен көрінеді және де баспа ісі қарыштап дами алады.

Бұл мақалада бір ескерте кететін жағдай мемлекетаралық стандарттардың ресми қазақша аудармасы болмағандықтан, ол стандарттарды келтіргенде түп нұсқа атауы қоса беріліп отырды.

Әдебиеттер:

- 1 СТ РК 994-96 Басылым. Кітаптарды халықаралық стандартты нөмірлеу. Құрылымы, құрамы жазылуы. (ИСО 2108-) Ереже ПР РК 50.1.23. – 96
- 2 Роль и необходимость применения международных стандартов ISO в издательском деле. Основные стандарты по издательскому делу– Алматы; ОФ «Агентство ISBN»; Нац. Гос. книжная палата РК, 2010. – 477 с.
- 3 Қазақстан Республикасы баспасөзі- 2012 жылы: статистикалық жинақ- Алматы, 2013.-140 б.

ӘОЖ 655.4 : 002.2 (083.7)

М.Ж. Майлықұтова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Email: mm1210@mail.ru

Интеллектуалды ұлтты қалыптастырудағы баспа ісінің рөлі

Мақалада интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы баспа ісінің маңызы мен ерекшелігі қарастырылады. Кітап интеллектуалды ұлт қалыптастырудың негізі болып саналатындығын жан-жақты дәлелдейді. Қазақстандағы кітап баспаларының даму бағыттары сарапталады.

Түйін сөз: интеллектуалды ұлт, баспа, модернизация

M.D. Maylykutova

A role of publishing business is in forming of intellectual nation

In the article the features of publishing matter of society are examined as one of factors of forming of intellectual nation. Book are the basic source of the intellectual forming of nation. An author proves that a role of book is in intellectual society. Directions of development of book-houses are estimated in Kazakhstan.

Keywords: intellectual nation, publishing house, modernisation

М.Д. Майлықұтова

Роль издательского дела в формировании интеллектуальной нации

В статье рассматриваются особенности издательского дела как одного из факторов формирования интеллектуальной нации. Доказывается, что книги являются основным источником формирования интеллектуальной нации, оцениваются направления развития книжных издательств в Казахстане.

Ключевые слова: интеллектуальная нация, издательство, модернизация.

Кез-келген қоғамның жарқын болашағы мен өркениеттегі жетістігін, ондағы ғылым-біліммен рухани – мәдени құндылықтардың өркендеп, қанат жаюымен байланыстыруға болады. Қазіргі таңда жас өспірімдер мен жастарды тек білім алып қана қоймай, олардың өздігімен ізденуіне, интеллектуалды мүмкіндіктерін жан-жақты дамытуға бағыттау қажет. Бүгінгі білім берудегі басты құндылықтар шығармашылық ой, алған теориялық білімді тәжірибеге тың формалар арқылы енгізу, соны шешім қабылдау, жаңа технологиялар мен инновацияларды меңгеру болып отыр.

2010 жылы 1 ақпанда Қазақстанда «Интеллектуалды ұлт - 2020» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты туралы мемлекет басшысы 2008 жылы 30-қаңтарда «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарына арналған форумда мәлім еткен

еді. Оның негізгі мақсаты - қазақстандықтарды жаңа формацияға тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекелестікке қабілетті адам капиталына бай елге айналдыру.

Бұл мемлекеттік бағдарлама үш басым бағыт негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Бірінші басым бағыты – білім беру жүйесінің инновациялық дамуы.

Бұл жобаны жүзеге асырудың екінші басым бағыты – ақпараттық революция болуы тиіс. Атап айтқанда, ақпараттық технологиялар паркі базасында жетекші жоғары оқу орындары мен шет елдік беделді мамандарды қатыстыра отырып аймақтық университет ашу.

Жобаның үшінші басым бағыты жастарды рухани құндылықтар негізінде тәрбиелеу ісіне ерекше мән беру. Бұл жерде жаһандану үдерістерін назарға ала отырып, оған қарсы тұрудың бірден бір жолы ретінде жас

буынның рухани тәрбиесіне, ұлттық-мәдени құндылықтарымызды нығайтуға көңіл бөлу керек[1].

«Интеллектуалды ұлт» және «бәсекеге қабілетті ұлт» ұғымдары Қазақстандағы ұлттық модернизацияның басты категорияларына жатады. Ұлттық модернизация – өркениетті әлемдік қауымдастықтың озық талаптарына жауап беретін дамудың сапалық тұрғыдағы жаңа деңгейі.

Ұлттық модернизацияны уақыт талабына сай дамудың үлгісі ретінде қарастыруға болады. Бұл өте нәзік процесс. Өйткені, ол кез келген ұлттың алдына мынандай таңдау қояды - өзіндік ұлттық реңкті жоғалту арқылы немесе өзіндік ұлттық ерекшелігін сақтай отырып, заман талабына сай даму жолына түсу.

Ұлттық модернизация, яғни бәсекеге қабілетті ұлт пен интеллектуалды ұлтты қалыптастырудың негіздері Қазақстан егемендігін жариялаған кезеңнен бастау алады. Мысалы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 1993 жылғы 5 қарашадағы № 1394 Жарлығымен қазақстандық жастардың шет елдердің жетекші жоғары оқу орындарында жоғары білім алып, алған білімі мен тәжірибесін еліміздің игілігіне пайдалану үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындағаны белгілі. Бұл стипендия бойынша студенттер әлемнің 32 еліндегі 630 жетекші жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік алды.

Осы кезеңге дейін “Болашақ” стипендиясы арқылы 20 мыңнан астам жас мамандар даярланды. Бүгінгі күні “Болашақ” стипендиясы арқылы білім алған жастар экономиканың, мемлекеттік басқарудың және басқа да салалардың жауапты бөліктерінде еңбек етіп жүр[2].

Ұлттық модернизацияның нақты жүзеге асырылуы мен ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру міндеттері Президенттің 2004 жылғы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, Бәсекеге қабілетті экономика үшін, Бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Қазақстан халқына жолдауында, 2005 жылғы «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында» атты Қазақстан халқына жолдауында және 2006 жылғы «Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің

қатарына кіру стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауында қойылды.

Сонымен, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастырудың нақты міндеттері Қазақстан Президентінің 2004 жылғы 19 наурыздағы халыққа жолдауында айқындалды. Жолдауда 2003 жыл индустриалды-инновациялық стратегияны жүзеге асырудың алғашқы жылы болғандығы және 2003 жылы тәуелсіз ел ретіндегі даму кезеңінде алғаш рет өңдеуші, яғни дайын өнім шығаратын өндірістің даму қарқыны өндіруші кәсіпорындарының даму қарқынынан асып түскендігі атап көрсетілді [3].

Соңғы жылдары Қазақстан халқының өмір сүру деңгейінің тұрақты өсуі мен әлеуметтік-экономикалық дамудағы жетістіктер Орталық Еуропаның бірқатар елдерінің даму параметерлеріне мейлінше жақындай түсуге мүмкіндік жасады. Дүниежүзілік банктің жіктемесіне сәйкес, біздің еліміз кірісі орта деңгейден жоғары мемлекеттердің тобына енгізілді.

БҰҰ Даму бағдарламасының (БҰҰ ДБ) адам дамуы жөніндегі деректеріне қарағанда, 2006 жылы Қазақстандағы адам дамуының индексі (АДИ) 0,774 құраған. 2007 жылы Қазақстан адам дамуы деңгейі бойынша әлемдік рейтингте 117 мемлекеттің ішінде 73 орынды иеленген.

Даму деңгейі бойынша әлемдік көшбасшы елдер қатарында Исландия, Норвегия, Австралия, Канада және Ирландия болды. Бірқатар жылдар бойы даму көрсеткіштері бойынша Норвегия көш басында келген болса, 2007 жылы Исландия алға шықты. Адам дамуының жоғары көрсеткіші бойынша Швеция алтыншы, Швейцария жетінші, Жапония сегізінші, АҚШ 12 орында, Ұлыбритания 16 орында орналасқан. Ал посткеңестік республикалар арасында Украина 76 орында, Армения – 83, Грузия – 96, Әзербайжан – 98, Түркменстан – 109, Молдова – 111, Өзбекстан – 113, Қырғызстан – 116 және Тәжікстан – 122 орында болған.

БҰҰ ДБ болжамдарына қарағанда, Қазақстан адам дамуының жоғары деңгейі тән елдердің қатарына жуық арада енуіне толық мүмкіндігі бар. Бұл егер адам басына шаққандағы ішкі жалпы өнім өсімінің жоғары деңгейі (9% жоғары) сақталған жағдайда мүмкін болады.

АДИ көрсеткіші 0,8 болған жағдайда, бұл елдер адам дамуының жоғары деңгейіне ие елдердің тобына жатқызылады. Ішкі жалпы өнімнің жоғары деңгейі бұл көрсеткішті бағындыруға мүмкіндік береді. 2009 жылы АДИ бойынша Қазақстанның көрсеткіші 0,794 құраған.

БҰҰ ДБ адам дамуы жөніндегі 2011-2012 жылдарға арналған баяндамасындағы мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім көрсеткіші бойынша ТМД елдері ішінде үшінші орында болды және ол 7857 АҚШ долл. құраған. 5 жастан 24 жас аралығындағы халыққа білім беру көрсеткіші бойынша Қазақстан ТМД елдері ішінде I орынды иеленді. Бұл көрсеткіш бойынша халықтың 93,8 % қамтылған [4].

Әлемдік тәжірибе тәуелсіздіктің алғашқы 20 жылында мұндай нәтижеге ешқандай ел қол жеткізе алмағанын көрсетеді. Мысалы, егемен дамудың алғашқы жиырма жылында жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім Оңтүстік Кореяда 3 есе, Малайзияда – 2 есе, Сингапурда – 4 есе, Венгрияда – 5 есе, Польшада 4 есе өскен» деп, атап көрсетті [5].

2010 жылы 7 желтоқсанда Қазақстан Президенті “Назарбаев университетінде” оқыған дәрісінде бүгінгі күні біздің еліміз үшін халықаралық деңгейдегі мамандар даярлайтын ғылым мен білім индустриясы қажет екенін мәлімдеді. Сонымен бірге, Президент: «... Бүкіл еліміз бойынша жаратылыстану-математика циклі пәндерін тереңдетіп оқытатын дарынды балаларға арналған болашақтың 20 Интеллектуалды мектептерін ашу бағдарламасы жүзеге асырылуда. ...ЮНЕСКО мәліметтеріне қарағанда, 2009 жылы Қазақстан білім беруді дамыту индексі бойынша әлемнің 129 мемлекетінің ішінде I орын алды» деп, атап көрсетті [6].

Тәуелсіздік идеялары қоғамдық өмірдің барлық салаларына зор шапшаңдықпен ықпал етті. Бұл қазақ елі үшін киелі тарихи өзгерістен еліміздің мәдени-рухани жүйесінің де тыс қалмауы түсінікті жәйт. Осыған байланысты республикалық мәдени салалар да жаңаша аталымдарға ие болды. Қазақстан Республикасы Президентінің алғашқы жарлықтарының (№413; 1991ж.) бірі бойынша Қазақ КСР Баспасөз жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігіне айналды. 1991 жылға

дейін елімізде 15-ке жуық кітап баспасы жұмыс істеді. Олар: «Қазақстан», «Жазушы», «Рауан», «Жалын», «Өнер», «Қайнар», «Ғылым», «Қазақ Энциклопедиясы», «Ана тілі», «Білім», «Баласау», «Қазақ университеті», «Санат», «Дәуір» сынды қазақ кітап басу ісінің тарихында өзіндік орны бар баспалар еді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қай салаға болмасын жеңіл болған жоқ. Қаржы тапшылығынан мемлекеттік тапсырысқа бөлінетін дотация шектеуге түсті. Бұрын баспаларға бөлінетін бір миллиард теңге жүз миллион көлеміне қысқарған кездер болды. Кітап оқырмандарының саны күрт азайып, бағасы қымбаттап, кітап сауда жүйесі тарады. 1996 жылдың қазан айында «Қазақстан», «Жалын», «Қайнар», «Білім» баспаларын 1997 жылдар бастап жекешелендіру жайында министрліктің шешімі шықты. Аталған төрт баспаны алдымен жекешелендірудің өз себебі бар еді. Басында ең тәжірибелі директорлар отырған, табысты баспаларды жекешелендіру-баспалардың мүлдем жабылып қалуының алдын алу шаралары болатын. Жекешелендірілген баспалар меншік түрін өзгертіп, жаңа нарықтық экономикаға бейімделуге мәжбүр болды. Олар бүкіл ұйымдастыру, шығармашылық бағыт-бағдарын қайта қарауға, жаңғыртуға, толықтыруға жұмыла кірісті. Ең алдымен жылдық тақырыптық жоспар аясын барынша кеңейтті. Негізінен оқырман оқырман талап-тілектерін, мүдделерін ескере отырып, тарихи, мәдени, этнографиялық, діни-философиялық әдебиеттерге ерекше көңіл бөлді. Алғашқылардың бірі болып жекешелендірілген 90 жылдық тарихы бар «Қазақстан» баспасы болғанын айтып өттік. Алайда тоқсаныншы жылдардың басында «Қазақстан» баспасы құрамынан заң әдебиетін шығаратын «Жеті жарғы», есеп-қисап әдебиеттерін шығаратын «Қаржы-қаражат» баспалары бөлініп шықты. 1998 жылы Ел үкіметінің орта мерзімді жекешелендіру жоспары бойынша «Қазақстан» баспасы аукционнан сатылуға тиіс болды. Сол жылы сәуір айының соңына қарай Мемлекеттік меншік комитетінің арнайы шешімі шығып, Алматы аумақтық комитеті үш рет аукцион өткізіп, 1998 жылы қараша айындағы аукционда баспаны Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Құрмет» орденінің иегері Нұрмахан Оразбек сатып алды. Баспа

жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып құрылды. «Бұл кезде баспада материалдық мүліктен қалғаны ескі үстелдер мен орындықтар, қолдан-қолға өтіп, әбден тозығы жеткен «Нива» машинасы ғана болатын. Есесіне баспаханаларға миллиондаған теңге қарыз. Оны төлеу сатып алушыға міндеттелді» деп еске алды баспа директоры. Қайраткер сол тұстағы ең бірінші міндет қызметкерлердің жалақысын дер кезінде беріп тұру, екіншісі - баспаханалардың қарызынан құтылу болғанын айтады. Аталған міндеттер ойдағыдай шешілді. Баспа сол тұста «Сорос» қорының әдебиет шығару жөніндегі байқауына қатысып, үш бірдей кітабын, қазақ тілінде шығаруға қол жеткізді. Сосын Президент мұрағатымен шартқа отырып, Ораз Жандосовтың екі томдығын, Армения елінің елшісінің қолдауымен Левон Мирзоянның бір томдығын шығарды. Баспа «Гибратты ғұмыр» сериясымен басылымдар шығарып, оқырман сұранысын қанағаттандыра алды. Аталған серия аясында Нұрғиса Тілендиев, Герольд Белгер, Зия Сәмәди, Ебіней Бөкетов, Нәзір Төреқұлов туралы кітаптар шығарды. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша тендерді жеңіп алып «Әлемдік саясаттану антологиясы» және «Әлемдік әлеуметтану антологиясы» сынды сүбелі еңбектерді оқырманмен қауыштырып, іргелі еңбектер тындырды.

Тыңнан түрен салған төртеудің бірі «Жалын» баспасы 1998 жылы жауапкершілігі шектеулі серіктестік болып тіркелді. Тұманбай Молдағалиев, Қалдарбек Найманбаев, Бексұлтан Нұржекеев сынды алыптар басқарған мекеменің еңсесін нарықтың қыспағы да, дағдарыстың дауылы да түсіре алмады. Баспа өз жұмысын жаңа заманның талабына сай жалғастыруда. Баспа «Әлем халықтарының ертегілері», «Түрік халықтарының ертегілері», «Жүз тұңғыш», «Жас толқын» атты тың дүниелердің жарық көруіне мұрындық болып, рухани мұра қоржынын толықтыру жолында аянбай еңбек етуде.

Жоғарғы және арнаулы орта білім беретін оқу орындары мен кәсіптік-техникалық білім беретін училищелердің оқушылары мен студенттерге оқулықтар мен оқу құралдарын шығаратын баспа болып құрылған «Білім» баспасы да алғашқылардың бірі болып жекешеленді. Жауапкершілігі шектеулі серіктестікке айналып, өзін-өзі қаржыландырып

келеді. Қазақстан баспа және полиграфия ісінің қайраткері Ж. Нұсқабайұлы басқаратын іргелі шаңырақ елімізде, шет елдерде өткізіліп жүрген көптеген көрме-жәрменкелерге ұдайы қатысып, марапатталып жүр. Баспадан еліміздің белгілі қоғам қайраткерлері мен ғалымдары, ақын-жазушылары мен саңлақ спортшылары, өнер адамдары туралы естелік кітаптары оқырман қауымның іздеп оқитын басылымдарына айналды. «Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», «Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер», «Құрманбек Жандарбеков туралы естеліктер», «Әлкей Марғұлан туралы естеліктер», «Күләш Байсейітова туралы естеліктер», «Қ. Бекхожин туралы естеліктер» сынды еңбектер тағылымы мол, танымы терең ғибратты дүниелер екенін ешкім жоққа шығара алмасы анық. Нарықтың қатаң талаптарына қарамастан аталған баспадан «Қазақстанның әскери энциклопедиясы» атты еңбек тұңғыш рет екі тілде төрт том болып шықты.

Жарылқасын Нұсқабайұлы әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті баспа ісі және редакциялау кафедрасында дәріс бере жүріп, жас баспагер-редакторлардың тырнақалды туындыларының жарық көруіне мұрындық болып, қол ұшын бергенін айта кетуіміз керек. Баспа ісі және дизайнын кафедрасы студенттерінің «Іші алтын, сырты күміс», «Әуелде бастау қиын бұл шіркінді», «Үркер» сынды жинақтары да осы баспадан жарық көріп, жас қаламгерлер көңілін марқайтты.

Тәуелсіздік жылдарында «Қазақтың қол-өнері», «Жылқы етімен емдеу», «Ағаштан жасалған бұйымдар», «Жүннен тоқылған бұйымдар» сынды тақырыбы тартымды этнографиялық басылымдар шығарған «Қайнар» баспасын да ешқандай нарық әсер ете алмады. «Ауыл кітапханасы» атты серия ашып, ауыл тақырыбына арналған үздік шығармаларды бастыруды қолға алды. Р. Нұрғалиевтың «Дегелең дерті», М. Байғұтовтың «Ауыл әңгімелері», Т.Әбдіковтың «Әке», Ғ.Қайырбековтың «Ата мекен» кітаптары оқырманға жол тартты. Нарық талаптарына сай баспа үнемі ізденіс үстінде. Олар альбом-кітаптар шығарып, өнімдері кітап көрмелерінде жүлделі орындарды иеленді.

У. Шекспир «Кітап маған тақтан да қымбат» деген екен. Қазіргі ақпараттық технологиялар дамыған, қым-қуыт жаһандану

ғасырында рухани сырласыңыз, адам жанының тәрбиешісі тек кітап қана бола алады. Электронды кітаптың өрісі кеңейеді, баспа кітаптың тынысы тарылады деген пікір де жоқ емес. Алайда, адам ағзасына ешқандай зияны жоқ, рухани әлемін нұрландыратын баспа кітаптан, озық технологияның отаны саналатын жапондарың да қол үзген жоқ, қол үзбейді де.

Қазір елімізде 282 баспалармен баспа ісімен айналысатын мекемелер бар. 142 әмбебап баспа, 60 жоғарғы оқу орындарының баспалары, 20 ғылыми-зерттеу мекемелері мен 14 қоғамдық ұйымдар баспалары бар. Мемлекеттік тапсырыспен 432 аталым кітап жарық көрген, оның 47 аталымы - саяси әдебиеттер 10.8% 126-29% Қазақ баспалары кітап шығармай жатқан жоқ, кітап таратпай отыр. Қала берді 13 пайыз қосымша құн салығы тағы бар.

Баспагер ағаларымыз кітаптарының өтпейтінін жиі айтады. Иә, кітап оқылымының төмендеп кеткендігі өтірік емес. Алайда, қазақ оқырманы баспалардан қандай кітап шығып жатқандығынан хабарсыз. Кітапқа жарнама жоқ. Ертеңгі оқырманды бүгін тәрбиелеуіміз керек. Кітап жәрмеңкелері, көрмелері, авторлармен кездесу сынды шараларды ұйымдастыру арқылы ажс жеткіншектерді кітап оқуға баулуға енжар қараймыз.

Қазақ кітап басу ісіне мемлекеттік қолдау қажет-ақ. Экономикалық дағдарыс, рухани дағдарыстың жанында түк емес екенін түсінетін уақыт жетті. Елбасы үкіметтің соңғы отырысында патриоттық тәрбие мәселесіне баса назар аударғанын ескерсек, рухани бай және интеллектуалды әлеуеті мығым ұрпақ тәрбиелеуге басымдық беру арқылы қоғамды дамыту қолға алынатыны айқын.

Әдебиеттер

- 1 <http://www.akorda.kz>
- 2 Назарбаев Н. Инновационная индустрия науки и знаний – стратегический ресурс Казахстана в XXI веке // <http://www.akorda.kz>
- 3 <http://www.akorda.kz>
- 4 Отчет о человеческом развитии. Казахстан. 2012 г.
- 5 Назарбаев Н. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Қазақстан Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы // <http://www.akorda.kz>
- 6 Назарбаев Н. Инновационная индустрия науки и знаний – стратегический ресурс Казахстана в XXI веке // <http://www.akorda.kz>

References

- 1 <http://www.akorda.kz>
- 2 Nazarbaev N. Innovatsia industriya nauky i znaniy- strategisheskiy resurs Kazakhstana v XXI veke.
- 4 Otshet o sheloveshekom razvityi. Kazakhstan. 2012 g.
- 5 Nazarbaev N. balashaktin irgesin birge kalaimiz! Kazakhstan Prezidenti N.Nazarbaevtin Kazakhstan halkina joldau.
- 6 Nazarbaev N. innovatsionnaya industriya nauky i znaniy – strategisheskiy resurs Kazakhstana v XXI veke.

ӘОЖ 002.2

Б.Ә. Омарова, Р.С. Әбдиева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

e-mail: gulbahor1959@mail.ru

roza_kkz@mail.ru

Арнайы басу әдістерінің технологиялық аспектілері мен мәселелері

Мақалада арнайы басу әдістері жайлы, олардың қазіргі полиграфиялық өндірістерде қолданылуы, арнайы басу әдістерінің дәстүрлі басу әдістерімен салыстырғандағы ерекшеліктері мен технологиялық үрдістік мәселелері қарастырылған. Мақаланың авторлары осы тақырыптағы нақты жарияланымдарды зерттей отырып, арнайы басудың әдіс-тәсілдері жайлы талдау жасаған.

Түйін сөздер: флексографиялық басу әдісі, трафареттік басу әдісі, тампондық басу әдісі, ризография, Орлов басу әдісі, иристік басу әдісі, фототипия, электрофотография, термографиялық басу әдісі.

B.Ä. Omarova, R.S. Äbdieva

Technological aspects and problems of special types of the press of printing branch

Summary. Article is devoted to special types of the press of printing branch. Aspects and problems of special types of the press are presented. Authors study the research direction of application of special types of the press and a problem of production technological processes.

Keywords: flexographic press, way of a stencil process, way of the tampon press, rizografiya, way of the Oryol press, iris press, fototipiya, electrophoto, termografiya.

Б.Ә. Омарова, Р.С. Әбдиева

Технологические аспекты и проблемы специальных видов печати полиграфической отрасли

В статье рассмотрены проблемы использования специальных видов печати. Авторы исследуют природу и особенности применения специальных видов печати в совокупности с производственными технологическими процессами полиграфической отрасли.

Ключевые слова: флексографская печать, способ трафаретной печати, способ тампонной печати, ризография, способ Орловской печати, ирисовая печать, фототипия, электрофотография, термография.

Полиграфия саласында басу әдістерінің көптеген түрлері қолданылатыны белгілі. Олар дәстүрлі шығыңқы, жазық және ойыңқы басу әдістері екенін сала мамандарына белгілі. Мысалы, қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүрген офсеттік басу әдісі жазық басу әдістерінің біріне жатады. Бірақ полиграфияда аталған дәстүрлі басу әдістерінен тыс көптеген арнайы басу әдістері қолданылады.

Соның бірі – заман талабына қарай кеңінен қолданысқа еніп, үлкен даму үстіндегі шығыңқы басу әдісінің бір түрі - флексографиялық басу әдісі. Нарықтық бәсекелестік флексографиялық басу әдісінің бірнеше бағытта дамуына әсер етуде. Қазіргі кезде бұл басу әдісінің полигра-

фия өндірісінде алатын орны да, маңызы да зор. Флексографиялық басу әдісі картон қораптарында, гофрленген картондарда, майысқақ полимерлік орамаларда және тіпті газет өндірісінде де қолданылады.

Флексографиялық басу әдісінің басу қалыптары (лат. flexus - майысқақ) майысқақ бедерленген материалдардан (резина, фотополимерлі) дайындалады. Мұндағы басу элементтері де дәстүрлі шығыңқы басу әдісінің қалыптарындағыдай бедерленіп шығыңқы орналасқан.

Флексографиялық басу әдісінде қолданылатын фотополимерлік басу қалыптары – металды немесе металсыз негізде болады. Қатты майысқақ немесе сұйық композициялы фотополимерлік

материалдарға жарық сәулесінің әсерін беру арқылы олардың химиялық және физикалық қасиеттерін өзгертіп, басу элементтерін қалыптастырады. Полимерленбей қалған бөліктері жуылып кетеді де, бедерлі басу қалыбы дайын болады. Мұндай фотополимерлік басу қалыптарының артықшылықтарына қалыптарды дайындау технологиясының тез және қарапайымдылығы, басу элементтерінің анық түсуі, үлкен нүктелендіру қабілеті, яғни басылымдағы мәтін-бейне материалдарының жоғары сапада басылуы, бояудың берілуі мен жағылу сапалылығы, бояу байланыстырғыштары мен ерітінділеріне төзімділігі, мәтін-бейне сапасының қанықтығы мен дәлдігі, жоғары деформациялық қабілеттері, жоғары тұрақтылық, үлкен таралымдарға төзімділіктері мен дайындау үдерістерінің зиянсыздығы жатады.

Флексографиялық басу әдісін қазіргі кезде көбіне бояуды сіңірмейтін орап-буу материалдарын, этикеткаларды, пластикалық пакеттерді, азық-түлік саласының тамақ өнімдері қораптарын, дәрі-дәрмек қораптарын, жарнамалық материалдарды және тағы да басқа көптеген өнімдерді басуда кеңінен қолданылады. Соңғы жылдары осы әдіспен басуға арнала жаңартылып, санды басқару пультімен жабдықталған техника мен технологиялар полиграфия саласында кеңінен қолданылуда.

Флексографиялық басу әдісінің осындай артықшылықтарымен қатар кемшіліктері де бар. Кемшіліктеріне жабдықтардың қымбаттылығы, жабдық аудандары қуаттылығына қарай таралымы кіші өнімдерді басу экономикалық тиімсіз болғандықтан үлкен таралымдарды басуда ғана ұтымдылығы жатады.

Арнайы басу әдісінің тағы бір түрі трафареттік басу әдісі деп аталады. Трафареттік басу әдісінде мәтін-бейне материалдарына берілетін бояу, үстіңгі беті тор материалмен қапталған басу қалыбындағы тор саңылауларының ұяшықтарынан арнайы ракуль пышағының көмегімен сығып шығарылады. Осы бояу арқылы түрлі материалдардағы немесе қағаздағы мәтін-бейне ақпараттарының бейнесі қалыптасады.

Дәстүрлі трафареттік басу әдісін кейде шелкография немесе тормен басу әдісі деп те атайды. Трафареттік басу әдісімен басылған

оттискілердегі бояу қабатының қалыңдығы басқа әдіспен басылған оттискілердегі бояу қабатына қарағанда әлдеқайда қалың болады. Сондықтан трафареттік басу әдісін қолдана отырып бояуды сіңірмейтін немесе кедір-бұдыр материалдарда, жоғары қанықтықты талап ететін немесе қалың бояу қабатынан бедерлене айшықталып, ерекше безендірілген мәтін-бейнелер мен түптеу мұқабалары басып шығарылады. Басу формасының торы (сеткасы) – әртүрлі геометриялық формадағы материалдарда – цилиндрлі, шар типтес және т.б. әртүрлі – материалдарда мәтін-бейне басуға мүмкіндік береді. Трафареттік басу әдісін қолданып, өнімнің үстіңгі бетіне тұтастай емес, ерекшелеп көрсететін тұсқа немесе тек қажетті жерге ғана лак жағып безендіру мүмкіншіліктері бар.

Бұл әдіспен картонмен түптелген мұқабалардың сырты, откриткалар, визиткалар, сыйлық орайтын қорапшалар, пакеттер, шыны банкілер, шыны флакондар, этикеткалар, фирма логотиптері мен сувенирлерді дайындайды.

Трафареттік басу әдісі негізінде мәтін-бейне ақпараттарын қалыптастыратын басу қалыптарының екі түрі бар. Олар:

- үстіңгі бетінде торы бар басу формасы, яғни, дәстүрлі трафареттік басу әдісі;
- арнайы үлбір (пленка) қалыпта ұсақ саңылауларды күйдіру арқылы, басу элементтерін қалыптастыру.

Арнайы басу әдісінің тағы бір түріне жататын ризография әдісінің басу қалыптары осы тәсілмен мәтін-бейне материалдарын басып шығарады.

Ризография – санды және трафареттік басу әдістерінің ұтымды жақтарын қолданып басатын басу әдісінің бір түрі. 20 данадан 20 000 данаға дейінгі әр түсті (толық түсті емес) өнімдерді басуда өте қарапайым және экономикалық тиімділігі жоғары басу әдісі. Өнімнің әр түсін басу үшін бөлек бояумен жабдықталған басқа барабанды қолданады. Көбіне сапасы орташа прайстарды, парақшаларды, бланктерді, қарапайым кітапшаларды басуда қолданылады. Ризографиялық машиналарда толық түсті (бір-біріне дәл түсірілетін төрт бояудан тұратын) сапалы өнімдерді басу мүмкіншілігі жоқ.

Санды басу әдісі (цифровая печать) – қазіргі кезде барынша кеңінен қолданылып және да-

мып жатқан басу әдісі. Мұнда басылатын материалдар компьютерден тікелей басу машинасына жіберіліп басу үрдісі жүре береді. Басуға дейінгі басу қалыбын жасау технологиясын қажет етпейтін, яғни, бұл жұмыстарды жасайтын жабдықтарды (көшіру рамасы, айқындағыш процессор, жуу, құрғату құрылғылары, монтаждау столы), материалдарды (үлбір, калька, формалық пластина, айқындағыш ерітінділер, түзеткіш қаламсаптар, т.б.), адам күші мен жабдықтарды қоятын үлкен жұмыс аудандарын да қажет етпейтін экономикалық жағынан ұтымды технология. Санды басу әдісінің үдерісі кезінде басылатын материалдың әр бетіне, баспа жүйесінің компьютерінен әртүрлі өзгерістер енгізіп, өзгертіп баса беруге болады.

Санды басу әдісімен таралымы тым аз өнімдер басыла береді. Себебі басу қалыбын даярлайтын қымбат операциялардың қажеті жоқ болғандықтан, аз таралымды өнімдерді басу дәстүрлі әдістермен салыстырғанда экономикалық тұрғыдан өте ұтымды келеді. Мұнда даярланатын өнімдердің бағасы таралым санына тәуелді емес. Полиграфия мен бизнес саласы дамыған елдерде талап бойынша, жедел басатын санды технология кеңінен дамыған. Санды басу әдісімен визиткалар, буклеттер, бірнеше қағазда бірден көшірмеленетін құжаттар, флаерлер, жарнамалық өнімдер және тағы да басқа әртүрлі өнімдер басыла береді.

Сатылып жатқан санды басу машиналарының алуан түрлері бар. Оларға санды басу машиналары, үлкен баспахана кәсіпорындарында орнатылатын басу жүйелері, көшірме аппараттары, принтерлер, ризографтар мен дубликаторлар және т.б. жабдықтар жатады. Бұл жабдықтарды DUPLO, EPSON, INDIGO, VUTEK, RISO, XEROX, HP сияқты фирмалар шығарады.

Санды басу әдістерінің артықшылықтарына жоғарыда айтылып кеткендей, қалып жасау өндірісінің жабдықтары, материалдары, адам күші мен үлкен жұмыс аудандарының қажетсіздігі, өзгерістер мен ақауларды бірден түзетіп жіберу ғана емес, компьютер түрлі-түстерді басу кезінде тонер порцияларының қажетті мөлшерін көрсете отырып, жоғары сапалы өнім баса алады. Санды басу технологиясының кемшіліктеріне басу үдерісі өнімділігінің төмендігі, тонерлер мен басатын материалдардың қымбаттылығы жатады.

Тампонды басу әдісі – арнайы басу әдістерінің ерекше бір түріне жатады. Тампонды басу әдісінің арнайы тығыз және майысқақ материалдан (силикон т.б.) жасалған басу қалыбы, осындай ерекшеліктерінің арқасында, геометриялық формалары әртүрлі, үстіңгі беттері кедір-бұдыр, дөңгеленген, пішімдері де әртүрлі – қаламсап, қарындаш, значок, кесе, ыдыс, мата, кепка, майка және тағы да басқа көптеген өнімдерге мәтін немесе бейнесуреттер басып шығарады. Тампонды басу әдістерінің жабдықтары бір, екі және көп бояулы болып шығарылады.

Иристік басу әдісі. Арнайы басу әдістерінің бір түріне иристік басу әдісі жатады. Иристік басу әдісінде – бояу қағазға немесе басылатын материалға ерекше тәсілдермен – басу машинасындағы бір бояу жәшігінен әр түсті басу бояуы бірден қағазға немесе басылатын материалға беріледі. Оның осылай берілуі нәтижесінде әртүрлі бояу түстерінің бір түстен екінші түске ауысуы, кемпірқосақ түстері сияқты көркемдікпен біртіндеп өзгеріп отырады. Иристік басу әдісін жоғары сапалы арнайы өнімдерді, плакаттар мен афишаларды, жарнамалық буклеттерді басуда және жалған бағалы қағаздар мен банкноттарды басудан қорғау мақсатында қолданылады.

Орлов басу әдісі. Ол - аса құнды өнімдерді, ақшаны және осы сияқты қағаздарды, басу үшін арнайы қорғау қабілеттерін қамтамасыз ететін басу әдісі. Оны 1891 жылы онертапқыш И.И. Орлов ойлап тапқан. Орлов басу әдісінде – тұтас түпнұсқа суреті, әртүрлі әдісті қолданып басатын күрделі құрылымды басу қалыбынан дайындалады. Әртүрлі бояулы сурет шаблондарынан бейне бояуы ортақ білікке беріледі де, күрделі құрылымды басу қалыбында жиналған тұтас түпнұсқа суреті бір табактық айналымда басылып шығады. Бұл көп бояулы күрделі бейнелердің ақаусыз, дәл түсуін қамтамасыз етеді. Бұл әдісте бояулардың бір түстен екінші түске ауысу сапасы өте жоғары келеді.

Бүрікпе басу әдісі. Бүрікпе басу әдісі басу қалыбын қажет етпейді. Бұл әдісте мәтін-бейне ақпараттары бірден басылатын материалда қалыптасады. Басылатын материал ретінде қағаз, картон немесе пластмасса болуы мүмкін. Бұл арнайы басу әдісінде бүрікпелеп шашатын принтерлердің бояу беру аппаратының өте кіші

диаметрлі саңылаулардан шашырап берілетін арнайы бояулардан мәтін-бейне ақпараттары қалыптасады. Бояудың шашырау жылдамдығы өте жоғары - секундына миллион тамшыға дейін жетеді. Соңғы жылдары компьютерлік жүйелер мен сандық полиграфиялық әдістердің жаппай дамуымен байланысты бүрікпелеп шашу әдісі кеңінен қолданылуда. Бұл әдіс жұмсақ орама материалдарында, мақта-мата материалдарында, шыныда, қағазда басуда қолданылады және көптеген жаңа қолданыс салаларын игеруде.

Термографиялық басу әдісі. Полиграфия өндірісінде термографиялық басу әдісі түрлі өнімдерді өндеуде - жарнамалық өнімдерді, открыткаларды, шақыру қағаздары мен визиткаларды басуда қолданылады. Мұнда арнайы бояу ұнтақтарына жылу әсерінің берілуі арқылы өнімнің үстіңгі бетінде кедір-бұдырлы бейне пайда болып ерекше түр береді.

Фототипиялық басу әдісі. Фототипиялық басу әдісі – растрсыз тіке жазық басу әдісінің бір түріне жатады. Мұнда арнайы спирт ерітіндісінің әсерінен басу қалыптарының желатинді басу және ашық жер элементері әртүрлі болып қалыптасады. Үлкейтіп қарағанда басу қалыбының үстіңгі беті апельсин қабығы сияқты бедерленіп тұрады. Бұл әдіспен басылған бейне фотосуреттердегідей болып қалыптасады. Шыны негіздегі материалда басылған мәтін-бейнелер өте жұқа штрихтермен бейнеленіп аса сапалы шығады. Фототипия – өте жұқа сызықшалардан тұратын, қарындашпен салынған суреттерді, ақ-қара және түрлі-түсті суреттерді, акварель суреттеріне тән, әртүрлі түстердің бір-біріне берілуі мен ауысуын өте сапалы шығаратын, әрі қымбатқа түсетін арнайы басу әдісіне жатады.

Электрофотографиялық басу әдісі. Полиграфия өндірісінде қолданылатын арна-

йы басу әдістерінің тағы бір түріне электрофотографиялық басу әдісі жатады. Электрофотографиялық басу әдісінде басу формасындағы түрлі-түсті бояулы мәтін-бейнелі суреттері оптикалық диапазон сәулесі әсерінен электрлік қасиеттері өзгеріп отыратын арнайы тасығыш ұнтақтардан қалыптасады. Арнайы тасығыштар ретінде жарық сәулесі әсерінен өзінің электрлік қабілетін өзгертетін селенді пластиналар, цилиндрлер, фотоөткізгіш қағаздар мен пленкалар қолданылады.

Электрофотографиялық басу әдісіне ксерография жатады. Ксерокс, Осе, Канон, Кодак сияқты фирмалардың барлық көшірме аппараттарында электрофотографиялық басу әдісі қолданылады.

Электрофотографиялық басу әдісінің қалыбы өте жылдам даярланады. Мұндағы басу қалыбы реверсивті қозғалыста болатындықтан, әр оттискіні басып шығарған сайын өзгерістер енгізуге болады. Осы артықшылықтарды есепке ала отырып бірнеше дана құжаттарды жедел шығару қажет болғанда

электрофотографиялық басу әдісі қолданылады. Бұл әдіспен басылған құжаттың сапасы дәстүрлі шығыңқы немесе офсеттік басу әдісімен салыстырғанда төмендеу болғанымен, ең ұтымды жағы жеделділігі болып табылады.

Полиграфия саласындағы білім бәсекесіне бейім шәкірт тәрбиелеу – біздің мақсатымыз. Сондықтан да баспа саласындағы жаңа жаңалықтардан қалмай жаңалық жаршысы болуымыз керек. Бұл мақсаттарға жету үшін баспагердің ізденісі, жаңа тәжірибе, жаңа технологиялар қолдану қажеттілігі туындайды. Алдағы уақытта арнайы басу әдістерінің дамуы мен нарықтағы орны полиграфияны нығайтуға, үздіксіз жетілдіру және дамуға жетелейді.

Әдебиеттер

- 1 Петров К.Е. Справочник по полиграфии. – М.: «КРОУ», 2008.
- 2 Стефанов С.И. Полиграфия для рекламистов и не только. – М.: Гелла-принт, 2012.
- 3 Волкова В.Г. Технология обработки текстовой информации. – М.: МГАП, 2003.
- 4 Полянский Н.Н. Технология полиграфического производства. – М.: Книга, 2001.

References

- 1 Petrov K.e. Printing Guide. – М.: «CROW», 2008.
- 2 Stefanov S.i. Printing for advertisers and not only. – М.: Hella-print, 2012.
- 3 Volkov, V.g. text information processing technology. – М.: TRIE, 2003.
- 4 N.n. Polyanskyu printing production Technology. – М.: book, 2001.

УДК 070

Е.Н. Омарханова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

E-mail: enlik.ormahanova@mail.ru

Развлечение как неотъемлемая часть массовой культуры

Развлекательный блок телепрограмм в настоящее время стабильно занимает одно из первых мест в сетке вещания и является самым объёмным в процентном отношении. При этом до сих пор нет полноценной работы, посвящённой развлекательной составляющей современного казахстанского телевидения. Данная статья является попыткой не только дать определение понятию «развлекательная передача», но и отчасти описать само явление телевизионного развлечения.

Ключевые слова: развлечение, массовая культура, казахстанское телевидение, зрительский интерес.

E. N. Ormakhanova

Entertainment as integral part of mass culture

The entertainment block leads steadily in TV programming and ranks first by time. Yet there is a dearth of studies on this constituent of Kazakhstan television. The paper endeavors to define the ‘entertainment programs’ concept and to outline the phenomenon of television entertainment itself.

Key words: entertainment, mass culture, Kazakhstan television, viewers’ interest.

Е.Н. Омарханова

Көпшілікке ортақ мәдениеттің ажырамас бөлігі – ойын-сауық

Мақалада қазіргі таңда ойын-сауық бағдарламалардың телевизия саласында кең таралуы және оның себептері жан-жақты қарастырылады. Автор ойын-сауық бағдарламаларының мәні мен маңызына тоқталып, қалыптасып дамуына сипаттама береді.

Түйін сөздер: ойын-сауық, көпшілікке ортақ мәдениет, қазақ телевизиясы, көрермендердің қызығушылығы.

Introduction

Развлечение – одна из самых сложных и загадочных сфер человеческой деятельности, суть которой заключается в отношении непосредственно самого человека к опосредованному универсальному, то есть включающему в себя весь мир, человеческому существованию. Люди постоянно стремятся обернуть в развлечение, как в обложку, все стороны их жизни, и, независимо от того, в какой эпохе и в какой стране это происходит, они тем самым доказывают, что развлечение – одно из важнейших качеств человеческого бытия и культуры. И если говорить о развлечении применительно к культуре, то вполне уместным будет замечание о том, что первое старше второго: ведь культура подразумевает

под собой существование общества, а развлекаться человек начал задолго до его создания. Поэтому неважно, просты или сложны те или иные развлечения, важно, что они заложены в человеческой природе изначально.

Однако, несмотря на это, отношение к развлечению всегда было неоднозначным. Одни учёные, такие как Е. Варганова, П. Лафарг, Н.Я. Данилевский, С.Г. Струмилин, Б.Г. Ананьев склонны относиться к нему как к неотъемлемой части культуры, необходимой для удовлетворения важнейших человеческих потребностей [1]. Другие, такие, как, например, В. Беньямин в работе «Произведение искусства в эпоху его технической воспроизводимости» считают развлечение отрицательным явлением, некой

негативной разновидностью социального поведения, причём развлечение ассоциируется у них с современным искусством, куда, входят и кино с телевидением. Некоторые социологи, подобно Ж. Дюмазедье, рассматривают развлечение только лишь через призму досуга, некоторые – как нечто более глобальное, как своеобразный пласт культуры, обладающий уникальными, присущими только лишь ему свойствами и функциями [2]. Одни акцентируют внимание на экономической основе развлечения, полагая, что развлечение – это, прежде всего то, что помогает людям восстанавливать их силы после тяжелого рабочего дня.

Main body

Причин, объединяющих развлечение и массовую культуру, как минимум три. Первая связана с тем, что основополагающими признаками массовой культуры, как, и развлечения, являются увлекательность, динамичность, занимательность. Массовая культура, так же, как и развлечение, часто поощряет низкое, иррациональное, апеллируя не столько к разуму, сколько к инстинктам, а в арсенале её не последнее место занимают эскапизм и релаксация – неотъемлемые атрибуты развлечения. Если человеку захочется отдохнуть или быстро, без особых материальных или психологических затрат, получить позитивные эмоции, в подавляющем большинстве случаев он обратится именно к массовой культуре. Когда же человеку захочется забыться, отделиться от всех проблем, получить долгожданную разрядку, уйти на время в иллюзорные миры – рядом по-прежнему окажется массовая культура, услужливо предлагая свой развлекательный эскапизм. Вторая причина (техническая) заключается в том, что главным транслятором нового вида культуры стало телевидение, наиболее зрелищное средство массовой коммуникации – так же, как и развлечение, тяготеющее к эффективности и драматизму. Ну, и, наконец, третьей причиной можно назвать то обстоятельство, что идеологическую основу отдельных произведений массовой культуры легче всего прикрыть именно слоем развлекательности [3]. И чем плотнее этот слой, тем легче воздействие на аудиторию. Как отмечает Р.И. Галушко, массовая культура играет роль своеобразного проводника в реальности, превращаясь в главное средство социализации. «Она формирует, программирует, регулирует, и контролирует социальное по-

ведение людей, определяет их образ жизни» [4]. Под развлечением таятся идеи, которые через смех, любопытство или азарт направляют нас по определённому пути, воспитывая определённый тип людей, способных определённым образом действовать в определённых ситуациях. Ни для кого не секрет, что в настоящее время через массовую культуру происходит активное внедрение в сознание аудитории антигуманных ценностей, заставляющих людей смотреть на реальность (и на человеческие отношения внутри этой реальности) в искажённом виде. Всё характерно как раз для современного искусства, которое в погоне за рейтингом чаще всего пытается дать людям не то, что им по-настоящему необходимо, а только то, что эти люди хотят в данный момент. Показательна полемика между А.С. Кончаловским и К.Э. Разлоговым, когда Кончаловский говорит: «Чувства человека за последние 10 тысяч лет не изменились. И эстетический идеал у нормального человека остается прежним - он плачет, смеется или пугается. Ужас, сострадание и смех - больше ничего нет», на что тут же получает язвительный и потрясающе точный ответ Разлогова: «Идеальная формулировка массовой культуры!» [5].

Из-за расплывчатости и многогранности термина «развлекательное телевидение» ему трудно дать определение. Поскольку развлекательное телевидение часто противопоставляют общественно-политическому, мы бы могли начать с того, что развлечение – это та часть программной сетки, в которой исключается всё идеологизированное, всё так или иначе относящееся к актуальной политике или идеологии. Однако подобная точка зрения была бы радикальной, потому что телевидение в любом случае не способно существовать вне социума.

Развлечение несёт в себе идеологию – образа жизни, моделей проведения досуга, восприятия реальности и т.д. Поэтому, развлечение включает в себя политику. Развлечение – это, прежде всего, эмоции, это отношения между людьми, это эмоциональная оценка действительности. Причём, в отличие от аналитики, эта оценка не направлена на реализацию каких-то политических аспектов, развлекательное телевидение – это телевидение, как правило, отказывающееся от решения социально-политических, экономических, идеологических и прочих задач через анализ причин их возникновения и путей раз-

вития. Сейчас многие люди под развлечением понимают «легкое» и интересное времяпрепровождение, с целью увеселения, не всегда содержательное, иногда бесцельное, но почти всегда приносящее удовольствие и наслаждение, а по-сему развлекательное телевидение принято считать приятным, но пустым довеском к остальному телевидению. При этом мало кто принимает во внимание, что каждый из развлекательных проектов несёт в себе важнейшую смысловую составляющую. Ток-шоу и юмористические передачи при кажущейся легкомысленности учат моделям приемлемого и неприемлемого социального поведения, тому, что одобряется обществом и тому, что обществом осуждается. Викторины и телеигры воспитывают лидерские качества, прагматизм, учат соревновательности. Реалити-шоу учат строить отношения в социуме и максимально трезво оценивать окружающую действительность. Естественно, речь в данном случае идёт о теоретической стороне дела, имеется в виду то, какими должны быть передачи, а не о том подобии, которое мы имеем на казахстанском телевидении. О. Ермолаева, директор «Медиакомитета»: «У нас это, как-то не связано ни с каким содержательным моментом, хотя развлечение, это в том числе и получение эстетического удовольствия и наслаждения от произведения искусства» [6]. Слова Ермолаевой имеют право на существование потому, что сегодня под развлекательным телевидением понимают, как правило, а) то, что «смешно», б) то, что в подавляющем большинстве случаев рассчитано на зрителя с невысоким культурным уровнем, в) то, что скандально, эксплуатирует тёмные стороны человеческого сознания, апеллирует к инстинктам, г) то, что не несёт в себе особой смысловой нагрузки.

Главной особенностью развлекательных передач является ориентация их на выполнение узкого круга специфических функций, в связи с чем, мы выделяем развлекательные программы в отдельную группу. Передачу можно назвать развлекательной, если она удовлетворяет следующие зрительские потребности:

- получение удовольствия, позитивных эмоций;
- снятие напряжения (рекреация и релаксация), редукция тревоги;
- уход от реальности (эскапизм);

- азарт;
- эмоциональное осмысление комического (юмор).

Каждая из телевизионных передач индивидуальна по набору функций, отличающих её от других, выделяющих её на фоне остальных групп программ. Каждая передача выполняет поставленную перед ней определенную задачу. Например, сегодня вряд ли кто-то всерьёз задумывается о том, насколько важным элементом социального регулирования и, тем более, социальной интеграции могут стать развлекательные передачи. А ведь каждая из них в умелых руках способна сделать больше, чем иная научно-популярная программа. Любое ток-шоу, как мы выяснили выше – это, прежде всего, воспитание и психологическая помощь. Реалити-шоу – обучающая программа, позволяющая безошибочно выбирать модель поведения. То же самое можно сказать и о викторинах. С одной стороны это развлекательные передачи, воспитывающие в зрителях меркантильность и эгоизм. С другой стороны, это передачи познавательные и обучающие. Развлекательные передачи могут приобретать характер яда, употребление которого в больших дозах, может привести к необратимым последствиям. Конечно, воспитание с помощью развлекательных программ – это громкие слова. Развлекательные программы должны оттенять воспитание, служить фоном, лакмусовой бумажкой, позволяющей точнее определить грани реальности и место в нём индивида. Тем не менее, телевизионное развлечение способно стать обучением.

Поэтому массовое распространение искусства всегда вызывает споры, а распространение развлечения как составной его части – тем более. Профанация развлечения сводит на «нет» и культурно-просветительскую, и интегративную, и образовательную функции телевидения. Но при всём своём негативе, развлечение выполняет важные функции – психологическую и социальную, а рекреация, и, прежде всего, рекреация интеллектуальная, – необходимый компонент жизни любого человека. И, тем не менее, позиция исследователей относительно роли развлекательных программ в самообразовании зрителя остаётся неизменной. В 1978 г. В.М. Вильчек в «Искусстве и аудитории» написал: «Не беда, если человек идёт на пустую комедию или сентиментальную сказку про Золушку с бензоко-

лонки...из побуждений чисто рекреационных (мы ведь не требуем откровений о бытии от фигурного катания или футбола). Но беда, если инфантильные переживания становятся сокровенным содержанием духовной жизни взрослого человека, беда, если развлекательным зрелищем исчерпываются интересы человека в искусстве, а драматизированная реклама принимается за жизненный идеал» [7]. Пройдёт почти пятнадцать лет, и в 2001 г. С. Муратов продолжит эту мысль для новой телевизионной эпохи в книге «ТВ – эволюция нетерпимости»: «Массовые коммуникации должны обслуживать массовые вкусы аудитории. Заполняя эфир передачами на уровне комиксов, мы лишь усугубляем инфантилизм аудитории» [8].

Conclusions

Проанализировав всё вышесказанное, становится понятно, насколько сложным и неоднозначным представляется нам определение термина «развлекательная программа». Начнём с самого начала: развлечение – это то, что не заставляет человека нервничать, переживать, бояться, волноваться. В таком случае к развлечению нельзя отнести ни викторины, ни ток-шоу, ни реалити – во всех передачах подобного рода волнение, искренние переживания играют одну из первостепенных ролей. Определяющим признаком телевизионного развлечения можно

считать юмор. Но реалити – это не всегда юмор, как не всегда в развлекательных ток-шоу есть юмор. Викторину и реалити-шоу объединяет азарт. Таким образом, передачу нельзя назвать развлекательной, исходя из одного из вышесказанных признаков. При изучении человека информационного общества психологами был отмечен «феномен пассивного удовольствия». То есть современный зритель, включая телевизор, на уровне подсознания автоматически настраивается на получение удовольствия. При этом только лишь рекреацией развлечение не ограничивается: если бы всё было так просто, человеку было бы достаточно любоваться, например, японскими каменными садами. Или просто смотреть на цветы. Но человеку этого мало. Ему требуется развлечение в комплексе, куда войдут и рекреация, и наслаждение, и азарт, и веселье, и отчасти поиски смысла. Нельзя свести развлечение только лишь к биологической функции, удовлетворяющей какие-то человеческие потребности.

Учитывая все признаки в комплексе, можно прийти к выводу, что развлекательные телепрограммы – это те программы, которые без специальной подготовки позволяют любому зрителю снять напряжение, получить удовольствие, позволяют ему отдохнуть, осмыслить происходящее вокруг него.

Литература:

- 1 Вартанова Е. Л. СМИ России как индустрия развлечения /<http://www.mediascope.ru/taxonomy/term/250>
- 2 http://www.philol.msu.ru/~forlit/Pages/Biblioteka_Benjamin.htm
- 3 Акинфиев С. Н. Развлекательное телевидение: определение, классификация, жанры: автореферат дис. Кандидата филол. наук / С. Н. Акинфиев // Вестник московского университета. Серия 10. Журналистика. №6 – М.: Изд-во МГУ, 2008. – с. 17.
- 4 Западное телевидение и «Массовая культура» /Р.И. Галушко.- Москва: Изд-во МГУ, 1991.-238 с.
- 6 Процесс глобализации и проникновение западных СМИ на информационный рынок России.<http://www.mediascope.ru/node/675#7#7>.
- 7 <http://media-start.info/stati>
- 8 Вильчек В. М. «Искусство и аудитория», М 1978//Искусство №10
- 9 Муратов С. А ТВ – эволюция нетерпимости: (История и конфликты этических представлений). М., 2000. – 241 С.

References:

- 1 Vartanova E. L. SMI Rosii kak industriya razvlechenii /<http://www.mediascope.ru/taxonomy/term/250>.
- 2 http://www.philol.msu.ru/~forlit/Pages/Biblioteka_Benjamin.htm
- 3 Akinfiyev S. N. Razvlekatelnoye televidenie: opredelenie, klassifikatsiya, janry: avtoreferat dis. Kandidata filol. nauk/ S. N. Akinfiyev// Vestnik Moskovskogo Universiteta. Seria 10. Jurnalistica. №6 – М.: Изд-во МГУ, 2008. – с. 17.
- 4 Zapadnoye televidenie i «Massovaya kultura»/R.I. Galushko.-Moskva: Izd-vo MGU, 1991.-238 S.
- 6 Process globalizatsii i proniknovenie zapadnyh SMI na informatsionnyy rynek Rossii.– <http://www.mediascope.ru/node/675#7#7>.
- 7 <http://media-start.info/stati>
- 8 Vilchek V. M. «Iskusstvo i auditoriya», M 1978//Iskusstvo №10
- 9 Muratov S.A TV- evolucia neterpimosti: (Istoriya i konflikty eticheskikh predstavlenii). M. B.i., 2000. – 241 S.

ӘОЖ 070

Мөлдір Кенжебаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Тұңғыш Кеңестік қазақ баспасөзі – «Қазақ тілі»

Автор мақаласында ұлт баспасөзі тарихында «Қазақ», «Айқап» және «Сарыарқа» іспетті іргелі басылымдардың соңын ала, 1919-1928 жылдары он жыл қатарынан үзбей шығып тұрған «Қазақ тілі» газетінің тағдырлы тарихы, жүріп өткен жолы, қоғаммен бірге көтеріскен ауыр жүгі туралы сөз етеді. Семей губкомы мен губаткомның органы бола тұрып, «баспасөз бетіндегі өзінің үгіт жұмысында, ұйымдастырушылық ісінде еңбекші-бұқара жастарын өз төңірегіне топтастырып жұмыс істеген. Көпке сезім беріп тәрбиелеп, көпті көпшілік жолымен, әлеуметшілдікке апаратын жұмысшы мен қара бұқараның тілі, Коммунист партиясы мен кеңес үкіметінің баспасы» болған.

Moldir Kenjebayeva

The first Soviet Kazakh periodically print-»Kazakh language»

The author writes about the newspaper, which is in the national press published stories like after the big fundamental publication of newspapers as «Kazak», «Aikhap» and «Saryarka» without interruption ten years, from 1919-1928-ies «Kazakh tili» its fate of history, a long road of hard work for the sake of society. Becoming even body Semipalatinsk Provincial and Executive Committee of the province, «Kazakh tili» on your page, in its propaganda work, administrative case, whenever and wherever he worked with migrant people, young people. Society has given education with all heart, was the publication of the Communist Party and the Soviet Union, was the language of the worker and the common people.

Молдир КЕНЖЕБАЕВА

«Қазақ тілі» - первая казахская газета советского периода

В статье автор пишет о газете «Қазақ тілі», ее судьбоносной истории, значении в развитии национальной прессы Казахстана. Отмечается, что газета «Қазақ тілі» всегда освещала проблемы трудящегося народа, молодежи. Исследуется влияние газеты на просвещение и духовное воспитание народа.

Ключевые слова: газета «Қазақ тілі», национальная пресса, пресса Казахстана.

М. Дулатов 1916 жылғы «Июнь жарлығының» 10 жылдығына арналған «Он алтының ойраны» деген мақаласында: «Ол кезде қазақта жалғыз-ақ «Қазақ» газеті бар еді. Ол заманның жуан ортасында болмаған, ащы-тұщысын татпаған бүгінгі бақытты жастар ол «Қазақ» газетін енді оқыса, «Бишара қалай жасқаншақ, қалай қорқақ, былай жазса болмас па еді, олай жазса болмас па еді?» дер еді. Ол кездегі газеттердің бет-аузын алапес қылып шығаратын цензураны бүгінгі жастар көрген жоқ қой. Өз ойыңды, өз бойыңды өзің ұрлап, «осылай жазсам, жұрт бірдеңе қып түсінер-ау» деп ишаралап, жасқанып, жалтақтап отыруды бүгінгі жастар көрген емес» [1],-деп жазған еді. Иә, бүгінгі тәуелсіздік таңында ғұмыр кешіп отырған біздер, бүгінгі ұрпақ ол

сұрқай заманның сұрқия әрекеттерін көргеніміз жоқ. Тек тағдырлы тарихымыздың сарғайған парақтарын ақтара отырып, көп «ақтаңдақтың» ақиқатына дендеп отырмыз. Қазақ баспасөзінің тарихы тым тереңде жатыр. Тарихи басылымдар таразыланғанда, көбіне-көп жоғарыда айтылған «Қазақ», сосын «Айқап», «Сарыарқа», т.б. іспетті іргелі басылымдар сөз етіледі де, осылардың ізін суытпай, 1919-1928 жылдар аралығында он жыл қатарынан шығып тұрған тұңғыш кеңестік қазақ басылымы «Қазақ тілі» хақында өте сирек ауызға алынады. Мұның өзіндік себеп-салдары жетерлік. «Қазақ тілі» – Қазақстанда Совет өкіметін орнатудың отты жылдарында қазақ тілінде шыққан тұңғыш газеттердің бірі. Ол республикамыздың шығыс өңірінде, нақтырақ Семейде Совет өкіметін

нығайту жолындағы күресте партия ұйымының жауынгер құралына айналды. Большевиктік баспасөздің партиялылығы, принциптілігі және жауынгерлігі жөніндегі лениндік өсиеттерді ту етіп, еңбекші бұқарамен тығыз байланыста болды [2]. М.Әуезов Кеңес қызметтерінде жүріп те, халық үшін пайдалы қызмет атқаруға болады деп есептеген. Заманының заңғар жазушысы секілді қазақтың маңдайына біткен көптеген мүйізі қарағайдай ақын-жазушылары, оқығандары, ғалымдары Семей облысполкомының газеті «Қазақ тілінде» жүріп те, халқы үшін кеудесімен құм кешкен. «Қазақ тілі» газеті Тұрар Рысқұлов айтқандай, «жұмысшы табының, еңбекші бұқараның мұңшысы болды» [3]. «Қазақ тілі» газетінің бұл бағыты уақыт ағымына қарай халқының әлеуметтік жағдайына сай дұрыс бағдар берді. «Қазақ тілі» заманның бұл ерекшелігін дұрыс түсінгендіктен, баспасөз бетіндегі өзінің үгіт жұмысында, ұйымдастырушылық ісінде еңбекші-бұқара жастарын өз төңірегіне топтастырып жұмыс істеген. Көпке сезім беріп тәрбиелеп, көпті көпшілдік жолымен, әлеуметшілдікке апаратын жұмысшы мен қара бұқараның тілі, Коммунист партиясы мен кеңес үкіметінің баспасы» [4] болды.

1917 жылғы қазан айында Петроградта Ленин бастаған төңкерістік күштер жеңіске жетіп, Уақытша үкімет құлатылып, мемлекет билігінің Кеңестердің қолына көшкені туралы хабар бүкіл Ресейді ғана емес, дүние жүзін дүр сілкіндірген оқиға болды. Бұл оқиға Ресейдің орталық аудандары мен шет аймақтарында Кеңес өкіметін құру, нығайтумен ұштасты. Ол көп жерлерде орталық аудандардың ықпалымен қантөгіссіз іске асты.

Кеңес үкіметінің билік басына келуі арқылы Ресей империясындағы 1905-1907 жылдардағы және 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейінгі мерзімдегі орыс революциялары нәтижесіндегі саяси өзгерістерден бастау алған ұлттық теңдік пен азаттық үндеу, ұлттық сана, болмысқа тыйым салынып, демократия, теңдік іліміне тоқ-тау жасалды. Кеңес үкіметінің Қазақстандағы атқарған алғашқы уақыттағы қызметінің бірі – коммунистік ілімді насихаттау болды. Осы қызметті атқаруда баспасөз орындарына ерекше көңіл бөлінді. Осындай мақсатпен Кеңес өкіметі қазақ тіліндегі «Қазақ», «Сарыарқа»,

«Абай», «Алаш», «Жас азамат», «Бірлік туы» сияқты газеттерді ұлтшыл, байшыл, алашордашыл болды деген қорытынды жасап, жұмысы тоқтатылды.

Кеңес өкіметі ұлт тілінде шығып тұрған газет-журналдарды жабумен бірге барлық баспахана жабдықтарын толықтай қазақ өлкесін басқару бойынша әскери-революциялық комитетке өткізу жөнінде [5] нұсқау шығарды. Ендігі уақытта жергілікті баспасөз Кеңес өкіметі үшін еңбекшілерді күреске аттандыру жөнінде үгіт пен насихат және ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуге тиіс болды.

Міне, осындай мақсатпен губерниялық революциялық комитетінің органы ретінде Семей қаласында «Қазақ тілі» газеті жарық көреді [6, 151 б.]. «Қазақ тілі» газетінің шығуына қатысты деректер көптеп саналады. Мұрағат мәліметі «Қазақ тілі» газетінің 1919 жылдың 4 желтоқсанынан шыға бастағанын айқындап береді [7]. Семей қаласында шығып келген кеңестік алғашқы басылым жөнінде Т. Қожекеев былай деп жазады: «1919 жылы 1 желтоқсан күні большевиктер бастаған жұмысшылар мен гарнизон әскерлері ақ гвардияшыларды талқандап, өкіметті Әскери-революциялық комитеттің қолына берді. Қала Колчак бандыларынан тазартылысымен, яғни 4 желтоқсанның Семей губкомы мен губаткомның органы – «Қазақ тілі» газеті жарыққа келді» [8, 76 б.]. Ал басылымның алғашқы санын шығаруға қатысқан баспагер Мұқсын Қордабаев «Бірінші номерді қалай шығардық» атты мақаласында: «Сонымен 1919 жылы 1 декабрьде Семейде Совет өкіметі қайта орнады. Семей баспаханалары мемлекет меншігіне алынды да, губернияда советтік қазақша газет шығару ұйғарылды. Ол газетке «Қазақ тілі» деген ат қойылды» десе [9], келесі «Бірінші номер осылай шықты» деген естелік қолжазбасында: «Семейде 1919 жылдың ноябрь айына дейін Алашорда қайраткерлерінің ықпалымен «Сарыарқа» газеті шығып тұрғаны белгілі. Ал сол жылдың 1 декабріне қараған түнде қала қызылдар қолына көшіп, Совет өкіметі қайта орнады. Сөйтіп, басқа да ұсақ кәсіпорындарымен бірге баспахана да мемлекет меншігіне алынып, губернияда «Қазақ тілі» деген атпен большевиктік бағыттағы қазақша газет шығару туралы шешім алынды» дейді [10].

Семейде кеңес өкіметі орнағаннан кейін

«Жәрдем» баспаханасы да Семей губерниялық революциялық комитетінің қарауына алынды. «Қазақ тілі» газетінің алғашқы сандары «Жәрдем» баспаханасында басылған. Негізінен «Жәрдем» («Алашорда») баспаханасын ұйымдастырушылар Садық, Сұлтан, Ахметжан Ниғматуллиндер болды [11]. «Жәрдем» баспаханасын 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін Семей облыстық қазақ комитеті ағайынды татар көпестері Ниғматулиндерден сатып алады. Литографиялық әдіспен жұмыс істейтін бұл баспахананы 1910 жылы Томск қаласынан әкелген болатын [12, 67 б.]. «Қазақ тілі» газеті кейіннен Семей облыстық баспаханасынан басылып шығады.

Ғалым К.Шамкин «Журналистермен қол ұстаса отырып» мақаласында: «1917-1919 жылдары Семейде ұсақ-ұсақ төрт баспахана болған. Оның бірі осы күнгі «Большевичка» фирмасының мәдениет үйімен іргелес, нан комбинатының цехымен жалғас үйде болған. Бұл Семейдің атақты алпауыты Плещеевтің баспаханасы екен. Екіншісі осы күнгі облыстық әскери комиссариат тұрған үйде болыпты. Үшіншісі қазіргі Мұқтар Әуезов көшесіндегі бір үйдегі Печенкин деген байдың баспаханасы екен. Төртіншісі – жоғарыдағы «Ярдам» деген қазақ баспаханасы.

1922 жылдың февраль айының аяқ кезінде жоғарыдағы баспаханалардың барлығы біріктіріліп, осы күнгі (Бауыржан Момышұлы, 16) үйге көшірілген» деген мәліметтер береді [13].

«Қазақ тілі» газеті шыға бастағаннан бергі 1919 жылдың желтоқсанынан 1922 жылға дейін Семей (Алаш) қаласындағы «Алашорда» («Жәрдем») баспаханасынан, ал 1922 жылдың ақпан айының аяғынан бастап 1928 жылдың 17 наурызына дейін Семей облыстық баспаханасы (қазіргі «Семей полиграфиясы» акционерлік қоғамынан) шығарылды.

«Қазақ тілі» газетінің қанша реттен шығып келгеніне қатысты деректер көптеп саналады. Солардың бірінде, «Қазақ тілі» газеті алғаш рет аптасына бір рет, кейінірек үш реттен шығып келгендігі айтылады [8, 76 б.]. Семей қаласы мұрағаты мәліметі бойынша, «Қазақ тілі» газеті аптасына екі реттен де шығарылған екен [14].

Алғаш шыққан жылдары газеттің көлемі 2 бет [15], кейінірек төрт бет [16], одан кейінгі жылдары алты, сегіз беттен шығып тұрды [17].

«Қазақ тілі» газетінің қандай жағдайда шыққанын 1923 жылғы 13 қарашадағы санында басылған «Бесінші мыңнан ассын» деген мақаладан аңғаруға болады. Онда: «Қазақ тілі» газеті – қазақ ортақшыларының (коммунистерінің) басы құрала алмай жүрген уақытта шықты. Ол уақытта Кеңес өкіметінің жол жобасын, құрылысын білетін кісі тұрғын халықтың арасында тіпті жоқ дерлік еді. «Қазақ тілі» сондай аласапыран уақытта тәуекелге бел байлап, қазақ еңбекшілеріне қызмет етті» делінген [18, 79 б.]. Бұдан Кеңес үкіметі орнағаннан кейін шыққан газет маңына топтасқан қазақ зиялылары Семейде алаш қайраткерлері негізін қалаған ұлттық басылымдар жабылса да, ізбасары ретінде баспа ісін жалғастырғанын көреміз.

«Қазақ тілі» газетінің сыртқы мұқабасына тоқталсақ, бірінші бетінің нақ ортасына «Қырғыз газеті», оның етегіне басылым атауы мен «Қырғыз сөзі» деп орыс тілінде жазылған. Осы беттің оң жақ шекесіне «Қазақ тілі» деген сөз араб жазбасымен жазылған. Бұл кешегі орыстардың «Қырғыздар» деген қате атауына ішкі қарсылықты білдіріп тұрғандай. Басылымның «Қазақ тілі» атануында үлкен мән бар. Газеттің неге «Қазақ тілі» атанғанын: «Жұрттың жұрт болып тұруы үшін халықтың не керегі, зары-мұңы, не кемшілігі бар, қайтсе халық үшін жайлы, қайтсе жайсыз болады, басқа елдерде не жай бар, соның бәрін ұғып тұру үшін газет бірінші құрал. Ол құралды әркім өз пайдасына жұмсайды. Газетке бір ғана кісі жазбайды, түрлі жерден көп кісі жазған соң тұрмыстың халық үшін пайдалы һәм үлкен мәселелері шешіледі. Соның үшін газетті оқу, тыңдау, сөз жазу, халық үшін санап бітіргісіз пайда келтіреді... Ұзын сөздің қысқасы, газет кедейдің, еңбекшілердің құралы болды. Еңбекшіл жастар! Өз құралдарыңмен өздерің пайдаланбай жатпаңдар, жататын заман емес, оянындар», [19]- деп басылымның бастырушылар алқасының атынан түсінік беруінен байқауға болады.

Тарихшы Мұсатай Ақынжанов «Семей таңы»-«Қазақ тілі» тұңғыш советтік қазақ баспасөзі» атты естелік қолжазбасында: «Мұқсын Семей қаласында Совет өкіметі орнаған күні түнде, Ертістің арғы бетінде жиналып, теріліп қойған «Сары-Арқа» газетінің

қалыбын ағытып қапқа салып, түнде жаяу қайықпен Судан өтіп келіп, сол түні М.Әуезов, М.Тұрғанбаев т.б. ақылдасып, газеттің атын «Қазақ тілі» деп өзгертуді ұсынған жастың бірі» [20] деген мәліметтер береді. Бұл «Сарыарқа» және «Қазақ тілі» газеттері арасындағы сабақтастықты көрсетеді. Мұқсын Қордабаев «Сарыарқа» газетін басып шығарған және «Қазақ тілі» газетінің алғашқы сандарын терген жастың бірі болса, Мұхтар Әуезов «Сарыарқа» газетінің белді авторы және «Қазақ тілі» газетінің редакторы болған. Арыстарымыздың бұл қадамы Семейдегі қазақ тіліндегі «Сарыарқа» газеті жабылса да, оның ізін басқан Кеңестік Қазақстандағы алғашқы ұлттық басылым «Қазақ тілінің» жарық көргендігін танытады.

«Қазақ тілі» газеті жалпақ жұрттың мұң-мұқтажын жеткізу, мақсат-мүддесіне қызмет етуден дүниеге келген. Демек, басылымның атауы мен мазмұны өзара сабақтасып, бір-бірімен біте қайнасып жатты.

«Қазақ тілінің» мерейтойына арналған «Бес жылдыққа бес тілек» деген мақалада «...Міне, алдымыздағы төртінші декабрде «Қазақ тілі» беске толады. «Қазақ тілінен» үлкен қазақша газет жоқ. Басқарма бесжылдық мүшелін атқаруға дайындалып жатыр. Мүшелді күнге лайықты тілекпен, қолайлы ұрандармен кірісіп, нәтижелі іс шығармақ ойдамыз.

Бесжылдық мүшелді күннің ұлы тілегі газеттің маңызын көтеріп, жергілікті халыққа ұғымдылық жағынан жақындастырып, ел пайдасына шығаратын шын қарулық дәрежесіне жеткізу бірінші міндет.

...Бес жыл толып алтыға аяқ басқан сағаттың әзіргі ұраны «Қазақ тілінің саны бес мыңға жетсін деген тілек заман ағымына, дәуірдің жайына лайықты. Бұл біздің жоғары тілектен қалыспай отыратын үшінші міндетіміз.

...Партияның міндетін, әлеумет борышын, мемлекет жұмысын орындауға тырысу барлық партия мүшелерінің мемлекет азаматтарының, әлеумет іскерлігінің жайындағы ірі міндеті.

Орындауға тырысу жалпының борышы, көптің ісіне көп көмектесер деген сенім зор»[21],- деп бұқара халықтың мұң-мұқтажын жеткізуші және талап-тілегін қанағаттандыру басты мақсат-міндеттері екенін нақ көрсетеді.

«Қазақ тілі» газетінде қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани

мәселелерді қамтыған мақалалар көптеп жарияланып тұрды. Тақырып ауқымын көріп отырғанымыздай, басылым бетіндегі жарияланымдар негізінен төрт бағанға орналасқан. Қоғамдық-саяси мәселелер бас мақалаларда қамтылса, әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, мәдени өмір мен жарнама-хабарлар кейінгі бағандарда орналасқан.

Мұрағат қорынан алынған құжатта «Қазақ тілі» газетінің мазмұнын кеңейтіп, маңызын көтеруде әр түрлі қосындылар, ХПС съездерінің қаулыларын дамыту РКП(б), бірыңғай ауыл шаруашылығы салығы, баспасөзді күшейту, мал шаруашылығын дамытудың әдістері, жер мәселесі, кооперация, ескі әдет-ғұрыптармен күрес, халық ағарту ісі, денсаулық және тазалық мәселесі алдыңғы кезекке қойылған. Газет бетінде осы тақырыптар бойынша материалдардың жарияланып тұруын қадағалау ісі Ш.Тоқжігітов, М.Тұрғанбаев, Ә.Досов, Ғ.Ысмағұлов, А.Елшібеков сынды ұлт зиялыларына жүктеліпті [22].

Мұрағат қорынан алынған құжатта «Семей губерниялық атқару комитетінің органы ретінде, «Қазақ тілі» газеті аптасына екі рет, көлемі төрт-алты бет болып, 1350 дана таралыммен шықты» [23] делінген. Қазақ баспасөзі тарихын зерттеуші ғалым Т.Қожакеев өз еңбегінде: «Алғаш газет жетісіне бір, кейінірек 3 реттен, 2,5 мың дана таралыммен тарап тұрды» [24, 77-78],-деген мәлімет береді. Бұл тұста полиграфиялық мүмкіндік те шектеулі, тарихи жағдай да ауыр еді. Газет қызметкерлері алғаш кезіккен қиындықтар туралы басылымның бірінші санын шығаруға қатысқан Мұқсын Қордабаев: «Толып жатқан нүкте құйыршықтарының көбі мүжіліп қалған араб әріптерімен жұмыс істеу қиыншылықтарды екі есе көбейткендей. Газеттің бастапқы екі беті басылып, машинадан шыққаннан кейін, соңғы екі бетке жетпей қалған тапшы әріптерді суырып алып, сол соңғы екі бетке тізбектеуге тура келетін. «Қазақ тілі» деген газет атын арабша ірі әріп болмағандықтан, қолы шебер бір етікшіге ағаштан ойғызып алып, басып жүрдік» [25], - деп жазды.

Қалың сары қағазға басылған газеттің тігінділерін парақтай отырып, «Қазаннан көп әріп алдырып, баспаханасын күшейтті. Өзі қаражат жағынан уайымсыз халге таман келді. Сол халге келуіне үлкен көмек берген, шын

ниетімен көмек көрсеткен Семей губерниялық атқару комитетінің төрағасы Досұлына, Қазақстан азық-түлік комиссары Ивановқа, басқарма мүшесі Әлиханұлына үлкен алғыс айтамыз» [26] деген жолдарды оқимыз.

«Қазақ тілі» газетінің ұстанған бағыт-бағдарын, көтерген тақырыбынонда жарияланған мақалалардан айқын көреміз. «Қазақ тілі» газеті материалдарын мазмұн жағынан төмендегідей топтастырып, бөлуге болады. Олар: қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық мақалалар, әдеби шығармалар, қазақ арасындағы оқу-ағарту ісі, ана тілінің негізгі орны, тіл мәселесі, қазақ әйелдерінің жайы, бостандық, теңдік мәселесі, дәрігерлік, агротехникалық кеңестер, ғылым табыстары, ішкі-сыртқы хабарлар, тілші хаттары, жауап хаттар. Дегенмен газет материалдарын саралай отырып, басылымда негізінен Кеңес үкіметінің нығаюы, партияның саясаты, нақандық іс-шаралардың басты назарда болғанын айтпай кетуге болмайды. Сондықтан Кеңестік дәуірдегі газеттің жарық көрген әрбір саны облыстық партия комитетіне, республика, Орталық комитетінің үгіт-насихат бөлімімен бірге мұрағаттарға, үлкен кітапханаларға дейін міндетті түрде жіберіліп отырған. Басылымның оқылып, сарапталып, шолу жасалынған әр саны соларда сақталатын. Сонымен қоса Кеңес өкіметінің бұл басылымға баса назар аударып, қатаң бақылауда ұстауының өзіндік себептері де болды. Өйткені, «Қазақ тілі» газетін шығарушылар М.Тұрғанбаев, Ш.Тоқжігітов, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Садуақасов, Н.Нұрмақов және тағы басқа қазақ зиялылары болды. Олардың газетте пайымдаулары мен

тұжырымдары және құнды мақалалары жарық көрді. Орталық комитеттің баспасөз бөліміне басылым жайында ай сайын есеп беріліп, газетке қатысты барлық мәліметтерді қамтитын сауалнама толтырылып және түрлі ақпараттар берілетін болған. Солардың бірінде Орталық комитеттің баспасөз бөліміне «Қазақ тілі» газетінің тұрақты жіберіліп тұруы көрсетіліпті. Мәселен, 1922 жылы газеттің 25 данасы жіберілсе, енді осы жылдың 1 қарашасынан бастап 8 данасын жіберуді нұсқайды [27]. Орталық комитеттің хатшысы И.Сталин жолдастың өзі қол қойған құжатта Семей губерниялық атқару комитетіне 1922 жылдың 12 желтоқсанынан бастап Семейде шығатын кітаптар, мерзімді басылымдардың бес данасын жіберу жөнінде айтылған [28]. Кеңестік дәуірде жарық көрген газеттің әрбір саны облыстық партия комитетіне, республика, Орталық комитетінің үгіт-насихат бөлімімен бірге мұрағаттарға, үлкен кітапханаларға дейін міндетті түрде жіберілген екен. Онда мерзімді басылымдардың мазмұны оқылып және ондағы материалдар сарапталатын болған.

«Қазақ тілі» газеті Кеңес органының басылымы болғанымен де, қарапайым еңбекші бұқараның, езілген таптың мұңын мұндап, шама-шарқынша жоғын жоқтап, ым-ишарамен болса да, өз тілектестігін, ниеттестігін білдірген баспасөздің бірі. Бұл сөзімізге газетте жарияланған әр алуан тақырыптағы тың материалдар айғақ. Алдағы жылы аталған басылымның шыққанына 95 жыл толады екен. Әлде де зерттеуді, зерделеуді көптеп қажет ететін газеттің ұлт баспасөзі тарихына қосар үлесі орасан.

Әдебиеттер

- 1 Дулатов М. Он алтының ойраны. – Еңбекші қазақ, 1926 ж. -8-маусым.
- 2 «Семей таңы», 1989 ж. -1-желтоқсан, №229 (16129), -3-4 б.б.
- 3 Молдажанов І. Баспасөз жұмысы. – Қазақ тілі, 1924 ж. -27-мамыр.
- 4 ШҚО ЖТҚО. 1-қор, 1-тізбе, 764-іс, 21-п.
- 5 ҚРОМА.14-қор, 1-тізбе, 20-іс, 31-п.
- 6 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 жылдар). – Алматы: 1964 ж. -151 б.
- 7 ҚРПМ. 139-қор, 1-тізбе, 1103-іс, 34 п.
- 8 Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991 ж. - 76 б.
- 9 Қордабаев М. Бірінші номерді қалай шығардық.– Семей таңы, -1969 ж, - желтоқсан.
- 10 Қордабаев М. Бірінші номер осылай шықты. Естелік қолжазба. 2 п.
- 11 Қазбалинов Т. «Ярдамның жәрдемі» қала тарихында ұмытылмайтын із қалдырды. – Семей таңы, 2003 ж. - 4-сәуір.
- 12 Сыдықов Е.Алаш қаласының тарихы. Зерттеу. ш – Семей: 2010 ж.- 67 б.
- 13 Шамкин Н. Журналистермен қол ұстаса отырып. – Ертіс: 1964 ж. -25-қараша.
- 14 ШҚО ЖҚО. 1155-қор, 1-тізбе, 18 а-іс, 22 п.
- 15 Қазақ тілі, 1921 ж. №117, -26-қаңтар, №161,-31-желтоқсан.

- 16 Қазақ тілі, 1923 ж. №1, -4-қаңтар, № 92, -29-желтоқсан, 1924 ж. №1, -1-қаңтар, №127,- 25-желтоқсан.
 17 Қазақ тілі, 1925ж. №2, -7-қаңтар, №122, -29-желтоқсан, 1928 ж. №1, -7- қаңтар, №11, -17-наурыз.
 18 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очерктері (1866-1958 жж). – Алматы: «Мектеп», 1981 ж. - 79 б.
 19 Октябрь төңкерісі хәм газет. – Қазақ тілі, 1921ж. -7-қараша, №149.
 20 Ақынжанов М. «Семей таңы» - «Қазақ тілі» тұңғыш советтік қазақ баспасөзі. Естелік қолжазба, 1-11п.
 21 Бес жылдыққа бес тілек. – Қазақ тілі. -1924 ж. -15-қараша, №120.
 22 ШҚО ҚЗТҚО. 1-қор, 1-тізбе, 424-іс, 130 п.
 23 ШҚО ЖТҚО 1-қор, 1-тізбе, 424-іс, 70-п.
 24 Қожакеев Т. Жыл құстары. – Алматы: Қазақстан, 1991 ж. -237 б.
 25 Қордабаев М. Бірінші номер осылай шықты. (Естелік). – Семей таңы, 1989 ж. -4-желтоқсан.
 26 Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очерктері. (1866- 1958). —Алматы: «Мектеп», 1981 ж.-239 б.
 27 ШҚО ҚЗТҚО. 1-қор, 1-тізбе, 424-іс, 70 п.
 28 ШҚО ҚЗТҚО. 1-қор, 1-тізбе, 424-іс, 80 п.

References

- 1 Dulatov M. On altinin oirani. – Enbekshy Kazakh, 1926 j. -8-mausim.
 2 Semey tany, 1989 j. -1-jeltokhsan, №229 (16129), -3-4 b.b.
 3 Moldajanov Y. Baspasoz jumisi. – Kazakh tili, 1924 j. -27-mamir.
 4 SHKHO JTKHO. 1-khor, 1-tizbe, 764-ys, 21-p.
 5 KHROMA. 14-khor, 1-tizbe, 20-ys, 31-p.
 6 Bekhojin H. Kazakh baspasozinin damu joldari (1860-1930 jildar). – Almaty: 1964 j. -151 b.
 7 KHRPM. 139-khor, 1-tizbe, 1103-ys, 34-p.
 8 Kojakeev T. Jil kustary. – Almaty: Kazakstan, 1991 j. - 76 b.
 9 Kordabayev M. Birinshy nomerdi khalay shygardik.– Semey tany, -1969 j, - jeltokhsan.
 10 Kordabayev M. Birinshy nomer osylai shykti. Estelik koljazba. 2 p.
 11 Kazbalinov T. «Yardamnyn jardemi» kala tarihinda umitilmaitin iz kaldirdi. – Semey tany, 2003 j. - 4-sauir.
 12 Sydykov E. Alash kalasynin tarihi. Zertteu. sh – Semey: 2010 j.- 67 b.
 13 Shamkyn N. Jurnalistermen kol ustasa otirip. – Ertys: 1964 j. -25-kharasha.
 14 SHKHO JKHO. 1155-khor, 1-tizbe, 18 a-ys, 22 p.
 15 Kazakh tili, 1921 j. №117, -26-khantar, №161,-31-jeltokhsan.
 16 Kazakh tili, 1923 j. №1, -4-khantar, № 92, -29-jeltokhsan, 1924 j. №1, -1-khantar, №127,- 25- jeltokhsan.
 17 Kazakh tili, 1925 j. №2, -7- khantar, №122, -29- jeltokhsan, 1928 j. №1, -7- khantar, №11, -17-nauriz.
 18 Bekhojin H. Kazakh baspasozii tarihinin ocherktery (1866-1958 jj). – Almaty: «Mektep», 1981 j.- 79 b.
 19 Oktyabr tonkerisi ham gazet. – Kazakh tili, 1921j. -7-kharasha, №149.
 20 Akinjanov M. «Semey tany» - «Kazakh tili» tungish sovettik Kazakh baspasozii. Estelik koljazba, 1-11p.
 21 Bes jildikka bes tilek. – Kazakh tili. -1924 j. -15-kharasha, №120.
 22 SHKHO. KHZTKHO. 1-khor, 1-tizbe, 424-ys, 130 p.
 23 SHKHO JTKHO 1-khor, 1-tizbe, 424-ys, 70-p.
 24 Kojakeev T. Jil kustary. – Almaty: Kazakstan, 1991 j. - 237 b.
 25 Kordabayev M. Birinshy nomer osylai shykti. (Estelik).– Semey tany, 1989 j. -4- jeltokhsan.
 26 Bekhojin H. Kazakh baspasozii tarihinin ocherktery (1866-1958 jj). – Almaty: «Mektep», 1981 j.- 239 b.
 27 SHKHO. KHZTKHO. 1-khor, 1-tizbe, 424-ys, 70 p.
 28 SHKHO KHZTKHO. 1-khor, 1-tizbe, 424-ys, 80 p.

ӘОЖ 070

С. Қумабекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

Отандық цивилизацияның дамуына масс-медианың әсері мен ықпалы

Мақалада Отандық өркениеттің дамуына масс-медианың әсері мен ықпалы туралы айтылған. Жалпы өркениет ұғымына анықтама беріле отырып, өркениеттің бүгінгі өмірмен сабақтастығы жеткізілген. Отандық өркениеттің ілгерілуінде масс-медианың қандай рөл атқаратындығы, әрі оның негізгі алғышарттары көрсетілген. Қазақстанның тәуелсіздік алған алғашқы жылдары мен қазіргі уақыттағы бұқаралық ақпарат құралдарының айырмашылығы, олардың өркениетті дамыту жолындағы ықпалы сарапталған.

Түйін сөздер: масс-медиа, өркениет.

S. Kumabekova

The influence of mass media development of national civilization

The article discusses the role of mass media in the development of civilizations and domestic premises. Also, given the different formulations and definitions, features the word - civilization. Sranitelno analyzes the current civilization to 1991. Full article answers the questions - who, when and how to form the domestic civilization?

Key words: mass media, civilization

С. Кумабекова

Влияние масс-медии на развитие отечественной цивилизации

В статье говорится о роли масс-медиа в развитии отечественной цивилизации. Даются различные формулировки понятия «цивилизация». Автор исследует вопросы и проблемы формирования отечественной цивилизации.

Ключевые слова: масс-медиа, цивилизация.

XXI ғасырдағы ақпараттық-коммуникативтік технологиялар бүгінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын, мәдениетінің өсуін қамтамасыз ете бастады. Бұл жағдай постиндустриалды мемлекеттердің бет-бейнесін айқын қалыптастыруда. Ал, бұқаралық ақпарат құралдарының күн санап дамып, заманауи көшке ілесе бастағаны қарапайым тұрғындардың да өмір салтына әсер ете бастағаны сөзсіз. Бүгінде әлем бойынша электронды БАҚ тың дамуына зор күш салынып келеді. Бұл жағдай Қазақстанда да бар. Қазіргі таңда еліміздегі әрбір мемлекеттік мекеменің ресми сайты, ақпарат тарату легі, баспасөз қызметі, атқарылған жұмыстарының есебі электронды үкіметте көрініс табады. Яғни, жаңа ғасырда Қазақстан жаңа қадамдар жасауда. Осы орайда отандық цивилизацияның дамуына БАҚ әсері мен ықпалының өте зор екенін ес-керген жөн. Себебі, жаңадан пайда болып, қолданысқа еніп жатқан ақпараттық-

коммуникативтік технологиялар қоғамға өзіндік өзгерістер әкелуде: кабельді-спутниктік телеарналардың таралымының ауқымы кеңейде, ұялы ғаламтор дамуда, интерактивті теледидардың элементтері жайлап ене бастады және электронды бұқаралық ақпарат құралдарына нақты ақпарат көзі ретіндегі сенімнің қалыптасуы және күн санап артуы.

Үкімет отырысында жүргізілген түрлі талқылаулар мен жаңа жобалар да төртінші билік өкілдеріне қатысты маңызды әрі жауапты жобалар қабылдап, оларды іске асыруды жоспарлауда. Мәселен, жақында ғана «Ақпараттық Қазақстан 2020» жобасының қабылдануы – Қазақстанның ақпараттық қоғамда әлемнің кез келген мемлекетімен терезесі тең болуына жасалған алғашқы қадамның бірі. Бұл жоба аясында отандық телеарналарға әлем бойынша спутник арқылы таралуға жол ашылады. Ал, 2015жылы Қазақстанның толықтай

сандық теледидарға көшірілуі жоспарланған. Ал, Көлік және коммуникация вице-министрі Сәкен Сәрсенов аталған жоба ойдағыдай іске асып жатқанын мәлімдеуде. Ресми мәліметтерге сүйенсек, елімізде күніне 30 мың адам электронды үкіметтің қызметін үзіліссіз қолданады екен. Ал, осы уақытқа дейін портал арқылы 13 миллионнан аса адам анықтама алып үлгерген. «Ақпараттық Қазақстан 2020» жобасы аясында мемлекеттік қызмет түрлерін бизнес өкілдері мен азаматтарға мобильдік құрылғылар арқылы пайдалануға мүмкіндік беру де қарастырымақ.

Өркениет ұзақ мерзімдегі эволюциялық тарихи дамудың нәтижесінде бір немесе бірнеше ірі этностардың қалыптасқан этнодемографиялық, әлеуметтік-мәдени бірегейлігін қалыптастырады. Белгілі бір кеңістікте пайда болған материалды, рухани мәдениеті бар адам бір тұтас макрожүйе, мәдениет тип. Адамзат тарихының өзі әртүрлі мәдениеттердің арасындағы өзара қарым-қатынас үрдісі. Ол материалдық және рухани аймақты, қоғамдық тәртіпті, жеке тұлғалардың санасы мен мінез-құлқын, топ адамдармен жалпы барлық тұтас қоғамды қамтиды. Мәдениеттердің ара қатынасы тек менталдық шеңберді ғана емес, сонымен қатар, адамзат жүйесінің қосындысын да біріктіреді. Тарих заңдылығы мәдениеттердің өзара әсері, тарих өлшемінде тігінен және көлденеңнен, яғни кеңістік пен уақыттың араласуы десе де болады. Сол немесе басқа мәдениет жүйесіндегі көп нәрсе қарым-қатынастық дәрежеге байланысты, дұрыс мағынада тағдырды анықтайды. Тарих тәжірибесіне сенер болсақ, өлшемнен тыс «тұйықтық» кеңістіктегі шеңберлік қозғалысқа алып келсе, «ашықтық» болса өзіндік тұрмысты қиратты, қорытындысында өркениеттің кең қанат жайуына, не жоғалып кетуіне әкеліп соғады. Өркениеттің қарым-қатынастық дәрежесі оның мәнін, динамикасын басқа да ерекшеліктерін күмәнсіз анықтайды. Бірақ, бұл құрылым әр уақытта, әр түрлі тарих кеңістігінде әр қилы анықталынады. Бір ұлт әртүрлі кезеңде біресе ашық, біресе тұйық күйде бола алады. Ашылудың әртүрлі дәрежелері әртүрлі аймақтарда сипатталады. Мысалы, Батыс Еуропада антикалық кезеңнен бастап жоғары қарым-қатынастық деңгейі анықталады. Қарым-қатынастық дәрежесі екі факторға байланысты.

Мәдениеттің өзара әсері, тәжірибе алмасу мен қабылдау мүмкіндігі, яғни, байланыс немесе тәжірибедегі мәдениеттердің қарым-қатынасын қамтамасыз ететін сабақтастық пен алшақтық арасындағы әлеуметтік күш.

